

С.А. Августхан

**Қазақстан Республикасындағы
пробация институты**

Оқу құралы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдарының академиясы

С.А. Августхан

Қазақстан Республикасындағы пробация институты

Оқу құралы

Қосшы, 2025

ӘОЖ 343.8 (574)
КБЖ 67.409 (5Қаз)
А17

Рецензенттер:

Ещанов Алмаз Шүкірұлы – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының Жалпы заң пәндері кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор

Акимжанов Талғат Құрманұлы – «Тұран» университеті Құқық ғылыми зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор

С.А. Августхан

Қазақстан Республикасындағы пробация институты: оқу құралы /

С.А. Августхан. – Қосшы: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2025 – 119 б.

ISBN 978-601-82292-1-3

Ұсынылып отырған оқу құралы белгілі бір санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі ретіндегі Қазақстан Республикасындағы пробация институтына арналған.

Оқу құралында Қазақстан Республикасындағы пробация институтының мазмұны, қалыптасу тарихы, негізгі бағыттары, халықаралық тәжірибедегі пробация нысандары, пробация институтының халықаралық құқықтық актілерде көрініс табуы қарастырылады.

Оқу құралы студенттерге, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын білім алушыларға, алғашқы кәсіптік даярлаудан, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлаудан өтетін адамдарға, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасындағы пробация институтының сұрақтары бойынша қызығушылық танытқан барлық кең оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 343.8 (574)
КБЖ 67.409 (5Қаз)

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының Ғылыми Кеңесінің шешімімен
(2025 жылғы «9-10» маусым №12 хаттама) жариялауға ұсынылған*



© Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдарының академиясы
Қосшы, 2025
© С.А. Августхан

Мазмұны:

Кіріспе.....	4
1 тарау. Пробация институтының мазмұны, тарихы, халықаралық- құқықтық аспектілері.....	6
1.1 Пробация институтының мазмұны, пайда болу тарихы.....	6
1.2 Пробация институтының халықаралық құқықтық актілерде көрініс табуы.....	15
2 тарау. Пробация институтының әлемдік тәжірибесі.....	22
2.1 Халықаралық тәжірибедегі пробация нысандары.....	22
2.2 Пробация институтының шет елдік тәжірибелері.....	24
3 тарау. Қазақстанда Республикасындағы пробация қызметінің негізгі бағыттары.....	30
3.1. Сотқа дейінгі пробация.....	31
3.2 Үкімдік пробация.....	40
3.3. Пробация қызметінің түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындауы.....	46
3.4 Пробация қызметінің қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталғандарға қатысты жазаны орындауы.....	57
3.5 Пенитенциарлық пробация.....	62
3.6 Пенитенциарлықтан кейінгі пробация.....	73
Сотқа дейінгі пробация тақырыбы бойынша кейстік тапсырмалар.....	80
Үкімдік пробация тақырыбы бойынша кейстік тапсырмалар.....	84
Пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі пробация тақырыбы бойынша кейстік тапсырмалар.....	88
Қорытынды.....	95
1 Қосымша.....	97
2 Қосымша.....	98
3 Қосымша	99
4 Қосымша	101
5 Қосымша.....	102

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары, оның ар-намысы мен қадір-қасиеті қоғам мен мемлекеттің ең жоғары мәндік өлшемдері ретінде конституциялық тұрғыда бекітілген. Бұл конституциялық қағида Қазақстанның әлемдік өркениетті мемлекеттер қатарына иық тіресіп, нық тұруындағы бағытын айқындайды.

Еліміз тәуелсіз мемлекет құру жолы тарихында құқықтық бағытында да көптеген өзгерістер болды. Адам құқығы мен бостандықтары, оларды қорғау мәселеріне ерекше мән берілді.

Қылмыстық, қылмыстық-процестік қарым-қатынас аясындағы жәбірленуші, айыпталушы, немесе сотталушы болсын, олардың құқықтары мен заңды мүдделері заң аясында қорғалады.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін елімізде қылмыстық заңнамаларды қабылдау екі кезеңге келді. 1997 жылы қабылданған қылмыстық заңнамалар қоғамның алға жылжып дамуымен кейбір сұрақтарға жауап бере алмай, жетілдіруді қажет етті. Атап, айтатын болсақ қылмыстық-атқару заңнамаларында сотталғандардың құқықтық жағдайларына мән берілді.

Ізгілендіру қағидасы аясында қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілік қол сұғу дәрежесіне байланысты, адамдардың белгілі бір санатына бас бостанығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаға балама түріндегі жазаларды қолдану қажеттігі туындады. Бұл әлемдік тәжірибе.

Аталған мәселеде, елімізде заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасаған адамдардың қоғамда өз орнын қайта табуы мен мінез-құлқының түзелуіне, сондай-ақ әлеуметтік ортаға бейімделуінде пробация қызметінің маңызы ерекше.

Кез келген азаматтық қоғамда қылмыстық процеске қатысушылардың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың құқықтарын қорғау – мемлекеттің басты міндеті.

Қазақстан заңнамасы қоғамға қауіпті әрекеттерді қасақана немесе абайсызда жасаған адамдарға қатысты жаза тағайындауда олардың жеке басын, жасалған қылмыстың ауырлығы мен сипатын, бұрынғы және кейінгі мінез-құлқын, келтірілген зиянның өтелуін және отбасылық жағдайын, іс-әрекеттен келтірілген барлық зиян түрлерінің қалпына келтірілуіне мән беріп, ол адамдардың мінез-құлқыларының түзелуінде шаралар қолданып, жазаның бас бостандығынан айырумен байланысты емес түрлерін, құқықтық ықпал ету шаралары түрлерінің, тәрбиелік бағыттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану аясын кеңейтті.

Осылайша елімізде сотталғандардың түзеліп, қоғамға қайта оралып, түзелуінде үлкен роль атқаратын және көптеген тәжірибелі мамандармен отандық және шетелдік ғалымдардың қызу пікірт-таласы деңгейінде жүргізілген ауқымды шаралардан кейін пробация қызметі пайда болды.

Ұсынылып отырған оқу құралында еліміздегі пробация қызметінің пайда болуы, негізгі бағыттары, құқықтық қайнар көздері, шетел тәжірибелері өзекті сұрақтары қамтылған.

Мемлекеттік тілде дайындалған «Қазақстан Республикасындағы пробация институты» атты оқу құралы студенттерге, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын білім алушыларға, алғашқы кәсіптік даярлаудан, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлаудан өтетін адамдарға, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне теориялық және практикалық білімдері мен біліктіліктерін шыңдауда септігін тигізеді деген ойдамын.

1 тарау. Пробация институтының мазмұны, тарихы, халықаралық-құқықтық аспектілері

1.1 Пробация институтының мазмұны, пайда болу тарихы

«Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің негізгі сипаттамаларын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік қағидаларға сәйкес айқындайды. Конституциялық доктринаға сәйкес, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде танылады»¹.

Осы жерде аталған құқықтық мемлекет ол жерде өмір сүріп жатқан кез келген адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін танитын, қорғайтын мемлекет. Қылмыстық құқықтық, қылмыстық процестік, қылмыстық атқару құқығы салаларындағы қоғамдық қатынасқа түсетін кез келген субъектінің құқығы.

«Елімізде, қолданыста жүрген Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің үшінші тарауы сотталғандардың құқықтық жағдайына, яғни олардың құқықтары мен міндеттеріне арналған»².

Сотталғандардың құқықтық жағдайы еліміз үшін өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған тұлғаға қоғамнан оқшаулаумен байланысты, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындау, қылмыстық заңнамаларда айқындалған жаза мақсатына жетуде маңызы зор.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы ыдырағаннан кейін біртұтас қылмыстық және түзеу еңбек заңнамасы бар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері барлық мемлекеттердің қылмыстық-атқару жүйесіне тән ортақ мәселелер Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің өздерінің қылмыстық заңнамасын құрудың үлгісі болатын жаңа қылмыстық кодексті құруды қажет етті.

Қылмыстық заңнамада қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза түрлерін қолдану қажеттілігі, яғни қылмыстық жауапкершілікті ізгілендіру мәселелерінің өзектілігін арттырды. Қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығының басты ережелерінің бірі ретінде ізгілік қағидасы қарастырылады.

«Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарттық қағидалары (Токио қағидалары) Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсанда

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

кабылданған 45/110 резолюциясында бас бостандығынан айыруға баламалы шараларды қолдану мәселелері қарастырылған»³.

Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыста жүрген Қылмыстық-атқару кодексінің күшіне енуіне дейін, яғни 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес, пробация институты тек сот үкімінің бір түрі ретінде ғана танылып, шартты түрде сотталған тұлғаларға пробациялық бақылау жүргізу арқылы іске асырылды.

Еліміздің қылмыстық атқару жүйесіне реформа қажеттігі туындады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 673 Қаулысымен бекітілген 2007-2009 жылдарға арналған қылмыстық-атқару жүйесін дамыту бағдарламасында бас бостандығынан айырылғандарды әлеуметтік ортаға қайтару мәселесі көтерілгенімен, сол уақытта қылмыстық-атқару инспекцияларымен бірлесіп жұмыс істейтін, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындаумен қатар әлеуметтік оңалту, сондай-ақ сотқа дейінгі кезеңде құқық бұзушыларды әлеуметтік тұрғыдан зерттеу функцияларын жүзеге асыратын пробация қызметінің жоқтығы атап өтілді. «Қоғамнан оқшауламай жазаларды атқаратын пробация қызметі және сотталғандарға постпенитенциарлық бақылау жасауды қолдану шете елдер Америка, Батыс Еуропа және Жапония елдерінде көптен бері және тиімді қолданылатындығы айтылды. Репрессияны үнемдеу бюджет қаражатын едәуір үнемдеуге әкеледі, өйткені сотталғанды пробациялық бақылау арқылы ұстау шамамен түрме мекемелеріндегі ұстаудан 10 есе арзанға түсетіндігі айтылды»⁴.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру туралы іс-шаралар жоспарының 27 және 28 тармақтарында пробация туралы нақты айтылды. (1 Қосымша)

Бағдарламаны жүзеге асыру туралы іс-шаралар жоспары кестесінен қылмыстық-атқару инспекцияларының штат санын арттыру, құзыретін кеңейту, сонымен қатар пробация қызметін құру туралы ұсыныстар енгізу туралы көрсетілген. Сонымен қатар, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау туралы нұсқаулық дайындау туралы бекітілгенін көруге болады, және пробация қызметінің алғашқы қадамдарының бірі деп атауға болады.

³ Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/110 қарары. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

⁴ Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 673 Қаулысы. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарында сотталғандардың құқықтары деген бөлімде төмендегі мәселелер айтылған.

«Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында 2005 жылдан бастап еліміздің барлық аймақтарында қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің бастамасымен қоғамдық бақылау комиссиялары құрылып, жұмыс істеді. Сондай-ақ, сотталғандардың білім алу құқығының қамтамасыз етілуі, олармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы, қайта әлеуметтендірудегі және қоғамға толыққанды мүше ретінде қайта оралуындағы психологиялық қызметтің маңыздылығы атап өтіліп, барлық мекемелерде психолог қызметі енгізілгені айтылды. Дегенмен, бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың денсаулық сақтау құқықтарының жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі де көтерілді. Пенитенциарлық мекемелерде тиісті медициналық мамандардың кеңесін алу және сотталғандарды заманауи тексеруден өткізу мүмкіндіктері шектеулі болып қала берді. Медициналық көмекпен қамтамасыз ету мәселесінде дәрігерлердің жетіспеушілігі мен жалақы мәселелері де сөз болды»⁵.

Сонымен қатар, сотталғандардың Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамаларында, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғаудағы халықаралық нормативтік құқықтық актілермен, құжаттармен кепілдік берілген құқықтарын қамтамасыз ету аясында уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп 2009-2012 жылдардағы аралығында келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылған:

1. Қылмыстық-атқару жүйесінде жоғары білікті мамандардың болуын қамтамасыз ету қажет.

2. Соттардың бас бостандығынан айыруға баламалы жаза түрлерін тағайындауын кеңейту үшін ұйымдастырушылық-құқықтық жағдайлар жасалуы тиіс. Бас бостандығынан айыруға балама жазаларды кеңінен қолдану, түзеу мекемелеріндегілерді жұмыспен толық қамту және қамаудан босатылғандардың әлеуметтік ортаға табысты бейімделуіне ықпал ететін пробация қызметін құру, сондай-ақ қылмыстық-атқару мекемелерінің негізгі қорлары мен өндірістік базаларын жаңарту маңызды.

3. Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарды қауіпсіз әрі тиісті жағдайларда ұстау міндетті болып табылады. Қамаудағы тұлғаларға қатысты халықаралық ең төменгі стандарттарға сай келетін пенитенциарлық мекемелердің құрылысын одан әрі жалғастыру қажет.

4. Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен және «Еңбек» РМК-мен бірлесіп, жазасын өтеп жатқан сотталғандар үшін жұмыс орындарын көбейту бойынша қажетті шараларды қабылдауы керек. Бұл

⁵ 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/kz/7029-29444.pdf> (жүгінген күні: 29.04.2025ж.)

олардың талаптарды уақытында өтеуіне және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу құқығын жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

5. Сотталғандар мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері бойынша хабардарлығын және құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарлама әзірленуі қажет.

6. Сотталғандардың түзелуін бағалау үшін: түзелу жолына түскен, түзелу бағытында еңбектену, түзелгенін дәлелдеген деген өлшемдер жасалуы керек.

7. Сотталғандарға білікті заң көмегін көрсету тәртібі заңнамалық түрде бекітілуі тиіс.

8. Түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары азаматтық қоғам институттарының бақылауы үшін барынша ашық болуы қажет. Құқық қорғау органдарының, түзеу мекемелері әкімшіліктерінің, тергеу изоляторларының қызметі жұртшылыққа белгілі болуы шарт. Бұл ұйымдардың жабықтығы азаптау мен күш қолдануға қолайлы жағдай туғызады. 2012 жылы «Мәжбүрлеп ұстау орындарындағы адам құқықтарының сақталуын қоғамдық бақылау туралы» жеке заң қабылданып, онда тәуелсіз қоғамдық, медициналық және басқа да бақылау рәсімдері, түзеу мекемелері әкімшіліктерінің, тергеу изоляторларының, психоневрологиялық диспансерлердің үкіметтік емес ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарының өзара іс-қимыл түрлері мен әдістері реттелуі керек.

9. «Мәжбүрлеп ұстау орындарындағы адам құқықтарының сақталуын қоғамдық бақылау туралы» жеке заң қабылданғанға дейін қоғамдық қадағалау комиссияларына адам құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізу үшін заңнамалық түрде түзеу мекемелеріне, тергеу изоляторларына және уақытша ұстау изоляторларына кенеттен кіру құқығы берілуі тиіс.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Әділет министрлігі Қоғамдық қадағалау комиссиялары мүшелерінің түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларына еркін кіріп-шығуы бойынша шаралар қабылдауы қажет.

11. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп шыққан адамдарды бейімдеу орталықтары құрылуы керек, себебі Қазақстанның қылмыстық-атқару мекемелеріндегі қазіргі жағдайлар адам денсаулығына белгілі бір зиян келтіреді, бұл көбінесе олардың қоғамның қалыпты өміріне ұзақ уақыт бойы қосылуына кедергі жасайды.

12. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі алдағы уақытта Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде ұстаудағы кәмелетке толмағандардың мүліктік және әлеуметтік құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдауы тиіс»⁶.

⁶ 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/kz/7029-29444.pdf> (жүгінген күні: 29.04.2025ж.)

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында» қылмыстық әділет жүйесіне азаматтардың араласуын төмендету және қылмыстық қудалау шараларын оңтайландыру мақсатында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын барынша кеңінен қолданудың қажеттілігі көрсетілген. Аталған тұжырымдамада заңнама мен сот тәжірибесінде қылмыстық-құқықтық ықпал етудің түрі мен шараларын таңдаудың негізгі өлшемі ретінде оның нақты бір тұлғаға қатысты ықтимал тиімділігі туралы мәліметтерді ескеруге негізделген қорытындылар әзірлеу керектігі баса айтылған»⁷.

«Жоғарыда баяндалған құқықтық саясат тұжырымдамасын практикалық тұрғыда жүзеге асырудың бір көрінісі ретінде Қазақстан Республикасында пробация институтының қалыптасу процесін хронологиялық тұрғыда бөліп көрсетуге болады. Аталған институттың құқықтық негізі 2012 жылғы 15 ақпанда қабылданған № 556-IV «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен қаланды. Бұл заңнамалық актінің қабылдануы нәтижесінде 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің күшін жойған 7-1-бабының мазмұнына тиісті түзетулер енгізілді»:

«Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация – сынақ мерзімі мен пробация бақылауында болған кезеңде әрбір шартты түрде сотталған адамның жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатымен, олардың жүріс-тұрысын одан әрі түзету үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі оларға қатысты жеке әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені»⁸.

Пробация қызметінің енгізілуін, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының жүзеге асырылуының бір көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Бастапқы кезеңде енгізілген пробацияның мазмұны тек шартты түрде сотталған тұлғалардың мінез-құлқын бақылауға бағытталған әлеуметтік-құқықтық шаралар жүйесінен тұрды деуге негіз бар.

Бұған дейін де қазақстандық ғылыми ортадағы құқықтық салада сотталғандардың қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеулері, пробация мәселелері, оның нысандары, қызметі туралы қызу талқылаулар болды.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға балама түріндегі шараны анықтаудың қажеттілігі туындады, бұл мәселе өзектілікке ие болды.

⁷ «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

⁸ Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

«Аталған мәселеге қатысты отандық зерттеушілер Б.К. Шнарбаев пен А.Е. Мизанбаев өз еңбектерінде ғылыми теориялардың практикалық жүзеге асырылуы үшін пробация қызметінің аясында мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған, шартты түрде сотталған және кәмелетке толмаған сотталғандарды пробациялық бақылаудың және жазаны атқарудың нақты тетіктерін айқындаудың маңыздылығын атап көрсеткен»⁹.

Қылмыстық атқару жүйесі саласының проблемалық сұрақтары, пробация қызметінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар К.Х. Рахимбердин мен Ю.Р. Гета, «пробация қызметінің негізгі миссиясы бақылауға алынған адамдар, яғни пробация есебінде тұратын адамдармен, пробация қызметінің қызметкерлері арасында сенімді қарым қатынас орнатылып, ол адамдарға әлеуметтік және басқа да көмек түрлерін көрсету», деп атап өтті¹⁰.

Авторлар, пробация қызметі мен полиция органдары құзыреттіліктерінде нақты шегі айқындалмаған. Яғни, қылмысты ашумен айналысатын органдардың бір уақытта кінәлі тұлғаларды жазаны өтеуші сотталғандарды бақылауы, бір бірінен айырмашылы жоқ деген пікір білдірді. Полиция органдары пробация қызметінде өзара әрекет ететін, мысалы пробациялық бақылаудан қаскөйлікпен жалтарған адамдарды іздестіру жұмыстары, пробация қызметінің қызметкері сотталған адамның тұрғылықты жеріне барған кездегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары деп атап өтті.

Жоғарыда айтылған заңгер ғалымдардың ой пікірлерімен келісуге де болады. Олардың әрқайсысы көптеген еңбектер жазып, аталған салада зерттеулер жүргізген, проблемалы сұрақтар бойынша негізделген ұсыныстар келтірген.

Пробация қызметін жүзеге асырудың құқықтық негіздері толық қалыптаспаған кезеңде, яғни пробация есебіндегі сотталғандар мен пробация қызметкерлерінің құқықтық мәртебесін, сондай-ақ пробациялық қызметтің мазмұны, бағыттары мен міндеттерін айқындайтын заң қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Мысалы, «пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандардың мінез-құлқына бақылау жасау туралы пробация қызметі және полиция қызметінің өзара іс-қимыл жасауларын реттейтін, айқындайтын бұйрық»¹¹.

⁹ Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е. Пробация в Казахстане: исполнение наказания и осуществление пробационного контроля (теоретические и практические аспекты). ТОО «Жеті Жарғы», 2016.- 9 б.

¹⁰ Рахимбердин К.Х., Гета Ю.Р. Пробация в Казахстане: уникальный опыт становления и развития на современном этапе. // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы. 2020.-4. 94 б.

¹¹ Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 517 бұйрығы. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

«Қылмыстық заңнамаларға сәйкес дайындалған пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыруды айқындайтын қағидалары»¹².

Жоғарыда айтылып келген процестерден кейін еліміздегі қылмыстық-атқару саласындағы өзгерістер орын алып, пробация жүйесі қалыптаса бастады. Пробация қызметін қолдану аясы кеңейді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі Комитетінің мәліметінше 2015 жылы пробация есебінде 12300 адам тұрса, 2016 жылы екі есеге көбейіп 22500 адам болды.

Осылайша, «2016 жылдың желтоқсан айында қазір қолданыста жүрген, пробация қызметінің мазмұнын ашып, негізгі бағыттарын көрсететін, мақсаты, міндеттерін айқындайтын пробация қызметі туралы заң қабылданды»¹³.

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамаға сәйкес «пробация» ұғымы, заңнамалық түрде айқындалған нақты санаттағы тұлғалардың қайталама қылмыстық әрекеттерге баруының профилактикасын қамтамасыз ету мақсатында олардың мінез-құлқын оңтайландыруға бағытталған бақылау, әлеуметтік-құқықтық қызметтер және дербес қолданылатын шаралар кешені ретінде түсіндіріледі.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Пробация ұғымына анықтама беріңіз.
2. Пробация қызметінің жазаны атқарудан айырмашылығын көрсетіңіз.
3. Қазақстан Республикасындағы пробация институтының даму тарихына шолу жасаңыз.
4. Пробация термині алғаш құқықтық тұрғыда қашан енгізілді?
5. Пробация ұғымының мәні неде?
6. Пробация қызметінің мақсатын атаңыз.
7. Пробация қызметінің міндеттерін атаңыз.
8. Пробацияны жүзеге асыру нысандарын атаңыз.
9. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасындағы қылмысты-атқару саясаты қандай?
10. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін қылмыстық-атқару жүйесіне шолу жасаңыз.
11. 1997 жылғы қолданыста болған Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіндегі пробация қызметін баяндаңыз.
12. Еліміздің қылмыстық-атқару жүйесін дамытудағы үкіметтің қаулылары қандай?

¹² Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

¹³ Пробация туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

13. Қылмыстық-атқару жүйесінің дамуындағы Ішкі істер Министрлігінің ведомствалық бұйрықтары қандай?
14. Пробация институтын терең зерттеген отандық ғалымдарды атаңыз.
15. Пробация институтын терең зерттеген шетелдік ғалымдарды атаңыз.
16. Елімізде пробация қызметінің пайда болуында маңызы зор құжаттарды атаңыз.
17. Пробация қызметінің қазіргі жағдайы туралы қысқаша баяндама жасаңыз.
18. Пробацияны жетілдірудің бағыттарын атаңыз.
19. Пробацияның даму тарихына шолу жасаңыз.
20. Қазіргі пробация институтына баға беріңіз.

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі.
5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.
6. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
7. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
8. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы IMM № 511 бұйрығы.
9. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІММ м.а. № 622 бұйрығы.

10. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» N 7 нормативтік қаулысы.

11. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысы.

12. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 2 қазандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысы.

13. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері)».

14. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.

15. Абеуов Д.А. Историко-эволюционные и социально-правовые аспекты пенитенциарной и постпенитенциарной адаптации лиц, лишенных свободы; Монография. 2022.-160 с.

16. Гета М.Р. Пробация в уголовном праве зарубежных стран; Учебное пособие. Усть-Каменогорск: Издательство ВКГУ им. С. Аман-жолова, 2004. - 92 с.

17. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау: теория және практика мәселелері. Монография. Астана: Фолиант, 2002.- 446 б.

18. Ж. Балтабаев Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім. Алматы: Лантар Трейд, 2020.- 394 б.

19. Иванцов С.В. Законодательная регламентация и исполнение наказания в виде ограничения свободы. М.: 2018.- 125 с.

20. Киманов А.М. Сто вопросов и ответов по религии для применения в учреждениях уголовно-исполнительной системы: Методическое пособие. Астана: ОФ «ИПРЦ Акниет», 2015.- 200 с.

21. Парламенттің ұжым авторлары «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық - процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жаңғырту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға ақпараттық мәліметтер [Мәтін + CD (электрондық қосымша)]. 2 тілде (қаз., орыс.); Том 1. - Астана, 2016. - 439 б.

22. Суйеубаева З.М. Кажикова Г.Н Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы. -CD. - Қостанай, 2018. - 3 эл. нұсқа.

23. Уголовно-исполнительное право: Электронное учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / Под ред. - 5-е изд., перераб. и доп.- 2, 05 Мб.- М: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2011. - 1CD.

24. Филипец О.Б., Алибекова А.М. Қылмыстық-құқықтық цикл пәндері бойынша кейстер жинағы [Мәтін]: оқу-практикалық құралы. - (қазақ және орыс тілдерінде).- Алматы: Лантар Трейд, 2021.- 188 б.

25. Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е. Пробация в Казахстане: исполнение наказания и осуществление пробационного контроля (теоретические и практические аспекты). - Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет», 2016. - 400 с.

1.2 Пробация институтының халықаралық құқықтық актілерде көрініс табуы

Әлемнің көптеген елдерінде пробация қызметін бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза түріндегі институт, қызмет ретінде қолданады.

Қылмыстық жазалау жүйесінің эволюциясы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер жазалау парадигмасының жазалау мен оқшаулаудан қайта әлеуметтендіруге, қалпына келтіру әдістеріне және құқық бұзушылардың қоғамға қайтарылуына бағытталуымен сипатталады. Берілген бағыт Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде қабылданған бірқатар халықаралық құқықтық актілерде айқын көрініс тапқан.

Атап айтсақ, «Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі 1951 жылы пробацияны сотталғандарға қауіпті емес қылмыстар үшін сынақ мерзімі, оларға бақылау жасау және түзелу курсы ретінде анықтаған»¹⁴. Өз кезегінде осылай анықтау, құқық бұзушыға пенитенциарлық емес түріндегі сынақ мерзімі түріндегі пробация екендігінің көрінісі. Аталған бағыт бүгінде көптеген елдерде сотталғандарды қоғамнан

¹⁴ Рахимбердин К.Х. Правове регулирование пробации в законодательстве в Республики Казахстан: современное состояние, проблемы и перспективы. ИП Кабдулова З.Т.- 46.

оқшауламен байланысты жазаларды өтеу, орындау кезіндегі пробация бағыты ретінде қолданылады.

М.Р. Гета, «Ерекше институт ретінде пробация, бақылау орнатумен әлеуметтік технологияларды қолдана отырып қылмыс жасаған құқық бұзушыны әлеуметтік ортаға қосу түріндегі классикалық шартты соттаудың негізінде XX-XXI ғасырда қалыптасты. Осындай бақылаудың мақсаты болып, құқық бұзушыны әлеуметтік ортаға қосу. Аталған жүйе құқық бұзушыны қоғамда орнын табуына, түзелуіне, қалпына келтіруіне ықпал етеді», деп атап өтті¹⁵.

Аталған бағыт, «Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелерінде көрініс тапты»¹⁶.

Токио ережелері пробацияны бас бостандығынан айырумен байланыссыз шаралардың тиімді тетігі ретінде сипаттап, пробацияның құқықтық, әлеуметтік және этикалық өлшемдеріне назар аударады. Құқық бұзушыны қоғамнан оқшаулауға емес, оны әлеуметке қайта қосуға жағдай жасау екендігі атап көрсетілген. Пробация ұғымы «жазаны өтеудің баламалы тәсілі ретінде, құқық бұзушының мінез-құлқын бақылау және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жүйесі» ретінде қарастырылды.

Тарихи тұрғыда пробация институтының дамуы англо-саксон құқық жүйесіне тән болғанымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының стандарттары арқылы ол жаһандық құқықтық пікірталастың маңызды элементіне айналды. Токио ережелері пробацияны тек бақылау механизмі ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік оңалуды қамтамасыз ететін, адамның қадір-қасиеті мен құқықтарын сақтауға бағытталған кешенді механизм ретінде танытады.

Сондай-ақ, ережелерде пробация жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін ұлттық заңнамада нақты құқықтық негіздің болуы, мамандандырылған кадрлық құрам, қоғаммен өзара байланыс орнату және үнемі мониторинг жүргізу қажеттігі көрсетілген. Бұл ұстанымдар қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатын ізгілендіру аясында өзекті болып отыр.

Осылайша, Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері, әсіресе Токио ережелері, пробация ұғымын халықаралық құқықтық кеңістікте бекітудің негізі болды. Бұл құжаттар қазіргі заманғы қылмыстық саясатты ізгілендіруге бағытталған және ұлттық жүйелерге баламалы жазалау шараларын енгізу мен жетілдіруде бағыт-бағдар болып табылады.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелері де кәмелетке толмаған сотталған құқық бұзушыларға тағайындалған жазаны атқару мәселелерінің

¹⁵ Гета М.Р. Концептуальная, организационно-правовая модель пробации в Республике Казахстан. Ежегодник Центра правовой политики за 2011г. Варшава, 2012. 98-99 б.

¹⁶ Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/110 қарары. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

өзекті сұрақтарында пробацияны қолдану керектігі туралы әлем елдерінің назарын аударды»¹⁷. Соның негізінде көптеген мемлекеттерде пробацияның ювеналды бағытының пайда болуына алып келді.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі жүйесінің дамуы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап халықаралық құқықтық тәртіптің маңызды бағытына айналды. Бұл бағыттың басты мақсаты – жазалаушы сипаттағы емес, тәрбиелеу және қалпына келтіру негізінде жұмыс істейтін әділет жүйесін құру болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының кәмелетке толмағандардың сот төрелігі саласындағы маңызды құжаттарының бірі ретінде 1985 жылы қабылданған «Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асырудың ең төменгі стандарттық ережелері» ерекше орын алады.

Аталған ережелер кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен жұмыс жүргізудің халықаралық стандарттарын алғаш рет жүйелі түрде бекітті. Бұл құжатта кәмелетке толмағандардың психологиялық, әлеуметтік, тәрбиелік ерекшеліктері ескеріліп, қоғамнан оқшаулауға баламалы шаралар басымдық ретінде қарастырылады. Пробация осындай балама шаралардың бірі ретінде арнайы аталып, кәмелетке толмағандарға арналған сот төрелігі жүйесінде маңызды орынға ие болады.

Пекин ережелерінде пробацияның мәні мен рөлінің элементтері айқындалып кеткен. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты шаралар әрқашан оның мүддесін басшылыққа алуы тиіс екендігі көрсетілген, сонымен қатар, қоғамнан оқшауламайтын шаралардың, соның ішінде пробация элементінің басымдылығы да атап өтіледі. Пробация соттың үкімі негізінде немесе сотқа дейінгі сатыда қолданылатын, құқық бұзушыны қоғамда ұстау арқылы бақылау, көмек көрсету және бейімдеу процесін ұйымдастыратын шара ретінде қарастырылады.

Бұл тарихи тұрғыдан қарастырғанда пробация институтының тек ересектерге ғана емес, кәмелетке толмағандарға да қатысты баламалы жаза ретінде халықаралық деңгейде заңдастырылуының маңызды кезеңі болды. Пекин ережелері пробацияны — жазалау құралы емес, кәмелетке толмағанды әлеуметтендірудің және оның қоғамға қауіпсіз әрі сәтті қайта оралуын қамтамасыз етудің құралы ретінде сипаттайды.

Сонымен қатар, пробация қызметін жүзеге асыру үшін арнайы дайындықтан өткен кадрлардың, сондай-ақ психологиялық және әлеуметтік қызметтер маңызды. Бұл тәсіл пробация институтын тек құқықтық емес,

¹⁷ Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер («Пекин ережелері») БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 ж. 10 желтоқсан айында қабылданған. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

пән аралық педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік өлшемде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Пекин ережелеріндегі пробацияға қатысты ұстанымдар қазіргі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Бұл қағидалар халықаралық тәжірибе мен ұлттық заңнамаларда кеңінен қолданылып келеді және кәмелетке толмағандарға ізгілендірілген әділет жүйесін құруда негізге алынады.

Осылайша, Біріккен Ұлттар Ұйымының Пекин ережелері пробацияның кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылу аясын жүйелеп, оны халықаралық құқықтың ажырамас бөлігіне айналдырды. Бұл жазаны ізгілендіру, баланың құқықтарын сақтау және кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың болашағына реттеу туралы идеологияның көрінісі.

Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап ұлттық заңнамаларды халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкестендіруде жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі саласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Пекин ережелерінде көзделген пробация институты еліміздің құқықтық жүйесінде орныға бастады.

Қазақстанда пробация қызметінің нормативтік негізі 2016 жылы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануымен нақты құрылымдық сипатқа ие болды.

Пробацияның енгізілуі, Пекин ережелерінде көрсетілгендей, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға бас бостандығынан айыру шараларын қолданбай, оларды әлеуметтік бейімдеу және қоғамға оралуына ықпал ету мақсатында жүзеге асырылады.

Пробация қызметі тек қадағалау функциясымен шектелмейді, ол кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, білім алуына және жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, отбасы мен қоғамға қайта бейімделуіне жағдай жасау сияқты көп салалы міндеттерді атқарады.

Еліміздегі кәмелетке толмағандарға қатысты пробацияның жүзеге асуы мен нормативтік-ұйымдастырушылық негіздерінің халықаралық стандарттармен үндесуі мемлекеттің кәмелетке толмағандарға қатысты ізгілендірілген сот төрелігі жүйесін құруға ұмтылысын дәлелдейді. Дегенмен, қазіргі таңда пробация жүйесінің тиімділігіне әсер ететін бірқатар факторлар сақталып отыр: пробация қызметкерлерінің жүктемесінің көптігі, кадрлардың маманданбауы, әлеуметтік қызметтердің жеткіліксіздігі және ресурстық база тапшылығы деп атап өтуге болады.

Осыған байланысты кәмелетке толмағандарға қатысты пробация жүйесін жетілдіру мақсатында келесі шаралар өзекті болып табылады:

- мамандандырылған кадрлар даярлау жүйесін құру;
- сот, прокуратура және білім беру мекемелері арасындағы өзара әрекеттестікті әрекеттесу, интеграция сұрақтары;
- халықаралық озық тәжірибелерді жүйелі түрде енгізу;
- қоғамдық ұйымдар мен еріктілер бастамаларын пробация қызметіне тарту.

Қазақстандағы ювеналды пробация жүйесі Біріккен Ұлттар Ұйымының Пекин ережелерінде белгіленген қағидаларды ұлттық деңгейде жүзеге асырудың бастамасы ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл бағыттағы жетістіктер мен сын-қатерлерді ескере отырып, пробацияны дамытудың тұжырымдамалық бағыты, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың болашағын өзгертуге ықпал ететін ізгілендірілген жүйенің негізі болмақ.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының бостандығынан айырудан өзге қылмыс жасаған әйелдерге қатысты жазалау шаралары мен бас бостандығынан айырылған әйелдерге жасалған қатынас жөніндегі ережелерінде пробация институтының элементтері көрініс тапқан. Атап айтқанда, құқық бұзушылық жасаған әйелдерге қатысты бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдану, оларды әлеуметтендірудің және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға баламаның маңыздылығы ерекше атап өтіледі»¹⁸.

Пробация институтының халықаралық құқықтық актілерде көрініс табуында 2015 жылы қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының қамаудағылармен қарым қатынастағы минималды стандартты ережелері. Аталған құжата сотталғандармен жұмыс жасаудың пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі пробацияның бағыттары көрініс тапқан. Жеткілікті ұзақ мерзімге сотталған әрбір тұтқынды қабылдағаннан кейін мүмкіндігінше тезірек және оның мінез-құлқын зерттеу негізінде оның жеке қажеттіліктері, қабілеттері мен бейімділігі туралы алынған ақпарат негізінде онымен жұмыс бағдарламасының жасалуы керек екендігі айтылған»¹⁹.

Құжатта, мекемелерде оңалтуға ықпал ететін, оның ішінде әзірлеу және жүзеге асыру жолымен жағдайлар жасауға жәрдемдесу тұтқындармен жеке басының негізінде қарым-қатынас жасаудың тиімді бағдарламалары құқық бұзушылардың қажеттіліктерін және қауіпті бағалау, сондай-ақ құқық бұзушыларға бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беру кәсіптік-техникалық даярлық және білім беру бағдарламалары, оларға қайта оңалу үшін қажетті дағдыларды алуға мүмкіндік беру, белсенді жағдайда құқық бұзушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдету үшін қоғамда оңалтуға ықпал ететін жағдайлар жасауға жәрдемдесу, тиісті түрде қорғау қажеттілігін ескере отырып, жергілікті халықтың жалпы қоғам және әрбір нақты адам және жәбірленушілердің құқықтарын қорғау;

- Қылмыстың қайталану деңгейін төмендету үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту арқылы көп қырлы серіктестікті дамытудың маңызы зор. Бұл мақсатқа жету үшін мүдделі мемлекеттік органдар, мәселен, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері мен жергілікті

¹⁸ Біріккен Ұлттар Ұйымының бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі (Бангкоктік ереже) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 2011 жылғы 16 наурызда қабылдаған № A/RES/65/229 қарары. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

¹⁹ Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций в отношении обращения с заключенными (Правила Нельсона Манделы) Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей 17 декабря 2015 года. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

әкімдіктер арасында, сондай-ақ аталған органдар мен қоғамдық құрылымдар, атап айтқанда, бірлескен жұмыс берушілер және жергілікті волонтерлер арасында тиімді өзара әрекеттесуді орнату қажет. Бұдан басқа, ұзақ мерзімді және әлеуметтік қайта оңалтуға ықпал ететін жария-жекешелік әріптестікті дамыту да маңызды;

- құқық бұзушыларды қоғамға оның толыққанды мүшелері ретінде қабылдау қажеттілігін және олардың ұзақ мерзімді және әлеуметтік қайта оңалуына жәрдемдесу жөніндегі іс шараларға жергілікті халықтың қатысуының маңыздылығын түсіндіру;

- тиісті жағдайларда қылмыскерлерді беру мәселесінде ынтымақтастықты көтермелеу өз елдерінде жаза мерзімінің қалған бөлігін өтеу үшін сотталғандар, сотталғандардың құқықтарын және тиісті жағдайларда келісімге, оңалтуға және қайта оңалтуға қатысты мәселелерді ескере отырып, осы саладағы екіжақты немесе көпжақты келісімдерді немесе уағдаластықтарды мән-жайларға сәйкес жасасу, және осы тұтқындардың қолдану мүмкіндігі туралы хабардарлығын арттыру;

- тиісті жағдайларда және ішкі заңнамаға сәйкес жәбірленушілерді оңалтуға жәрдемдесу үшін қылмыстық сот ісін жүргізудің тиісті кезеңдеріндегі сот төрелігі процестерін қолдау және құқық бұзушылардың қайта оңалу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық пен оның қайталануының алдын алу және осы міндеттерді шешуде осы процестердің пайдалылығын бағалау мәселелері айтылған.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының конгресстері туралы баяндаңыз.
2. 1990 жылғы 14 желтоқсандағы «Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты БҰҰ минималды стандарт ережелері». Талдау жүргізіңіз.
3. Біріккен Ұлттар Ұйымының бостандығынан айырудан басқа құқық бұзған әйелдерге жаза қолдану шаралары мен бостандығынан айырылған әйелдердің өтінішіне қатысты ережесі. БҰҰ 2011 жылғы 16 наурыздағы A/RES/65/229 қарары. Талдау жүргізіңіз.
4. Нельсона Манделы ережелеріне талдау жүргізіңіз.
5. БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің қылмыстық атқару жүйесін жетілдірудегі рөлі қандай?
6. 2021 жылғы Киота декларациясына талдау жүргізіңіз.
7. Еліміздің пробация институтының дамуында халықаралық құжаттардың орны, рөлі қандай?
8. Пробация институтының дамуы тарихындағы халықаралық құжаттарды атаңыз?
9. Біріккен Ұлттар Ұйымының конгресстері және «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Талдау жүргізіңіз.

10. Біріккен Ұлттар Ұйымының конгресстері және Қылмыстық атқару заңнамасы. Талдау жүргізіңіз.

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексі.

3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.

4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңы.

5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

6. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1985 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелері».

7. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.

8. Грушин В.Ф. Влияние системы факторов на развитие уголовно-исполнительной политики и уголовно-исполнительного законодательства Российской Федерации. Монография: 2020. – 208 с.

9. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау: теория және практика мәселелері. Монография. - Астана: Фолиант, 2002. - 446 б.

10. Рахимбердин К.Х. Правовое регулирование пробации в законодательстве Республики Казахстан: современное состояние, проблемы и перспективы. Монография. Нур-Султан, ИП Кабдулова З.Т., 2023. - 76 с.

11. Рахимбердин К.Х. Преодоление наследия ГУЛАГа: из прошлого в современность уголовно-исполнительной системы Казахстана. Монография. Нур-Султан, 2022. - 160 с.

12. Ресоциализация: Сен когамга керексін! Ты нужен обществу! Society needs you! Сборник материалов и презентации III тюремного форума. Форум по тюремной реформе г. Астана, 11 декабря 2015 год.

13. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев, А.Б. Молдашев Организация социальной и иной помощи лицам, отбывающим уголовное наказание, и их ресоциализация. -Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет», 2015. - 272 с.

14. Филипец О.Б., Алибекова А.М. Қылмыстық-құқықтық цикл пәндері бойынша кейстер жинағы: оқу-практикалық құралы. - (қазақ және орыс тілдерінде) - Алматы: Лантар Трейд, 2021. - 188 б.

15. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев. Пробация в Казахстане: исполнение наказания и осуществление пробационного контроля: (теоретические и практические аспекты). - Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет», 2016. - 400 с.

2 тарау. Пробация институтының әлемдік тәжірибесі

2.1 Халықаралық тәжірибедегі пробация нысандары

Ғалымдардың пікірінше, «Пробация институтының пайда болуы англосаксондық құқық елдерінде бұрынғы сотталғандарды қайта тәрбиелеу тәжірибесімен байланысты. Оны құру бастамасы Америка Құрама Штаттары, Бельгия, Франция, Ұлыбританияға тиесілі. Бұрынғы сотталғандарды қолдау жүйесін құрудың алғашқы тәжірибесі туралы мәселе 1872 жылы Лондонда өткен бірінші түрме конгресінде белсенді түрде талқыланды»²⁰.

Пробация институтын құрудың бастамашысы ретінде Фредерик Райнерді атауға болады. Шіркеу қоғамының еріктісі. Ол сот билігінде болған адамдарға моральдық және материалдық қолдау көрсетуді ұсынды. Соның нәтижесінде мемлекет көлемінде 1887 жылы алғаш рет сотталғандарды сынау туралы заңы қабылданды.

Қазіргі кезде пробация институты әртүрлі нұсқаларда Америка Құрама Штаттары және Еуропа елдерінде қолданылады. Ол жазалау шарасы ретінде, сотталғандарды қайта әлеуметтендірудің құралы ретінде және қылмыстық жазаны орындаудың жүйелік элементі ретінде көрініс табады.

Пробация қызметі шет мемлекеттерде әртүрлі органдардың жүйесінде болуы мүмкін, мысалы соттың, әділет министрлігінің және прокуратураның құрамында.

Пробация қызметінің жұмысында жасалған қылмыстың сипаты ескерілмейді. Түзелу мүмкіндігі қылмыс жасаған кез келген субъектіге беріледі. Ең бастысы, адам жақсы жағына өзгеруге және оған бар күшін салуға дайын екендігін білдіру. Пробацияға мұндай көзқарас сотталушының

²⁰ Степаненко А.В., Васильченко Ф.А. Сущность института пробации в зарубежных странах <https://na-journal.ru/5-2022-pravo-obshchestvo/3682-sushchnost-instituta-probicii-v-zarubezhnyh-stranah>

қоғамдағы өмірге әлеуметтік-психологиялық қайта бағдарлануына және қылмыс жасаудан бас тартуға дайын болуына бағытталған.

Шетелдік пробация қызметтеріне жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау оны бірнеше қырынан қарастыруға мүмкіндік береді:

Біріншіден, пробация сотталғанның қоғамда болуының шарты ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда арнайы қызметтің бақылауында нақты бір уақыт кезеңіне белгіленген шектеулерді жүйелі түрде бұзу әрекеттері бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаға әкелуі мүмкін.

Екіншіден, заңға қайшы әрекеттің сипатына қарай үкім шығаруға көмектесу мақсатында сотталушының жеке басын зерттеуді қамтитын сотталғанды түзеу процесі ретінде қарастырылады. Бұл аспект сотқа пробацияны қолдану мүмкіндігін бағалауға көмектеседі. Сонымен қатар, пробация шешімі қабылданған жағдайда, сотталушының психологиялық-әлеуметтік ерекшеліктерін анықтау арқылы қадағалау шарттары, түзеудің жеке бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі шаралар айқындалады. Бұл процеске қоғамдық ұйымдар мен ерікті көмекшілердің қатысуы сотталған адамның қоғамдағы әлеуметтік байланыстарын дамытуға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде бағаланады.

«Үшіншіден, пробация қылмыстық жазаны орындау жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл жүйе пробация қызметі қызметкерлерінің сотқа дейінгі функцияларын (құқық бұзушы туралы мәліметтерді жинау, сотталушының жеке басы туралы алдын ала әлеуметтік баяндама дайындау), процестік қызметін (сот отырыстарына қатысу, сотқа әлеуметтік баяндама ұсыну), сондай-ақ сот үкімінің заңды күшіне енуінен кейінгі сүйемелдеу функциясын (сотталғандарды бақылауды жүзеге асыру және оларды арнайы бағдарлама негізінде қайта әлеуметтендіру) қамтиды»²¹.

Шет мемлекеттерде пробация қызметкерлеріне келесідей талаптар қойылады: оларды лауазымға тағайындауда ізгілігіне, кәсібилігіне және жеке басының сапалық қасиетіне назар аударылады.

Кейбір еуропалық мемлекеттерде Дания, Австрия, Испания, Норвегия, Ирландия, Шотландия, Люксембург, Мальта мемлекеттерінде қызметкер психология, құқық, теология, әлеуметтік ғылым, әлеуметтік педагогика, криминологиядан тиісті білімдері болуы керек.

Ирландия, Франция және тағы басқа мемлекеттерде кандидаттар педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік жұмыстан тәжірибелері болуы керек.

Данияда 95% пробация қызметкерлері кәсіби әлеуметтік қызметкерлер болып келеді, олар Данияның үш жылдық мектебінде: әлеуметтік саясатты, социология, психология, әлеуметтік құқық, криминология және әлеуметтік қызметтің теориясы мен тәсілдерін оқиды.

²¹ Слабкая Д.Н., Новиков А. В. Гуманизация уголовного законодательства. Зарубежный опыт функционирования служб пробации <http://www.publishing-vak.ru/file/archive-law-2020-3/13-slabkaya-novikov.pdf>

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, пробация қызметіне еріктілерді тарту кеңінен өріс алған. Кейбір елдерде еріктілер өз қызметтері үшін материалдық өтемақы алады.

Мәселен, Швецияда еріктілер сотталғандарға бақылау жүргізеді, бұл пробация қызметкерлеріне қылмыс жасаған адамдармен жұмыс істеуге өз септігін тигізеді.

2.2 Пробация институтының шет елдік тәжірибелері

Англияда пробация қызметін Әділет министрлігіне бағынады. Бұл қызметте негізгі және қосымша көмек көрсететін қызметкерлер жұмыс істейді, осылайша әрбір қызметкерге орта есеппен 13-14 құқық бұзушыдан келеді. Қызметкерлердің басым бөлігі педагогикалық және заңдық білімге ие. Құқық бұзушылар пробациялық бақылауда 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімде болады. Англияда пробацияның маңызды функцияларының бірі жәбірленушілерді қорғау болып табылады. Құқық бұзушыны пробация арқылы босату кезінде жәбірленушілерден немесе олардың туыстарынан қауіп төне ме деген сұрақтар қойылады, егер жәбірленуші тарапынан қауіп бар деген белгілер болса, құқық бұзушының жүріп-тұруына шектеулер қойылады. Сонымен қатар, Англияда пробация қызметі медиация арқылы жәбірленуші мен құқық бұзушыны татуластыру функциясын да атқарады, яғни қызметкерлер құқық бұзушының мінез-құлқын түзетуге бағытталған жұмыс жүргізеді.

Америка Құрама Штаттарында пробация қызметі сот жүйесінің құрамында жұмыс істейді және шартты түрде сотталғандарға қатысты тағайындалады. АҚШ сот жүйесіндегі жалпы басқару функциясын Жоғарғы сот жанындағы Әкімшілік кеңсе жүзеге асырады, ал жергілікті деңгейдегі басқару өкілеттігі тиісті жергілікті соттарға жүктелген. АҚШ-та пробация қарқынды түрде қолданылады, оның жартысына жуығы кәмелетке толмағандарға арналған бағыт болып табылады. АҚШ-та құқық бұзушыларға пошта және телефон арқылы бақылау жүргізіледі. Пошталық пробацияда құқық бұзушы ай сайын өзінің өмірі мен ондағы өзгерістер туралы хабарлама жіберіп отырады, ал телефондық пробацияда пробация қызметкері қажетті сұрақтар қою арқылы құқық бұзушының мінез-құлқын бақылап, қорытынды жасайды. Бұдан басқа, электрондық бақылау және зиянды өтеу сияқты белгілі бір міндеттер жүктеледі. Пробациялық бақылау белгілі бір мерзімге дейін қолданылады.

Халық пен жәбірленушілер пробациялық бақылаудың қолданылуын қолдайды, өйткені салық төлеушілер мемлекет қаржысының тиімсіз жұмсалуды қаламайды. АҚШ пен Еуропа елдерінде пробация қызметі сотқа дейінгі кезеңде және сотта сотталушының жеке басына әлеуметтік зерттеу жүргізеді. Бақылау сотталушының әлеуметтік ортасымен және онымен тікелей байланыста жүзеге асырылады. Бақылау нәтижелері бойынша пробация қызметкерлері сотқа баяндама жасайды, оның қорытындысы

негізінде сотталушыға пробациялық бақылау тағайындалуы немесе бас бостандығынан айыру жазасы белгіленуі мүмкін.

Швецияда түрмелер мен пробацияның бірыңғай тәуелсіз қызметі жұмыс істейді. Елдің географиялық жағдайына байланысты, әрқайсысында түрме және пробация қызметі бөлімдері бар. Пробация елдің барлық әкімшілік-аумақтық округтерінде бірнеше бірлік мөлшерінде ұсынылған. Пробация бөлімшелері қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған тұлғалармен жеке жұмыс жүргізу және сот тағайындаған жазаға қатысты әлеуметтік сипаттамалар дайындау болып табылады. Қадағалау шаралары тек шартты түрде сотталғандарға және мерзімінен бұрын босатылғандарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға тағайындалғандарға да қолданылады. Еріктілерді пробациялық бақылау қызметіне тарту, олармен бірге әрекет жасау, өз кезегінде пробация қызметі қызметкерлерінің жұмысын оңтайландырады.

Еуропа елдерінде пробация қызметінің тарихы XIX ғасырдың басынан бастау алады. Оның дамуы үш негізгі кезеңнен тұрады: құқық бұзушының әлеуметтік бейімделуі, азаматтық қоғамды тарту және кеңейтілген әрі әртүрлі қылмыстық үкімдер. Көптеген еуропалық елдерде құқық бұзушының қайта оңалуына ерекше көңіл бөлінеді, бұл тиімді қайта оңалту жұмысының қауіпсіз қоғамға әкелетіндігімен, барлық қайта оңалту жұмыстарының сенімі ретінде адамдардың өзгере алатындығы туралы ұранмен, құқық бұзушының ғана емес, оның отбасы мүшелерінің де зардап шегуі мүмкін екендігімен (отбасылық кірістің төмендеуі, асырауындағы балалардың қараусыз қалуы), сотталғанның қоғам мүшесі ретіндегі рөлімен, қылмыспен күресте тек қамаудағылардың ғана емес, бостандықтағылардың да қоғамға шығын келтіруі мүмкін екендігімен және жазалау мен әлеуметтік қалпына келтірудің ақылға қонымды тепе-теңдігінің болуымен түсіндіріледі.

Шетел мемлекеттерінің қылмыстық-құқықтық жүйелерінде шартты соттау институтының қалыптасуын объективті алғышарттармен түсіндіруге болады. Теориялық зерттеулерге сәйкес, қазіргі заманғы дербес қылмыстық-құқықтық институттың дамуы XIX ғасырдың соңында бастау алды. Оның негізгі мақсаты қолданыстағы қысқа мерзімді бас бостандығынан айыру жазасына баламалы шаралар жүйесін қалыптастыру болып табылады. Әлемдік қауымдастық тарапынан қысқа мерзімді қамауға алу институты төмендегідей аргументтер негізінде сынға ұшырады: жаза мақсаттарына сәйкес келмеуі, көп жағдайда қамаудағыларға теріс әсер етуі, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандар арасында соттау мен жауапкершілікке тартудың жеткілікті шара болуы, берілген жағдайда жазаның орындалуының мақсатсыз жазалаудың артықшылығы. 1872 жылы Лондонда өткен Халықаралық пенитенциарлық конгресте, 1889 жылы Бельгиядағы Халықаралық құқықтанушылар одағының съезінде және 1885 жылы Италияда ұйымдастырылған конгресте жаңа дербес қылмыстық құқық институтын қалыптастыру мәселесі жан-жақты талқыға салынды.

Шетелдік ғылыми зерттеулер шартты соттау институтының генезисін әртүрлі қырынан қарастырады. Мәселен, А.А. Пионтковский аталған институттың бастауын 1869 жылғы Солтүстік Америка құқықтық жүйесімен байланыстырса, неміс зерттеушісі Ф.Ф. Лист оның 1884 жылдан бастап Францияда қалыптасу үрдісін атап көрсетеді. Қылмыстық құқық доктринасындағы өзге де зерттеушілер бұл институттың алғашқы көрінісін 1820 жылғы Англия заңнамасынан іздейді.

Ағылшын-саксондық құқық жүйесінде пробация институты қоғамдық тәртіп пен тыныштықты қамтамасыз етудің превентивтік шарасы ретінде ерекше дамыды. «Жақсы әдеп нормаларына қайшы келетін» кез келген әрекетті қудалау құзыретіне ие болған бітімгершілік судьясы маскүнемдік пен тәртіпсіз өмір салтын ұстанатын тұлғаларға ескерту жасауға, сондай-ақ болашақта айыпталуы мүмкін тараптардан жақсы мінез-құлық туралы кепілдік алуға құқылы болды. Мұндай қудалауға қауіп төнген тұлғаның шағымы негіз болатын. Егер айыптау өз растауын тапса, кінәлі тарап бітімгершілікті сақтау және кепілді қамтамасыз ету туралы ант қабылдады. Кепілдіктің мөлшері құқық бұзушының қаржылық жағдайына қарай белгіленді және көбінесе айтарлықтай соманы құрады. Міндеттемелер бұзылған жағдайда сотталған енгізілген кепілдігінен айырылатын. Англияда бұл шара кеңінен қолданыс тапты.

Пробацияның қылмыстық-құқықтық институты алғаш рет шартты соттаудың классикалық қағидаларына сүйене отырып, XIX ғасырдың ортасында Ұлыбританияда өзінің даму шыңына жетті. Кейіннен пробация әлемнің көптеген елдерінің құқықтық жүйесінде қолданыла бастады. Пробацияны енгізу процесінде сотталған адамдарға бақылау жасау функциясын арнайы құрылған мемлекеттік қызмет атқарды. Ұлыбританияда ішкі істер органдарының құрылымында осыған ұқсас бөлімшелер жұмыс істесе, Жапонияда бұл қызмет Әділет министрлігінің қарамағында. Сотталғандарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған түрлі білім беру бағдарламаларына үкіметтік емес жастар ұйымдарының, әйелдер бірлестіктерінің, виктимологиялық қоғамдардың және діни ұйымдардың еріктілері белсенді түрде тартылады. Жоғарыда аталған ұйымдардың үйлестірілген күш-жігері жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу және жекелеген проблемаларды шешуге ықпал етуі тиіс. Біріккен Ұлттар Ұйымының қамауға алумен байланысты емес шараларға қатысты стандартты қағидаларында қоғамның құқық бұзушыларды оңалту процестеріне қатысуының маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Дамыған көптеген елдерде жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және мемлекеттік институттармен өзара іс-қимыл пробация қызметінің жұмысының елеулі бөлігін құрайды. Сонымен қатар, бақылаудағы тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеуге тікелей көмек көрсететін еріктілер мен жекелеген ұйымдармен өзара қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Бұл қызмет жоғары деңгейдегі бақылауды жүзеге асыратын орталықтандырылған құрылым болып табылады.

Ресей Федерациясының Үкіметі Ресейдің 2022 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді тұжырымдама аясында елде дербес пробация қызметін құру қажеттігін белгіледі. Ресей Федерациясының қылмыстық-атқару жүйесін 2020 жылға дейін реформалау тұжырымдамасы Ресей Үкіметінің 2010 жылғы қаулысымен бекітілді. Қылмыстық-атқару жүйесін оңтайландыруға бағытталған кешенді шаралармен қатар пробация қызметін жетілдіру мәселесі де қарастырылды. Аталған тұжырымдаманы талқылау барысында нақты пробация қызметін құру, оған кейіннен қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік билік органдарын тарту арқылы пробация институтының кешенді жүйесін қалыптастыру және Ресей Федерациясында федералдық қызметті құру сияқты мүмкін болатын нұсқалар зерделенді. 2018 жылы Ресей Федерациясындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Т.Н. Москалкова Ресейде пробация қызметінің құрылуы туралы ресми мәлімдеме жасады. Бұл қызмет мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған әйелдерге әлеуметтік көмек көрсету, қадағалау және патронажбен айналысатын болады. Қазіргі уақытта Ресей Федерациясында «Ресей Федерациясының пробациясы туралы» федералдық заңы бар. 2023 жылғы 6 ақпанда қабылданған және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген «Ресей Федерациясының пробациясы туралы» Заңында пробацияның үш негізгі түрі көрсетілген: атқарушылық пробация, пенитенциарлық пробация және пенитенциарлықтан кейінгі пробация.

Шетелдердің пробация қызметінің заңды құрылымы, қандай бақылаушы орган екендігі, бағыныстылығы, пробациялық бақылау мерзімі туралы ақпараттарды зерделеп, меңгеруде ыңғайлы болу үшін салыстырмалы кесте түрінде 2 қосымшада көрсетілді.

Халықаралық тәжірибеге талдау жасасақ, пробация қызметінің ауқымды мүмкіндіктер мен функцияларға ие екендігі байқалады. Атап айтқанда, пробация қызметі сотқа дейінгі баяндаманы енгізу арқылы құқық бұзушының жеке басының «әлеуметтік портретін» ұсына алады. Бұл баяндамада әділ сот жазасын шығару үшін сотқа қылмыстық жазаның ең тиімді шарасын тағайындау бойынша ұсыныстар міндетті түрде қамтылады. Сонымен қатар, пробация қызметі бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға пенитенциарлықтан кейінгі кезеңде бейімделуге ықпал жасайды, өз кезегінде құқық бұзушының мінез-құлқын түзетуге бағытталған мамандандырылған бағдарламаларды қамтиды, қылмыстық әрекеттегі криминогендік факторларды анықтауға бағытталған шараларды жүзеге асырады, қылмыс құрбаны мен құқық бұзушы арасындағы медиациялық процестерге ықпал етеді, қылмыс құрбандарына психологиялық көмек көрсетеді, сотталғанның сотпен жүктелген міндеттемелерді орындауын мониторингтейді және әлеуметтік осал топтарға кешенді әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Пробация қызметінің ұзақ мерзімді жұмыс тәжірибесі бар шетелдік мемлекеттердің (мысалы, Нидерланды, Ұлыбритания) тәжірибесі

көрсеткендей, бұл институт құқық бұзушыға бақылау жүргізудің тиімді жүйесін ұсынады.

Көптеген еуропалық елдердің пробация қызметінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу қағидаттары тұрақты ұлттық дәстүрлер мен институционалдық құрылымға негізделеді. Пробация қызметкерлерінің рөлі мен мәртебесін анықтауда жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды болғанымен, Еуропа елдерінің пробация қызметінің жұмыс істеуінің кейбір жалпы қабылданған үлгілерін анықтауға болады.

Бірқатар жағдайларда пробация қызметкерлері психология, әлеуметтік жұмыс, педагогика, әлеуметтану және құқық сияқты әлеуметтік ғылымдар саласындағы жоғары білімді мамандар арасынан іріктеледі (Грузия, Румыния, Молдова, Латвия). Кейбір елдерде (Австрия, Дания, Ирландия, Италия, Испания және т.б.) пробация қызметкерлерінің «әлеуметтік қызмет бакалавры» дәрежесінің болуы міндетті талап болып табылады.

Әдетте, білікті кадрлардың басқарушылық позицияларды иеленуі ұжымның ұйымдық мәдениетіне айтарлықтай ықпал етеді. Жекелеген жағдайларда, бұл құрылымдардың пробациялық әлеуметке қайта қосу қызметін жүзеге асыруы қиындықтар тудыруы мүмкін, себебі олар көбінесе бақылау және заңдылықты қамтамасыз ету функцияларын орындауға бағдарланған.

Еуропаның көптеген елдерінде пробация қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады және оларға мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың ережелері қолданылады. Мысалы, Латвия Республикасында пробация қызметінің кадрлық құрамы тек мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың біліктілік талаптарына сай келетін кандидаттармен толықтырылады.

Жекелеген мемлекеттерде пробация қызметі пенитенциарлық жүйемен тығыз байланысты түрде жұмыс істейді, ал пробация қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер арасында ерекшеленген статусқа ие болуы мүмкін. Олар мемлекеттік қызметшілер қатарына жатпаса да, арнайы заңнамалық актілермен реттелетін ерекше құқықтық мәртебеге ие болады.

Көптеген елде пробация қызметі Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшесі ретінде функция атқарады, нәтижесінде пробация қызметкерлері де Әділет министрлігінің қызметкерлері болып есептеледі. Кейбір жағдайларда пробациялық бөлімшелер Әділет министрлігінің әкімшілік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді. Пробация қызметкерлері Әділет министрлігі немесе әлеуметтік қамсыздандыру саласы арқылы тағайындалған кезде, пробация қызметінің мамандары негізінен мемлекеттік қызметшілер немесе ерекше мәртебеге ие мемлекеттік қызметшілер болып табылады және олардың қызметі мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен реттеледі. Егер пробация қызметкерлеріне мемлекеттік қызметтің ерекше статусы берілген жағдайда, олардың қызметтік қатынастарын реттейтін арнайы заңнамалық акт қабылданады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Халықаралық тәжірибедегі пробация нысандарына шолу жасаңыз.
2. Англо-саксондық құқықтық жүйесін мазмұндаңыз.
3. Романо-германдық құқықтық жүйесін мазмұндаңыз.
4. Америка құрама штаттарындағы пробация қызметін баяндаңыз.
5. Францияның пробация қызметін баяндаңыз.
6. Молдованың пробация қызметін баяндаңыз.
7. Германияның пробация қызметін баяндаңыз.
8. Қырғызстанның пробация қызметін баяндаңыз.
9. Өзбекстанның пробация қызметін баяндаңыз.
10. Ресей Федерациясының пробация қызметін баяндаңыз.

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.

4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы желтоқсандағы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

6. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы Қазақстан Республикасы ІІМ «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

7. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған БҰҰ-ның Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері)».

8. Абеуов Д.А. Историко-эволюционные и социально-правовые аспекты пенитенциарной и постпенитенциарной адаптации лиц, лишенных свободы. Монография. - 2022.-160 с.

9. Артеменко В.К., Карабанов Е.Н., Магомедрасулов М.М. и др. Прокурорский надзор за соблюдением конституционных прав и свобод осужденных к лишению свободы. -Пособие, М.- 2016. - 92 с.

10. Грушин В.Ф. Влияние системы факторов на развитие уголовно-исполнительной политики и уголовно-исполнительного законодательства Российской Федерации. Монография: 2020.- 208 с.

11. Иванцов С.В. Законодательная регламентация и исполнение наказания в виде ограничения свободы. Монография. -М.: 2018.- 125 с.

12. Парламенттің ұжым авторлары «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық - процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жаңғырту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға ақпараттық мәліметтер [Мәтін + CD (электрондық қосымша)]. 2 тілде (қаз., орыс.); Том 1. - Астана, 2016. - 439 б.

13. Селиверстов В.И., Баламут А.Н., Посмаков П.Н. Характеристика осужденных, отбывших пожизненное лишение свободы (по материалам специальной переписи осужденных и лиц, содержащихся под стражей, декабрь 2022 года). Монография. -Москва. 2024. -104 с.

14. Сүйеубаева З.М. Кажикова Г.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы [Электрондық ресурс]. Оқу құралы. - Қостанай, 2018.т- 3 эл. нұсқа.

15. Филипец О.Б. Отсрочка отбывания наказания по уголовному праву Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Учебное пособие. - Астана: АФП, 2013. - 164 с.

16. Филипец О.Б., Алибекова А.М. Қылмыстық-құқықтық цикл пәндері бойынша кейстер жинағы. Оқу-практикалық құралы. Қазақ және орыс тілдерінде. - Алматы: Лантар Трейд, 2021. - 188 б.

3 тарау. Қазақстанда Республикасындағы пробация қызметінің негізгі бағыттары

Еліміздің «Пробация туралы» Заңында пробацияның келесі түрлері көзделген:

«1. Сотқа дейінгі пробация – сотқа дейінгі баяндаманы дайындау жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

2. Үкімдік пробация – бас бостандығын шектеуге сотталған, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

3. Пенитенциарлық пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;

4. Пенитенциарлықтан кейінгі пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға

әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы»²².

3.1 Сотқа дейінгі пробация

«Пробация, нақты бір тобы анықталған адамдар тобына олардың қайталап қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуда, мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі»²³.

Яғни, пробация институты қылмыстық процес шеңберіндегі күдікті, айыпталушының, сотталғанның мінез-құлқын оңалтуға, сотталған тұлғаны қоғамға бейімдеуге, пенитенциарлық мекемелерден босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мақсаттарды көздейді.

Аталған мақсаттарға жетуде төмендегі міндеттерге жетуді көздейді:

- пробацияға тартылған тұлғаларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;
- бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлерін орындауды қамтамасыз ету;
- соттың пробациялық бақылау белгілеген сотталғандарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру;
- пенитенциарлық мекемелерде бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандарды босатуға даярлау.

Пробация институты келесі формаларда ұйымдастырылады: пробациялық есепте тұрған тұлғаларға пробациялық бақылау мен әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету арқылы. Сонымен қатар, пробация қызметінің есебіндегі тұлғалардың заңмен және сотпен жүктелген міндеттерді орындауын қадағалау бойынша пробация қызметі мен полиция органдарының өзара іс-қимылын білдіреді. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету пробация субъектілерінің, яғни өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды қоғамға қосып, әлеуметтік бейімдеуге және оңалтуға бағытталған шаралар кешенін іске асыруын қамтиды.

К.Х. Рахимбердин «еліміздің заңнамаларында әлеуметтік бейімдеуге және оңалтуға бағытталған шаралар кешені бағдарламаларының ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдері айқындалмаған деп атап көрсетеді»²⁴.

Пробация есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету келесі іс-шаралардан көрініс табады: медициналық көмек алу; орта білім алу; кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілікті арттырудан, кәсіпті меңгеруден; жұмысқа орналасуға көмектесуден;

²² «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ. «Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен

²³ Сол жерден қараңыз

²⁴ Рахимбердин К.Х. Закон Республики Казахстан «О пробации»: критические замечания на полях. // Евразийская адвокатура. 2020. -1. -97 б.

психологиялық көмек көрсетуден, заңдарда айқындалған белгілі жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді алудан.

Пробациялық есептегі тұлғаларды әлеуметтік бейімдеудің көріністері: әлеуметтік-психологиялық және психологиялық кеңес беру; әлеуметтік патронаж; тараптардың келісімі негізінде отбасылық және өзге де әлеуметтік-белсенді байланыстарды ұстап тұруда жәрдемдесуді қамтитын әлеуметтік байланыстарды қолдау жүйесін қалпына келтіру және дамыту.

Пробациялық есептегі тұлғаларды оңалту шаралары: тұрғылықты жермен қамтамасыз ету; әлеуметтік бейімдеу іс-шараларды ұйымдастыру; мәдени-спорттық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету; әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша консультация беру арқылы тұрмыстық және отбасылық бейімдеуді жүзеге асыру.

Заңда пробацияны жүзеге асырушы субъектілер ретінде: «Ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы, жергілікті атқарушы органдар, азаматтар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар айқындалған. Бұдан басқа, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әрбір аталған субъектінің құзыреті нақтыланып, заңның екінші тарауында құқықтық тұрғыда бекітілген. Сотқа дейінгі пробация заңнамалық тәртіпте кәмелетке толмағандарға, елу сегіз жас және одан асқан әйелдерге, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, алпыс үш жас және одан асқан ер адамдарға, үш жасқа дейінгі балаларды жалғыз тәрбиелейтін ер адамдарға, мүгедектігі бар күдіктілер мен айыпталушыларға ерікті негізде қолданылады. Сонымен қатар, сотқа дейінгі пробация бұлтартпау шарасы ретінде ұйқамақ немесе күзетпен қамауда ұстау тағайындалған тұлғаларға қатысты қолданылмайды»²⁵.

Пенитенциарлық мәселелер бойынша ұлттық сарапшы Е.Н. Саламатовтың пікірінше, «заң бойынша сотқа дейінгі пробация еріктілік қағидатында жүзеге асырылғанымен, іс жүзінде пробация қызметтері үшін қызметтік индикаторлар бекітіледі, олардың жұмысы күдіктілер мен айыпталушыларға көрсетілген әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемімен өлшенеді.

Бұл жағдай пробация қызметкерлерінен күдіктілер мен айыпталушылардың мінез-құлқын түзету мақсатында әлеуметтік және өзге де көмек көрсетуді талап етеді. Алайда, күдіктілер мен айыпталушылардың басым бөлігі мұндай көмекке жүгінуге құлықсыздық танытады, өйткені олар ең алдымен сот үкіміне тікелей әсер ететін құқықтық аспектілерге қызығушылық білдіреді. Сотқа дейінгі тергеу сатысында мемлекеттен әлеуметтік-құқықтық көмек алуды олар өзіне тағылған айыптауда кінәсін мойындаудың психологиялық көрінісі ретінде қабылдайды.

Екінші жағынан, пробация қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама олардың күдіктілер мен айыпталушыларға әлеуметтік-құқықтық

²⁵ Пробация туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

көмек көрсетуге қатысты белгілі бір сыншылдықты анықтады. Бұл төмендегідей факторлармен түсіндірілуі мүмкін:

- көмек алушылардың ынтасының төмендігі;
- күдіктіге қатысты қылмыстық іс тоқтатылған жағдайларда (мысалы, жәбірленушімен татуласуына байланысты) атқарылған жұмыстың нәтижесіздігін түсіну;
- күдіктілер мен айыпталушыларға көмек көрсету үшін барлық пробация субъектілерінің (жергілікті атқарушы органдар, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту, әлеуметтік көмек және т.б.) тиісті өзара іс-қимылын ұйымдастыру үшін өкілеттіктердің жеткіліксіздігі;
- құқық бұзушыларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі, олардың әлеуметтік проблемаларын анықтау, зерттеу және бағалау негізінде, бұл пробация қызметкерлерінің, негізінен заңгерлер бейінді емес қызмет ретінде қабылдауы;
- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің шектеулі мерзімі жағдайында әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасының іс-шараларын сапалы жүзеге асырудың мүмкінсіздігі»²⁶.

«Сотқа дейінгі пробация белгілі бір санаттағы адамдардың ерікті жазбаша өтініші негізінде іске асырылады. Пробация қызметі жалпы заңнамалық актілерге сәйкес алынған мәліметтерді талдау негізінде, сот талқылауына дейін сотқа дейінгі пробация қолданылатын тұлғаға арналған сотқа дейінгі баяндаманы әзірлейді. Өзіне қатысты сотқа дейінгі пробация тағайындалған тұлға баяндаманы дайындау процесіне қатысуға және оның мазмұны бойынша өз пікірлерін білдіруге құқылы, бұл оның сотқа дейінгі баяндамада тіркелуін талап етеді. Дегенмен, сотқа дейінгі тергеу кезеңінде қылмыстық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған жағдайда, пробация қызметі сотқа дейінгі пробацияны тоқтатуға міндетті. Сотқа дейінгі баяндама күдіктінің немесе айыпталушының жеке басының ерекшеліктерін, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасында белгіленген іс-шаралардың орындалуын, пробация қызметінің ұсынымдарын сақтауын және ұсынылған көмекті қабылдауын қамтитын ақпараттар жиынтығы болып табылады»²⁷.

Күдіктінің, айыпталушының жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестілеу аталған пробация кезінде сотқа дейінгі баяндаманы жасау барысында жүргізіледі.

²⁶ Национальный эксперт по пенитенциарным проблемам Е.Н. Саламатов. Досудебная пробация: проблемы и пути решения. Электрондық айналыс режимі. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33958224&pos=6;-108#pos=6;-108. Жүгінген күні: 1.05.2025 ж.

²⁷ Сотқа дейінгі пробация сатысында күдіктінің, айыпталушының жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестіден өткізу әдістемесін және Сотқа дейінгі баяндаманы дайындау әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 04 ақпандағы № 90 бұйрығы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

Күдікті, айыпталушыға зерттеу мақсаты түсіндіріледі. Зерттеу жүргізудің тәртібі сақталып, зерттелетін адамның еркі бойынша тілдерді таңдау құқығы беріледі, ұзақтығы алпыс минуттан аспайтын, күннің бірінші жартысында ерікті түрде сұрау жүргізуден көрініс табады.

Психологиялық зерттеу мақсатына сай күдікті, айыпталушы адамдарды қызықтыратын жағдайлардың ара қатынасын бағалауға мүмкіндік беретін әдістемелер қолданылады. Мұндай зерттеулер зерттелетін адамның ер немесе әйел екендігі, жас мөлшері және білімі ескеріліп жүргізіледі, өйткені әдістемелердің мазмұны күдіктінің, айыпталушының барлық санаттарымен ұғынуын қамтамасыз ететіндей құрылуы қажет.

Арнайы психологиялық немесе педагогикалық білімі бар адамдар аталған адамдарға жеке бастың психологиялық-әлеуметтік тестілеуден өткізеді. Психологиялық немесе педагогикалық білімі бар адамдар тестілеу нәтижелерін өңдейді және талдайды.

Өз кезегінде күдіктілерге, айыпталушыларға психологиялық-әлеуметтік тестілеу жүргізуді талдау республикада бірыңғай практиканың жоқтығын көрсетті. Әрбір өңірлік пробация қызметі аталған мәселені дербес шешуге мәжбүр болуына байланысты, жекелеген аймақтарда тестілеу медициналық мекемелерде, өзгелерінде әлеуметтік бейімдеу орталықтарында, үшіншілерінде үкіметтік емес ұйымдардың мамандары арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте, көрсетілген ұйымдардың әртүрлі бағыттылығы тестілердің мазмұнына, қолданылатын тестілеу әдіснамасына және алынған нәтижелерге өзіндік ықпалын тигізеді.

Күдіктінің, айыпталушының жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелдерін бағалауға келетін болсақ, қазіргі уақытта пробация қызметтерінің қызметінде қандай да бір ресми, яғни Ішкі істер министрлігі бекіткен тәуекелдерді бағалау әдістемесі де жоқ. Осыған байланысты олар үкіметтік емес ұйымдардың сарапшылары әзірлеген бейресми үлгілерді пайдалануға мәжбүр.

Аталған проблемалар «Пробация туралы» Заңның жекелеген ережелерін іске асыру тетіктерінің пысықталмауынан туындады. Сонымен қатар, Заңның өзінде қарастырылып отырған әлеуметтік-құқықтық институтты түсіндіруді қиындататын айқын қайшылықтар бар. Мәселен, пробация қызметі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымдық элементі ретінде сипатталады. Ал, пробация түрлерінің бірі ретінде анықталған пенитенциарлық пробация бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуші тұлғаларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған іс-шаралар мен шаралар кешенін қамтиды.

Бұған қоса, тәжірибеде кейде пробация қызметкерлері сотқа дейінгі баяндамаларға үстірт қарауы мүмкін. Тіпті сотқа дейінгі баяндама жасалмауы да мүмкін. Мұның бәрі сотқа дейінгі пробацияны енгізу кезінде

тиісті жүйелі дайындық жұмыстарының жоқтығын көрсетеді, нәтижесінде ол ресми түрде болады.

Пробация қызметінің әлеуметтік көмегін өздері көрсетпейтінін ескеру қажет, олар оны тек күдіктілер, айыпталушылар мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы байланыстырушы буын ретінде ұйымдастырады. Егер бұл процеске жауапкершілікпен келсе, онда құқық бұзушының әлеуметтік мәселелерін зерттеу және жергілікті атқарушы органдарды қосу процесі сотқа дейінгі тергеуге бөлінген уақыттың едәуір бөлігін алады.

Осылайша, сотқа дейінгі кезеңде пробация қызметін күдіктілер мен айыпталушыларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету функциясымен жүктеу практикалық тұрғыдан мүмкін емес. Ал егер осы аспектіге құқықтық призма арқылы қарайтын болсақ, онда Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адамның кінәсі соттың заңды күшіне енген үкімімен ғана танылады, сондықтан оның мінез-құлқын түзету мақсатында сотқа дейінгі тергеу сатысында оған қандай да бір көмек тағайындау, еліміздің негізгі заңымен үйлеспейді.

Қазақстандық пробация қызметінің тәжірибесінде сотқа дейінгі баяндамаларды тек заңгерлер жасайды, өйткені бұл қызметте басқа мамандар жоқ. Қазіргі жағдайда сотқа дейінгі баяндамалардың әлеуметтік мазмұны жағынан сапасы туралы айту өте қиын. Сондықтан, әлеуметтік мамандарсыз отандық сотқа дейінгі пробацияның дұрыс жұмыс істеуі мүмкін емес.

Сотқа дейінгі пробацияның өзекті мәселелерінің бірі ұлттық заңнамада пробация қызметі қызметкерінің де, сотқа дейінгі баяндаманың да қылмыстық іс жүргізушілік мәртебесінің заңды түрде бекітілмеуімен сипатталады. Сотқа дейінгі баяндаманың функционалдық мәні әлеуметтік факторларды ескере отырып, қылмыстық жазаны оңтайлы таңдау үшін сотқа ақпараттық қолдау көрсету болып табылады. Осыған байланысты, сотқа дейінгі баяндама процессуалдық тәртіпте судьяға алдын ала жолданады.

Мұндай баяндамада сот үкіміне қатысты ұсыныстар болуы керек екендігі Токио ережелерінде нақты көрсетілген. Сондықтан сотқа дейінгі пробация деп аталатын бұл механизм соттар талап ететін құқықтық жағдайларда ғана жұмыс істейді.

«Практика қолдану аясы әр түрлі қалыптасуы мүмкін. «Пробация туралы» Заңға сәйкес, пробация қызметінің маманы баяндаманы сот талқылауы басталғанға дейін тек күдіктіге ұсынады, бұл ретте сотқа жолданбайды, ал пробация өкілі сот отырысында сөз сөйлеу құқығына ие емес. Аталған заң күшіне енгеннен бері пробация қызметкерінің сотқа дейінгі баяндаманы ұсыну қарқыны төмендеуі байқалады. Мұндай тәсіл әлемдік практикада қалыптасқан сотқа дейінгі баяндама институтының мәнін толығымен көрсетпейді. Бұл жағдайды жетілдіру үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет: біріншіден, пробация қызметкерін қылмыстық процеске қатысушы субъект ретінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне енгізу; екіншіден, сотқа дейінгі баяндаманы Қазақстан

Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде заңды түрде бекіту, бұл оған процессуалдық мәртебе беруге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе, Токио ережелерінде де назар аударылған әлеуметтік, сотқа дейінгі баяндаманың жан-жақтылығы мен бейтараптығы. Аталған нәтижеге қол жеткізу мақсатында сотқа дейінгі пробация қызметтері, қағида бойынша, пенитенциарлық жүйе құрамына кірмейді. Мәселен, Ұлыбритания тәжірибесінде олар сотқа бағынышты болып, судьялардың көмекшісі функциясын атқарады және сот ғимаратының ішінде орналасады. Сотқа дейінгі пробация пенитенциарлық жүйеге интеграцияланған елдерде де оның қызметкерлері жазаны орындау функцияларын жүзеге асырмайды. Яғни, олар пенитенциарлық мекемелерден де, баламалы жазаларды орындайтын қызметтерден де бірдей дәрежеде тәуелсіздікті сақтайды. Бұл жағдай сотқа дейінгі пробация қызметіне сотқа дейінгі баяндаманы әзірлеу және жазалау шараларына қатысты сот үшін объективті және бейтарап ұсынымдарды қалыптастыру барысында тәуелсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған мәселеден шығуда екі жол ұсынылады.

Біріншісі. Пробация қызметінің ішінде тек сотқа дейінгі баяндамаларды дайындаумен айналысатын, яғни жазаны орындамайтын бөлімше құру. Оның қызметкерлері әлеуметтанушылар, психологтар, педагогтар мамандары болуы керек. Алайда, мұндай тәсілмен толық жан жақтылық пен бейтараптықты қамтамасыз ету де қиын болады, өйткені бұл қызметкерлер бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындайтын қызметтің ішінде болады.

Екінші ұсыныс сотқа дейінгі пробация функциясын сот жүйесіне беру.

Әлемдік тәжірибеде сотқа дейінгі пробация жұмысын ұйымдастырудың балама модельдері де орын алған. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында мемлекеттік пробациялық қызметтермен қатар мемлекеттік емес пробациялық ұйымдар да нәтижелі қызмет етеді. Бұл модельдің мәні құқық бұзушының өзіне қатысты әлеуметтік баяндаманы дайындау үшін жеке қаржысын жұмсауында. Коммерциялық пробациялық қызметтердің қызметі лицензиялауға жатады, ал жан-жақтылық пен бейтараптылық қағидаларын бұзған жағдайда лицензиядан айыру санкциясы қолданылады.

Жалпы алғанда, 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Заң қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне айтарлықтай өзгерістер енгізіп, оның құзыреттілік аумағын сотқа дейінгі кезеңге қарай бағыттады. Егер бұрын қылмыстық-атқару жүйесінің функциялары сот үкімі заңды күшіне енген сәттен басталып, жаза мерзімінің аяқталуымен шектелсе, қазір оның функциялары сот тұлғаны кінәлі деп ресми түрде танығанға дейінгі сатыда бастау алады.

Жоғарыда атап өтілгендей, сотқа дейінгі пробацияның негізгі функционалдық міндеті сот үшін әлеуметтік баяндама дайындау болып табылады. Атап айтқанда, сот оның өнімдерін тұтынушы субъект ретінде

әрекет етеді. Сотқа дейінгі баяндаманы әзірлеу және үкім шығару процестері уақыт жағынан синхронды және бірыңғай қылмыстық іс жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты, сот пен сотқа дейінгі пробация арасында бюрократиялық кедергілерсіз тікелей байланысты орнату аса маңызды. Бұл тек сот пен сотқа дейінгі пробация бір ведомстволық бағыныста болған жағдайда ғана мүмкін болады. Пробацияның өзге түрлерімен шатастырмау үшін сот пробациясын халықаралық тәжірибеде қолданылатын термин-әлеуметтік есеп қызметі деп атау ұсынылады.

Бұл жан жақтылық пен бейтараптық қағидаты біздің тәжірибеде жоқ. «Сотқа дейінгі баяндамаларды дайындау бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларды тікелей орындайтын қызметкерлерге жүктелген, деп атап өтті»²⁸.

Адамға жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестіден өткізу келесідей кезеңнен тұрады:

- психологиялық-әлеуметтік тестілеуді дайындау, ұйымдастыру сатысы;
- адамның биографиясына қатысты ақпараттарды жинастыру сатысы;
- адамның жеке басының жеке-психологиялық психологиялық зерттеу сатысы.

Алғашқы сатысында зерттеудің мақсаттары, міндеттерін айқындаудан пробация қызметінің қызметкерлерімен өткізудің орны мен күнін жоспарлау, сол адамның міндетті қатысуын қамтамасыз етуден көрінеді.

Екінші саты жеке басын қалыптастырудың кезеңдері, аталған кезеңде жеке басынан өткізген оқиғалар туралы айтып беруден тұрады. Бұл кезең өте маңызды болып табылады. Жинақталған ақпараттар адамның қоғамдық қауіптілік қол сұғушылығын, ауырлығын, дәрежесін анықтау, зерделеу және оның түзелуі мен қайта тәрбиеленуінде маңыз зор.

Үшінші саты адамды психологиялық диагностикалау тестілеу әдістемелер мен сауалнамаларды қолданудан тұрады. Пайдалануға негіз болып табылатын психологиялық диагностиканың әдістеріне қолдануға ғана жол берілуі қажет. Бұл кезеңде адамның жеке басының келесуі қасиеттері зерделенеді:

- психологиялық жай-күй, жұмысқа қабілеттілігі, белсенділігі, жағдайы, халы, көңіл-күйі, күйзеліске шыдамдылығы, мазасыздығы;
- зияткерлік тұрғыда даму ерекшелігі;
- жеке басқа қатысты басқа да ерекшеліктері, мысалы темпераменті;
- өзі құнды деп санайтын ақпараттар;
- топта жұмыс жасай білу, қарым-қатынастақа түсе алу қабілеті.

Сотқа дейінгі баяндама сотқа дейінгі пробация тағайындалған кәмелетке толмаған тұлғаларға, елу сегіз жас және одан үлкен әйелдерге,

²⁸ Саламатов Е.А. Досудебная пробация: проблемы и пути решения. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33958224&pos=6;-108#pos=6;-108 (жүгінген күні: 01.05.2025ж.)

жүкті әйелдерге, жас балалары (үш жасқа дейін) бар әйелдерге, алпыс үш жас және одан асқан ер адамдарға, жас балаларды (үш жасқа дейін) жалғыз тәрбиелеуші ер адамдарға, мүгедектігі бар күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты ерікті негізде әзірленеді.

Заңға қайшы және қоғамға қауіпті әрекеттерді жасаған күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты пробация қызметкері әзірлейтін сотқа дейінгі баяндама, күдіктілер мен айыпталушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, олардың заңға қайшы әрекеттерге қайталап бару ықтималдығын бағалау арқылы сотты хабардар ету мақсатында аталған тұлғалар туралы мәліметтерді жинақтауды білдіреді. Сонымен қатар, заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасаған күдіктілер, айыпталушыларға сотқа дейінгі баяндама олардың сол іс-әрекеттерге баруларының тәуекелдерін бағалау арқылы, пробация қызметі қызметкерлерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы және заңмен қорғалатын жеке бастың өзге де құпиялар туралы заңнамасының талаптарын қатаң сақтап, басқа да заңды тұлғалардан алынатын мінездеме, ақпараттар, анықтама, өзге де мәлімдемелер арқылы жасалынады.

Сонымен қатар, пробация қызметінің мамандары сотқа дейінгі баяндаманы әзірлеу мақсатында өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардан соттылығының болу-болмауы туралы мәліметтерді, сондай-ақ білім беру мекемелерінен, қызмет немесе жұмыс орындарынан күдікті немесе айыпталушыға қатысты өзге де қажетті ақпаратты сұратып алады және пайдаланады. Баяндама құжаты екі данада толтырылады. Оның бір данасы күдіктіге, айыпталушыға немесе оның қорғаушысына, заңды өкіліне сот қарауы басталғанға дейінгі заңмен реттелген мерзімде қолхат арқылы тапсырылады, ал екінші данасы күдіктінің немесе айыпталушының қылмыстық іс материалдарында сақталады. Өзіне қатысты сотқа дейінгі баяндама дайындалып жатқан тұлғалар оны әзірлеу процесіне қатысуға және баяндамада көрсетілуге тиіс мәліметтер бойынша өз пікірлерін білдіруге құқылы. Егер сотқа дейінгі тергеу сатысында қылмыстық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылса, пробация қызметінің маманы сотқа дейінгі пробацияны тоқтатады. Сотқа дейінгі баяндамада қамтылған мәліметтер пробация қызметінің өзге де түрлерін жүзеге асыру барысында ақпараттық базаны жаңарту үшін қолданылады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Қазақстандағы пробация қызметінің негізгі бағыттарын атаңыз.
2. Үкімдік пробация туралы баяндаңыз.
3. Пенитенциарлық пробация туралы баяндаңыз.
4. Пенитенциарлықтан кейінгі пробация туралы баяндаңыз.
5. Сотқа дейінгі пробация туралы баяндаңыз.
6. Сотқа дейінгі баяндама туралы баяндаңыз.

7. Адамды жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестіден өткізу неше кезеңнен тұрады?
8. Психологиялық-әлеуметтік тестілеуді дайындау сатысы туралы баяндаңыз.
9. Психологиялық-әлеуметтік тестілеуді ұйымдастыру сатысы туралы баяндаңыз.
10. Адамның биографиясына қатысты ақпараттарды жинастыру сатысы туралы баяндаңыз.
11. Адамның жеке басының жеке-психологиялық психологиялық зерттеу сатысы туралы баяндаңыз.
12. Психологиялық диагностиканың әдістеріне қолдануға жол берілуі кезеңде адамның жеке басының қандай қасиеттері зерделенеді?
13. Психологиялық жай-күй, жұмысқа қабілеттілігі, белсенділігі, жағдайы, халы, көңіл-күйі, күйзеліске шыдамдылығы, мазасыздығы қандай қасиеттерді білдіреді, қандай зерттеу сатысында анықталуы қажет?
14. Зияткерлік тұрғыда даму ерекшелігін қалай түсінесіз?
15. Жеке басқа қатысты басқа да ерекшеліктері, мысалы темпераменті туралы баяндаңыз?
16. Адам өзі құнды деп санайтын қандай ақпараттарды білесіз?
17. Топта жұмыс жасай білу, қарым-қатынастақа түсе алу қабілетін қайдан аңғаруға болады?

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-тқару кодексі.
3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі.
5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңы.
6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к уголовному кодексу РК. Общая и особенная часть. - Алматы. Жеті Жағы. - 2015.-1624 с.
7. Ж. Балтабаев Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім. Оқулық. - Алматы: Лантар Трейд, 2020.- 394 б.

8. Парламенттің ұжым авторлары «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық - процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жаңғырту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға ақпараттық мәліметтер [Мәтін + CD (электрондық қосымша)]. 2 тілде (қаз., орыс.); Том 1. - Астана, 2016. - 439 б.

9. Куртомашев А.М. Криминология [Электронный ресурс]: Учебно-методическое пособие. - Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2006.- 77 с.

10. Музеник А.К., Уткин В.А., Филимонов О.В. Условное осуждение и отсрочка исполнения приговора. Томск: Изд-во Томского ун-та, 1990. - 176 с.

11. Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ, Японии / Отв. ред. Кузнецова Н. Ф. М.: Юрид. лит., 1991. 287 с.

12. Селиверстов В.И., Баламут А.Н., Посмаков П.Н. Характеристика осужденных, отбывших пожизненное лишение свободы (по материалам специальной переписи осужденных и лиц, содержащихся под стражей, декабрь 2022 года). Монография. -Москва: Проспект, 2024. -104 с.

13. Суйеубаева З.М. Кажикова Г.Н Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару құқығы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы. - CD. - Қостанай, 2018. - 3 эл. нұсқа.

14. Филипец О.Б. Отсрочка отбывания наказания по уголовному праву Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Учебное пособие. - Астана: АФП, 2013. - 164 с.

15. Филипец О.Б., Алибекова А.М. Қылмыстық-құқықтық цикл пәндері бойынша кейстер жинағы: оқу-практикалық құралы.- (қазақ және орыс тілдерінде).- Алматы: Лантар Трейд, 2021.- 188 б.

3.2 Үкімдік пробация

Үкімдік пробация бас бостандығын шектеу жазасына тартылған немесе шартты түрде сотталған тұлғаларға пробациялық бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған қызмет пен іс-шаралар кешенінің көрінісі болып табылады.

«Бас бостандығын шектеу түріндегі қылмыстық жаза сотталған тұлғаны алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке жасауынан көрініс табады. Аталған жаза түріне сотталғандар қоғамнан оқшауланбай, жазасын тұрғылықты жері бойынша өтейді. Мәжбүрлі еңбек жергілікті атқарушы органдардың бағыттауымен қоғамдық орындарда атқарылады және оның ұзақтығы күніне төрт сағаттан аспауы тиіс. Заңнамаға сәйкес, бас бостандығын шектеу түріндегі қылмыстық жазаға тартылған, бірақ тұрақты жұмыс орны бар тұлғалар, білім алушылар, кәмелетке толмағандар, жас балалары (үш жасқа дейін) бар әйелдер, жүкті әйелдер, елу сегіз жастағы және одан үлкен әйелдер, алпыс үш жастағы және одан асқан еркектер, жас балаларды (үш жасқа дейін) жалғыз тәрбиелеуші еркектер, бірінші немесе екінші топтағы

мүгедектігі бар адамдар, жазасы алты айдан кем мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбектен босатылады»²⁹.

Осы тұрғыда Н.О. Дулатбеков, «Сотталушының тіршілік жағдайын сипаттайтын мән-жайлар, біріншіден оның түзелуі процесіне адамгершілік тұрғысынан тікелей байланысты болып келеді деп, атап өтті»³⁰.

Бас бостандығын шектеу жазасын өтеу мерзімі пробация қызметі заңды күшіне енген сот үкімін алған сәттен басталады.

Пробация қызметінің қызметкерлері бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдарға пробациялық бақылауды тұрып жатқан мекен жайлары бойынша жүзеге асырады.

Сотпен жүктелген білім беру мекемесінен немесе жұмыс орнынан тыс уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеу талабының орындалуын бақылау мақсатында пробация қызметінің маманы сотталған тұлғамен бірлесіп аталған мекенжайда болу кестесін жасайды.

Пробациялық бақылаудағы бас бостандығын шектеу жазасына кесілген тұлғаны есепке алу процесінде:

- сотталған тұлғаның денсаулық жағдайын, білім деңгейін, тұрғылықты мекенжайын және еңбекпен қамтылуын анықтайды;

- сотталған тұлғаны әлеуметтік-құқықтық көмек алу жолдарымен, пробациялық бақылауды жүргізу және тоқтату қағидаларымен таныстырады, сондай-ақ тіркеуге келу күндерін белгілейді;

- сотталған тұлғаға сотпен анықталған міндеттерді орындау тәртібін, мәжбүрлі еңбекті атқару тәртібін, оларды орындамаған жағдайдағы, сондай-ақ пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны және одан жалтарғаны үшін туындайтын жауапкершілік мәселелерін түсіндіреді.

Сотталған адамдарға пробациялық бақылау келесідей жүргізіледі:

- пробациялық бақылаудағы тұлғалардың қоғамдық тәртіп пен моральдық нормаларға қайшы келетін, жеке тұлғаға қарсы бағытталған, кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, сонымен қатар жаңадан заңға қайшы, қоғамға қауіпті әрекеттер жасау немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылу фактілерін анықтау мақсатында ішкі істер органдарының барлық қолда бар есептері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің барлық басқармаларының есептері бойынша сотталған тұлғаларға ай сайын тексеру жүргізіледі. Айына кемінде бір рет мекен жайы және қызмет жасайтын орнынан мінез-құлық бойынша тексеріледі.

Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды сот шешімі бойынша жазаны өтеудің барлық мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі

²⁹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

³⁰ Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері): монография.-Астана: «Фолиант», 2002 ж. -165б.

еңбекке тартуды Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару кодексінің нормаларында көзделгендей, сотталған тұлғаның тұрғылықты мекенжайы бойынша орналасқан жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын, арнайы біліктілікті талап етпейтін және қоғамдық пайдасы бар ақысыз еңбек түрлерін атқаруынан көрініс табады.

Пробация қызметінің қызметкері сотталған адам жазасын өтеу орнына белгіленіп берілген уақытта бармағанда алғашқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады. Сотталған адамның анықталмаған жағдайда, электронды түрде немесе жазбаша сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныспен шығады.

Сотталған адамның басқа жұмыс түрлеріне, басқа жерге ауыстыруға пробация қызметі келісімімен жүргізіледі.

Сотталған тұлға жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын бұзған жағдайда, пробация қызметі шақырту негізінде тиісті іс-шараларды жүзеге асырады. Пробация қызметінің мамандары сотталған тұлғамен алдағы уақытта құқық бұзушылықтарға және жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу мәселелері бойынша профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді. Қажет болған жағдайда, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыру туралы ресми ескерту жасалып, ол жеке іс құжаттарына тіркеледі.

Жазаны өтеудің тәртіптерін, қасақана бұзған сотталған адамдарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексінің тиісті баптарында көзделген негіздерде бұзушылық айқындалған күннен бастап бес жұмыс күнде жазаны бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды электрондық түрде немесе жазбаша түрде сотқа жөнелтеді.

Сотқа жолданған ұсынымда бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырудың негіздемесі ретінде сотталған тұлғаның сотпен жүктелген міндеттерді орындаудан бас тартуы, белгіленген тәртіпті бұзуы және пробация қызметіне белгіленген мерзімде келмеу фактілері көрсетіледі. Ықпал ету шараларының қолданылуының әсері, сонымен қатар жеткізу мен ұстау туралы нақты ақпараттар көрсетіледі. Және де жұмыс, қызмет орындарынан, оқу және мекен жайларынан мінездеме алынады, пробация қызметі қызметкерінің сотталғанның мінезі бойынша ақпараты, өмір сүру салты, бар болған жағдайда сотталған адамның түсіндірмесі жолданады.

Қылмысқа қарсы іс-қимылда жаза ғана емес, қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеудің басқа да шаралары қолданылады. Осындай шаралардың бірі шартты түрде соттау болып табылады, яғни сот кінәлі адамға тағайындаған жазаның шартты түрде болуы.

Г.Ф. Поленов, «шартты соттау жаза ретінде емес, тағайындалған жазаны нақты өтеуден босату нысаны ретінде әрекет етеді. Бұл оның құқықтық табиғаты», деп атап өтті³¹.

³¹ Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: «Әділет-Пресс», 1997. С.145.

Ізгілендіру қағидатына сәйкес шартты түрде соттауды тағайындау, соттың пікірінше, жазаның алдында тұрған мақсаттарға кінәлінің жеке басын да, оның іс-әрекетін де сипаттайтын белгілі бір жағдайларға байланысты, бірақ оның мінез-құлқын бақылау жағдайында жазаны нақты өтемей-ақ қол жеткізуге болатын жағдайларда жүзеге асырылады.

Шартты түрде соттаудың мақсаты-жазасын өтеу сатысын айналып өтіп, қылмыс жасаған адамды түзету және оның орындалуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабы 2-бөлігіне сәйкес, сот шартты соттауды тағайындау кезінде жасалған қылмыстық әрекеттің сипаты мен қоғамдық қауіптілік деңгейін, айыпты тұлғаның жеке басын, жауапкершілік пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың жиынтығын ескеруге міндетті.

Шартты түрде соттауды қолдану кінәлі адамның жеке басымен және сот тағайындаған жаза түрімен ғана емес, сонымен бірге жасалған қылмыстың ауырлығымен, қоғамға қауіптілік дәрежесімен де байланысты. Қылмыстық заң қарастырылып отырған институттың белгілі бір санаттағы адамдарға және қылмыстардың кейбір санаттарына қатысты шектеулерін белгілейді.

Шартты түрде соттау қылмыстардың қайталануы, қылмыстың қауіпті қайталануы кезінде, адамды аса ауыр қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар үшін соттау кезінде адамдарға қолданылмайды.

Шартты соттау тағайындалған жағдайда, сот қылмыстық кодекстің нормаларына сәйкес бас бостандығынан айырудың барлық белгіленген мерзіміне, ал кәмелетке толмағандарға алты айдан бір жылға дейінгі аралықта пробациялық бақылау белгілейді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнама бақылау мерзімін қатаңдатып, 1997 жылғы қылмыстық заңнамада көрініс тапқан бұрынғы сынақ мерзімін іс жүзінде алмастыра отырып, оны бас бостандығынан айыру жазасының бүкіл тағайындалған мерзіміне белгілейді.

Тиісті бақылауды қамтамасыз ету және сотталғандардың орналасқан жері туралы ақпаратты алу мақсатында пробация қызметі электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

Осы тұрғыда пробация қызметі қолдана алатын электрондық бақылау құралдарының түрлері мен оларды қолдану тәртібі бас бостандығын шектеуге сотталғандарға қатысты жүзеге асырылатын тәртіпке ұқсас болып келеді.

Шартты түрде сотталған тұлғаның мінез-құлқына пробациялық бақылау мерзімі аяқталғаннан кейін мониторинг тоқтатылады және тұлға пробация қызметінің есебінен шығарылады. Дегенмен, мемлекеттік органдар мен ұйымдар көрсететін әлеуметтік-құқықтық көмек жеке бағдарламаға сәйкес жалғасын табады.

Шартты түрде сотталғанды есептен шығару күні мен негіздемесі шартты түрде сотталғандарды есепке алу журналында және сотталғанды бақылау ісінде тіркеледі.

Егер пробациялық бақылау мерзімі аяқталғанға дейін шартты түрде сотталған тұлға өзінің мінез-құлқы арқылы түзелу жолына түскенін дәлелдесе, сот пробация қызметінің ұсынысы бойынша шартты соттаудың күшін жою және сотталған тұлғаның соттылығын алып тастау туралы шешім қабылдай алады.

Сот шартты соттылықтың күшін жою және сотталушыдан соттылықты алып тастау үшін белгілі бір факторлардың, шарттардың болуы қажет.

Біріншіден, шартты түрде сотталған адам өзінің мінез-құлқымен өзінің түзетілгенін дәлелдеуге және оны пробациялық бақылау мерзімі аяқталғанға дейін де өзінің еңбекке деген адал көзқарасымен, соттың өзіне жүктеген міндеттерін орындауымен, пробация қызметіне уақтылы келуімен, өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру үшін, сондай-ақ құқық қорғау мінез-құлқымен дәлелдеуге тиіс.

Екіншіден, сот белгілеген пробациялық бақылау мерзімінің кемінде жартысы «өтелуі» тиіс.

Үшіншіден, пробация қызметінің шартты соттаудың күшін жою және сотталған адамның сотталғандығын алып тастау туралы ұсынысының болуы. Ұсынымда шартты түрде сотталған адамның жеке басын, оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер баяндалады және шартты соттаудың күшін жою және сотталған адамның сотталғандығын алып тастау туралы мәселе қойылады. Бұл ұсыныс жиналған мәліметтер мен оның мінез-құлқын талдау негізінде дайындалуы керек және сотталған адамның түзетілгенін дәлелдеуі керек.

«Прокуратура органдары өз құзыреті шегінде қылмыстық жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады»³².

Сонымен қатар, «прокурорлардың назарын күшейтілген пробациялық бақылауды тағайындау фактілерін жоюға аудару қажет. Күшейтілген пробациялық бақылау ұғымы заңнамамен алынып тасталды. Күшейтілген пробациялық бақылау сотталған адамды жиі келіп тұруға міндеттейді (айына 2 рет емес, 4 рет), бұл өз кезегінде сотталған адамның жағдайын нашарлатады»³³.

³² Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ. 6 бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

³³ Под общей редакцией Проректора-директора Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан Шушиковой Г.К. Методические рекомендации по организации прокурорского надзора за деятельностью служб пробации при исполнении наказаний, не связанных с изоляцией от общества. / Имангалиев Н.К., Абишева А.К.; Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2022.- 20 с.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Үкімдік пробацияның мазмұнын ашыңыз.
2. Шартты түрде сотталғандарды пробациялық бақылауды баяндаңыз.
3. Мерзімінен шартты түрде бұрын босатылғандарға пробациялық бақылауды баяндаңыз.
4. Түзеу жұмыстары түріндегі жазасын өтеушілерге пробациялық бақылауды баяндаңыз.
5. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын өтеушілерді пробациялық бақылауды баяндаңыз.
6. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің уақытын атаңыз.
7. Шартты түрде сотталғандарды пробациялық бақылаудың мерзімі туралы баяндаңыз.
8. Мерзімінен шартты түрде бұрын босатылғандарға пробациялық бақылаудың мерзімдері туралы баяндаңыз.
9. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаға сотталғандарды пробациялық бақылаудың мерзімі туралы баяндаңыз.
10. Жазаны өтеуден жалтарудың мазмұнын ашыңыз.
11. Жазаны өтеудің шарттарын қалай түсінесіз?
12. Жазаны өтеудің мазмұнын ашыңыз.
13. Жазаны орындау мен өтеудің мазмұнын түсіндіріңіз.
14. Жазаны өтеудің тәртібін түсіндіріңіз.
15. Жазаны өтеудің тәртібін қаскөйлікпен бұзудың мазмұнын ашыңыз.
16. Электронды бақылау құрылғылары туралы баяндаңыз.
17. Жеке даму бағдарламасын дайындаңыз.
18. Сотталғанды жұмыспен қамту туралы баяндаңыз.
19. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқаруда жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай?
20. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқаруда жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай?
21. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны атқаруда жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай?
22. Шартты түрде сотталғандарды пробациялық бақылаудың жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай?
23. Мерзімінен шартты түрде бұрын босатылғандарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру кезіндегі жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай?
24. Үкімдік пробацияны жетілдіру бағыттары қандай?
25. Үкімдік пробацияның проблемалы тұстарын атаңыз?
26. Сотталғанның түзелуінде, қайта оңалтуда үкімдік пробацияның рөлі қандай?
27. Ізгілендіру қағидасын баяндаңыз.
28. Жазаны жеке дара өтеу қағидасын баяндаңыз.

29. Үкімдік пробацияның заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы баяндаңыз.

30. Үкімдік пробацияны ведомствалық бақылау туралы баяндаңыз.

3.3 Пробация қызметінің түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындауы.

Түзеу жұмыстары жазаның дербес түрі ретінде 20 ғасырдың бірінші жартысында ұлттық қылмыстық заңнамада пайда болды.

Бұл атау тұрақты емес болды (міндетті, қоғамдық, мәжбүрлі, мәжбүрлі еңбек, түзеу жұмыстары), кейбір шектеулер алынып тасталды немесе туындады, бірақ негізгі белгілер өзгеріссіз қалды. «Бастапқыда заңда жазаның екі түрі - мәжбүрлі еңбекке байланысты анықтама және сотталғанның тұрғылықты жері бойынша өтелетін мәжбүрлі еңбек қарастырылған. Кейіннен жазаның осы түрін жетілдіру барысында түзеу жұмыстары сотталғанның жұмыс орнында өтелетін түзеу жұмыстарына және жазаны орындауға жауапты органдар айқындайтын орындарда өтелетін түзеу жұмыстарына бөліне бастады, бірақ сотталған адамның тұрғылықты жерінде болуы керек»³⁴.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық кодексі сотталған адамның жұмыс орнында өтелген түзеу жұмыстарын сақтай отырып, жазаның осы түрін орындауға жауапты органдар айқындайтын орындарда өтелген түзеу жұмыстарынан бас тартты. Мәселенің бұлай шешілуі Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жұмыссыздықтың пайда болуына байланысты.

«Қазіргі уақытта түзеу жұмыстары қолданыстағы қылмыстық заңнамада қарастырылған шектеулерге сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытта қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне эквивалентті сомадағы ақшалай өндіріп алу түрінде тағайындалады. Түзеу жұмыстарын орындау барысында алименттік төлемдерді, жарақаттану немесе денсаулықтың басқа да зақымдануы нәтижесінде, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген залалды өтеуге бағытталған мерзімдік төлемдерді шегергеннен кейін, сотталған тұлғаның жалақысының (ақшалай табысының) оннан елу пайызға дейінгі мөлшері ай сайын ұсталып қалып, жәбірленушілерге өтемақы төлеу қорына аударылады.

³⁴ Ст. 25 уголовного кодекса Казахской ССР<*> Сноска. Статья 76-8 исключена Указом от 29 декабря 1982 г. (Ведомости Верховного Совета Казахской ССР, 1983 г., N 2, ст. 17); статья 223-1 исключена Законом от 15 июня 1991 г.; статьи 140 и 151 исключены Законом от 16 января 1992 г.; статьи 23-2, 46-2 и 169 исключены Законом от 15 октября 1993 г.; статьи 76-5, 76-6, 77, 80, 81-1, 81-2, 86, 87, глава V исключены Указом Президента Республики Казахстан имеющего силу Закона от 12 мая 1995 г., N 2282; Кодекс дополнен статьей 122-1 Указом Президента от 21 апреля 1995 г. N 2230; статьями 209-1 и 209-2 Указом Президента от 15 июня 1995 г. N 2333; статьей 77 Указом Президента от 5 июля 1995 г. N 2362. Статьи 168-1, 200-1, 201-1, 204-1 исключены Законом РК от 13 июня 1997 г. N 124-1 ~Z970124. Утративший силу. Утвержден Законом Казахской ССР от 22 июля 1959 года. Утратил силу с 1 января 1998 г. - Законом РК от 16 июля 1997 г. N 168 ~Z970168. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

Бұл тәртіп қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында бекітілген»³⁵.

Түзеу жұмыстары өзінің мазмұны бойынша еңбек және онымен байланысты экономикалық құқықтарды шектейтін жазалардың ішкі жүйесіне жатады. Тағайындау тәртібі бойынша қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін де, қылмыстар үшін де тағайындалуы мүмкін негізгі жаза түрі болып табылады.

Түзеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің бабының санкциясында көзделген жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін. Түзеу жұмыстары сотталған адамға заңда көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау тәртібімен белгіленуі мүмкін.

«Түзеу жұмыстарын қолдану құқық бұзушылардың белгілі бір санатына тағайындалуы мүмкін. Зерттеуші ғалымдар, соттар негізінен қасақана онша ауыр емес қылмыстар мен абайсызда жасалған қылмыстар үшін түзеу жұмыстарын тағайындайтынын атап өтті. Неғұрлым қауіпті қылмыстар (бұзақылық, ұрлық) жасағаны үшін, әдетте, бас бостандығынан айыру тағайындалады. Өңірлердің бірінің соттары қараған қылмыстық істерді іріктеп зерттеуге сәйкес, түзеу жұмыстарына сотталғандардың қайталануы қысқа мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын өтегендерге қарағанда аз»³⁶.

Сот практикасын талдау нәтижелері көрсеткендей, түзеу жұмыстарын тағайындау кезінде соттар көбінесе мұны айыпты тұлғаның жеке басының ерекшеліктерімен, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрін қолдану арқылы түзеуге қол жеткізу мүмкіндігімен, оң мінездемелерімен, отбасылық жағдайымен, кәмелетке толмаған балаларының асырауында болуымен, жасы үлкен ата-аналарының болуымен, тұрақты жұмыс орнының болуымен және келтірілген залалдың елеусіздігімен негіздейді.

Түзеу жұмыстарын өтеу еңбек қызметімен тікелей байланысты болғандықтан, түзеу жұмыстарына тек еңбекке қабілетті тұлғалар ғана сотталуы мүмкін. Заң шығарушы тарапынан тікелей ескерту болмаса да, түзеу жұмыстарының жұмыс орнында жүргізілетіндігі фактісі жұмыс істейтін тұлғаларға ғана бұл жаза түрінің қолданылатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Түзеу жұмыстары түріндегі жаза тағайындалмайтын тұлғалардың келесі санаттары анықталған:

- а) Еңбекке жарамсыз деп танылғандар;
- б) Тұрақты жұмысы жоқтар;
- в) Білім беру ұйымдарында өндірістен қол үзген күндізгі бөлімде оқитындар.

³⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

³⁶ Грекова Т.М. О применении исправительных работ в свете изменений действующего уголовного законодательства // Теоретические и практические проблемы нового уголовного законодательства. М., 1985. С. 85; Камхадзе К. Л. О наказании за неосторожные преступления в связи с новым уголовным законодательством // Теоретические и практические проблемы нового уголовного законодательства. М., 1985. С. 77.

Сотталған тұлға бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылған жағдайда, пробация қызметі сотқа оны жазаны одан әрі өтеуден босату туралы ұсыныс енгізеді.

Қарастырылып отырған жазалау шарасының артықшылығы, түзеу жұмыстарына сотталған адамның сотталғанға дейінгі лауазымда жұмысын жалғастыруы. Жұмыстан шығарылған кезде сотталған адам өз қалауы бойынша жұмысқа орналасады. Сотталған адамның жұмыс орны ол тұратын елді мекенде не ол күн сайын тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келе алатын жерде болуға тиіс.

Түзеу жұмыстарын сот оның үкімі бойынша бастапқы жаза ретінде немесе оның анықтамасы бойынша тағайындайды:

- сотталған тұлға онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бір бөлігін іс жүзінде өтегеннен кейін, жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңіл жаза түрімен алмастырылуы мүмкін. Бұл қағида ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімінің үштен бір бөлігін өтеген, сондай-ақ бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде қайтадан қылмыстық әрекеттер жасаған тұлғаларға қолданылмайды;

- жазаны орындау мерзімі кейінге қалдырылғаннан кейін немесе бала қайтыс болған немесе жүктілік үзілген жағдайларда, сот сотталған тұлғаның мінез-құлқына баға бере отырып, оны жазаны өтеуден толықтай босатуы, тағайындалған жазаны неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы немесе сотталған тұлғаны жазаны өтеу үшін тиісті пенитенциарлық мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Түзеу жұмыстарын сотталған адам жұмыс орнында жүргізгеніне қарамастан, оның еңбегі мәжбүрлі болып табылады, мұны сотталған адамның еңбек процесінде бірқатар шектеулерді көздейтін қылмыстық-атқару заңнамасының тиісті нормалары дәлелдейді.

Тұрғылықты мекенжайынан жасырынып жүрген және орналасқан жері белгісіз сотталған тұлғаға қатысты пробация қызметі оны анықтауға бағытталған бастапқы іздестіру шараларын жүзеге асырады. Пробация қызметінде тіркелу үшін белгіленген мерзімде келмеген және он бес тәуліктен астам уақыт бойы тұрған жері анықталмаған сотталған тұлға жазаны өтеуден жасырынып жүрген болып есептеледі. Егер жүргізілген бастапқы іздестіру шаралары нәтижесінде сотталған тұлғаның нақты орналасқан жерін анықтау мүмкін болмаса, пробация қызметі сотқа оған іздестіру жариялау туралы ұсыныс жолдайды. Іздестіру туралы ұсынысқа сот үкімінің көшірмесі, үкімнің заңды күшіне енгендігі туралы анықтама, жүргізілген бастапқы іздестіру шараларының материалдарының көшірмелері және жазаның өтелмеген мерзімі туралы анықтама тіркеледі. Сотталған тұлғаға іздестіру жариялау туралы сот шешімі алынған күннен бастап, бастапқы іздестіру шаралары материалдарының көшірмелері одан әрі іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін ішкі істер органдарына тапсырылады.

Пробация қызметіне бастапқы іздестіру шараларын жүргізу құқығын беру кеңестік дәуіріндегі пенитенциарлық тәжірибенің ең жақсы дәстүрлерін еске түсіреді. Қылмыстық атқару саласындағы заңнамаға сәйкес, пробация қызметі жазасын өтеуден қасақана жалтарып жүрген қоғамдық жұмыстарға сотталған тұлғаларға, сондай-ақ түзеу жұмыстары түріндегі жазасын өтеу процесіндегі тұлғаларға қатысты да бастапқы іздестіру шараларын жүзеге асырады.

Шет мемлекеттерде пробация қызметі бұл мәселелермен айналыспайды. Бұл полицияның құзыретіне жатады, ал пробация қызметі құқық бұзушының жеке басын қайта әлеуметтендіру және қылмыстық қайталанудың алдын алу функцияларын негізінен «бастапқы іздеу қызметінің идеологиясымен үйлеспейтін әлеуметтік, жазалаусыз әдістермен орындайды».

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден қасақана жалтарған, жұмысынан шығарылған немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап үш ай ішінде жұмысқа орналаспаған сотталған тұлғаға қатысты пробация қызметі сотқа қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін қоғамдық жұмыстарға немесе қамаққа алуға, ал қылмыс үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсыныс жібереді.

Жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін түзеу жұмыстарын басқа жаза түріне ауыстыру туралы ұсыныс бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде, ал тұрғылықты мекенжайынан жасырынып жүрген тұлғаларға қатысты бастапқы іздестіру шаралары жүргізілгеннен кейін сотқа жолданады. Егер сот түзеу жұмыстарын басқа жаза түрімен ауыстырудан бас тартса, бұл мәселе бойынша қайталама ұсыныс сотталған тұлға жазаны өтеу тәртібі мен шарттарына жоғарыда көрсетілгендей жаңадан құқық бұзушылық жасағаннан кейін енгізіледі.

Ұсыныста сотталған тұлғаның жазаны өтеуден жалтарғанының нақты фактілері көрсетіледі, атап айтқанда: пробация қызметіне келмеген күндерінің саны, жұмыстан босатылғаннан кейін қанша уақыт жұмысқа орналаспағаны немесе жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда есепте тұрмағаны, шақыру бойынша пробация қызметіне дәлелді себепсіз келмегені, өзіне жүктелген міндеттерді қандай жолмен бұзғаны, оған жұмыс орны, тұрғылықты мекенжайы бойынша және пробация қызметі тарапынан қандай ықпал ету шаралары қолданылғаны және оның бұл шараларға қалай әрекет еткені. Ұсынысқа сотталған тұлғаның жұмыс орны мен тұрғылықты мекенжайынан алынған мінездемелері, сотталған тұлғаның түсініктемесі және басқа да тиісті құжаттар қоса тіркеледі.

Пробация қызметі жазаны орындау процесінде: сотталғандарды есепке алуды жүзеге асырады; оларға жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын түсіндіреді; сотталғандардың жұмыс орындарындағы ұйымдардың әкімшілігі тарапынан сотталғандардың жазаны өтеу шарттарының сақталуын және сот үкімінің талаптарының орындалуын қадағалайды; сотталғандардың

жалақысынан ұстап қалудың дұрыстығы мен уақтылығын және ұсталған сомалардың мемлекет кірісіне аударылуын бақылайды; сотталғандармен тәрбиелік жұмыстар жүргізеді, айына кемінде бір рет профилактикалық әңгімелесулер өткізеді; сотталғандардың мінез-құлқын бақылайды және қажет болған жағдайда оларды жұмысқа орналастыру үшін жұмыспен қамту орталықтарына бағыттайды; шақыру бойынша келмеген немесе дәлелді себепсіз тіркеуге келмеген сотталғандарды мәжбүрлеп әкелу туралы шешім қабылдайды; сотталғандарға қатысты, жазаны өтеуден жалтарып жүргендерге бастапқы іздестіру шараларын жүргізеді және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыныс енгізеді.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау соттың заңды күшіне енген үкімі немесе қаулысы, сондай-ақ рақымшылық жасау немесе кешірім беру актісінің негізінде жүзеге асырылады. Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі түзеу жұмыстары түріндегі жазаға ауыстырылған сотталған тұлғаға түзеу мекемесінің әкімшілігі есепке қою үшін келу бағыты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына бару туралы нұсқау береді.

Түзеу жұмыстарына сотталған тұлғалар соттың тиісті өкімі пробация қызметіне келіп түскен күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей жазаны өтеуге тартылады және оларға сот үкімінің көшірмесі ұсынылады.

Түзеу жұмыстарына сотталған тұлғалардың құжаттарын ресімдеу барысында, сотталған тұлғаның жұмыс орнын алдын ала анықтай отырып, пробация қызметі сол күні аталған ұйымның әкімшілігіне хабарлама, сот үкімінің нұсқамасын және көшірмесін жолдайды.

Пробация қызметі соттың үкімі (қаулысы) негізінде тұлғаны оның мінез-құлқын қадағалау мақсатында түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуге тарту туралы профилактикалық әңгімелесуге шақырады. Әңгімелесу барысында тұлғаға жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттары, сондай-ақ бақылаудан жалтарған жағдайдағы заңды жауапкершілік түсіндіріледі. Бұдан басқа, тұлғаның дербес деректері, оған ықпал етуі мүмкін жақын туыстары мен байланыстары туралы мәліметтер, сондай-ақ істің мән-жайына қатысты өзге де ақпараттар анықталады.

Жұмысы жоқ сотталғандарға «Жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жұмысқа орналасу және жұмыссыз ретінде тіркелу қажеттілігі түсіндіріледі.

Түзеу жұмыстарына сотталғандарды есепке қойғаннан кейін пробация қызметі сол күні сотталған адам жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігіне хабарлама, үкімнің нұсқамасы мен көшірмесін жібереді. Сотталған адам жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі сот үкімінің көшірмесін алған күн түзеу жұмыстарын өтеу мерзімінің басталуы болып табылады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу орындары болып табылатын ұйымдардың әкімшіліктеріне бірқатар міндеттемелер жүктеледі. Олардың қатарына сотталған тұлғалардың жалақысынан жасалған ұсталымдарды мемлекет кірісіне дер кезінде аудару және бұл операцияларды ай сайын

растайтын құжаттарды пробация қызметіне ұсыну кіреді. Сондай-ақ, ұйым әкімшілігі сотталған тұлғаның жазаны өтеуден жалтаруы туралы пробация қызметін үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті. Сотталған тұлғаның басқа лауазымға ауысуы немесе жұмыстан шығарылуы туралы алдын ала хабарлау да осы әкімшіліктердің құзырында. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындамау заңнамада көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот шешімімен белгіленген ақшалай ұсталымдар сотталған тұлғаның негізгі жұмыс орнында, оның наразылықтарына қарамастан және атқарушылық құжаттар негізінде жүргізіледі. Ұсталымдар жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыс істеген ай үшін жалақының барлық түрлерінен жүргізіледі. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың жалақысынан ұстап қалу жазаны өтеу мерзімі басталған күннен басталады. Ұсталымдар айдың екінші жартысындағы жалақы төлеу кезінде әрбір толық жұмыс істелген ай үшін, ал жұмыстан шығарылған жағдайда – жұмыс істелген ай бөлігі үшін жүзеге асырылады. Әскери жиындарға шақырылған сотталғандардан ұсталымдар оларға жұмыс орны бойынша төленетін жалақыдан жүргізіледі. Ұсталған сомалар ай сайын мемлекет кірісіне аударылуға тиіс.

Ұстап қалу процесі сотталғандардың жалақысының ақшалай және заттай бөліктерінен жүзеге асырылады. Жалақының заттай бөлігінен ұсталғандар жұмыс берушінің меншігінде қалады, алайда оның құны ай сайын мемлекет кірісіне аударылады. Ай сайынғы жалақысы есептелмейтін немесе белгілі бір кезең нәтижелері бойынша айқындалатын тұлғалардан ұсталымдар жалақы есептелген сайын жүргізіледі. Соңғы есеп айырысу сотталған тұлғаның өткен жылғы табысы туралы салық және қаржы органдарының деректерін ескере отырып орындалады.

Белгілі бір төлемдер ұсталымдарға жатпайды. Оларға әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі бойынша алынатын жәрдемақылар, жалақы жүйесінде көзделмеген біржолғы төлемдер мен сыйақылар (оның ішінде пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы) кіреді.

Түзеу жұмыстарына сотталған тұлғаларға төленетін уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақылар сот үкімімен тағайындалған ұсталымдарды шегеріп тастағаннан кейін есептеледі.

Сотталған тұлғаның, пробация қызметінің немесе оның жұмыс істейтін ұйымы әкімшілігінің материалдық жағдайы нашарлаған кезде сотқа жалақыдан ұстап қалу мөлшерін төмендету туралы өтінішхат беруге құқығы бар. Ұстап қалу мөлшерін төмендету туралы шешім сотталған тұлғаның барлық кірістерін ескере отырып қабылданады. Егер сот үкімі істің тоқтатылуына байланысты жойылса немесе өзгертілсе, сотталған тұлғаның жалақысынан артық ұстап қалынған сомалар оған толық көлемде қайтарылады.

Сотталғандардың жалақысынан ұстап қалудың дұрыстығы мен уақтылығын, сондай-ақ ұсталған сомалардың мемлекет кірісіне аударылуын бақылауды пробация қызметі жүзеге асырады. Түзеу жұмыстарына

сотталғандарды өтеу орнындағы ұйым әкімшілігі ай сайын төлем тапсырмаларымен бір мезгілде жасалған ұсталымдар бойынша есеп айырысу мәліметтерін пробация қызметіне жолдауға міндетті. Бұл мәліметтер төлем тапсырмасының екі жағында да көрсетіледі. Пробация қызметі есепке алу карточкалары бойынша ұстап қалынған сомалардың дұрыстығы мен уақтылы түсуін ай сайын тексереді және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды. Пробация қызметі сотталғандардың жалақысынан ұстап қалудың дұрыстығын олардың тікелей жұмыс орнында тоқсанына кемінде бір рет тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша екі данада акт жасалады, оның біреуі ұйымда қалады, екіншісі ұйым әкімшілігі өкілінің танысқаны туралы белгісімен пробация қызметінде сақталады және анықталған кемшіліктердің жойылуын бақылау үшін қолданылады. Егер ұйым әкімшілігі сотталған тұлғаның жалақысынан дер кезінде ұстап қалмаса және сомаларды бюджетке үш айдан астам уақыт аудармаса, пробация қызметі прокурорлық ден қою шараларын қолдану үшін прокуратура органдарына жүгінеді.

Егер сотталған тұлға пробация қызметін алдын ала хабардар етпей жұмыстан шығарылса немесе сотталған тұлғаның жұмысы туралы есептік мәліметтер бұрмаланса, пробация қызметі бұл туралы прокуратура органдарына жазбаша түрде хабарлайды, бұл оның жалақысы мен жүргізілген ұсталымдарына қатысты прокурорлық ден қою шараларын қолдануға негіз болады.

Сотталғандардың жалақысынан ұсталған сомаларды аудару туралы мәліметтер төлем тапсырмаларының көшірмелері және жеке істерге тігілген есеп айырысу мәліметтері негізінде олардың есепке алу карточкаларына енгізіледі, ал сотталғандардың тіркеу карточкаларында осы құжаттар іске тігілген реттік нөмірге сілтеме жасалады.

Түзеу жұмыстарына сотталған тұлға жазасын өтеу уақытында тұрғылықты жерін және жұмыс орнын ауыстыра алады. Алайда, тұрғылықты жерін немесе жұмыс орнын ауыстырған кезде, сотталған тұлға бұл туралы пробация қызметін дереу хабардар етуге міндетті. Пробация қызметі өз кезегінде сотталған тұлғаның жаңа тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне тиісті сұрау салуды жібереді. Растауды алғаннан кейін пробация қызметі жеке ісін және есепке алу құжаттарын сотталған тұлғаның жаңа тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне жібереді. Сотталған тұлғаның жаңа тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі жеке ісін және есептік карточкасын алғаны туралы растауды жолдайды және жаңа жұмыс орны бойынша оның жалақысынан ұстап қалуды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жібереді. Егер тұрғылықты жері қызмет көрсетілетін аудан (қала) шегінде өзгерсе, сотталған тұлға пробация қызметінен есептен шығарылмайды.

Жазасын өтеу кезеңінде сотталған әйел жүкті болған жағдайда, пробация қызметі сотқа жүктілікке және босануға байланысты берілген демалыс басталған күннен бастап оның жазаны өтеуін кейінге қалдыру

туралы ұсыныс енгізеді. Егер сотталған тұлға бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылса, пробация қызметі сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы ұсыныс береді. Ұсынысқа қоса сотқа сотталған тұлғаның жүктілігіне және босануына байланысты жұмыстан босатылған күні көрсетілген жұмыс орнынан анықтама, тұрғылықты жерінен анықтама, емдеу мекемесінен анықтама жіберіледі. Зейнеткерлікке шыққан және жұмысын тоқтатқан тұлғаларға қатысты пробация қызметі үкімді одан әрі орындау мәселесін шешу үшін сотқа жүгінеді.

Егер түзеу жұмыстарына сотталған тұлғаға белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрінде қосымша жаза тағайындалса, пробация қызметі осы жаза түріне қойылатын талаптарға сәйкес толық көлемде тиісті іс-шараларды жүзеге асырады.

Жаза мерзімі аяқталған күні немесе басқа негіздер бойынша осы жазадан босатылған кезде тиісті құжаттарды алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, пробация қызметі сотталған тұлға жазасын өтеп жүрген ұйым әкімшілігін жазбаша хабардар етеді, бұл оның жалақысынан ұстап қалуды тоқтатуға негіз болады.

Сотталғандар заңда белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде, пробация қызметі сотталған тұлғаны шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселесін қарау үшін сотқа өтінішхат беру құқығының туындағаны туралы бес күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етеді. Сотталған тұлға жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатпен жүгінгеннен кейін пробация қызметі он күн ішінде сотқа өтінішхатты жіберуге міндетті. Бұл өтінішхатқа сотталған тұлғаның жеке басын, мінез-құлқын, жазаны өтеу кезеңіндегі еңбек пен оқуға қатынасын сипаттайтын деректер бар материалдар қоса беріледі. Аталған құжаттар екі данада дайындалады. Сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартқан жағдайда, қайта өтінішхат беру бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мүмкін болады. Кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасағаны үшін түзеу жұмыстарына сотталған тұлғалар, егер оларда жазаны орындаудың белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық болмаса, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мөлшерінің кемінде төрттен бірін немесе ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мөлшерінің кемінде үштен бірін өтеген жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Сотталғандарға түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жазбаша ескерту түрінде жазалау қолданылуы немесе түзеу жұмыстары басқа жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазасын өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған тұлғаларға жазасын өтегені немесе жазадан босатылғаны туралы анықтама беріледі. Түзеу жұмыстарын жазаның басқа түрімен ауыстыруға байланысты сотталғандарды есептен шығару, сондай-ақ жаңа қылмыс үшін соттау оларды қабылдаған күні заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде жүргізіледі.

Түзеу жұмыстарын қолданудың көп жылдық тәжірибесін ескере отырып, экономиканың жоспарлы жағдайдан нарықтық негізге көшуіне байланысты объективті түрде қалыптасып отырған осы жазалау институтының алдында тұрған проблемаларға назар аудару қажет.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау проблемалары жұмыс орындары қысқарған немесе сотталғандар жұмыс істейтін ұйым таратылған кезде туындайды.

Басқа елдердің оң тәжірибесін ескере отырып, түзеу жұмыстары қылмыстық жазаның бір түрі ретінде оның заңнамалық құрылымын жетілдіру арқылы қайта жандануы мүмкін.

Мысалы, Ресей Федерациясының қылмыстық-атқару кодексінің 39-бабында «түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу қылмыстық-атқару инспекцияларымен келісім бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдары айқындаған арнайы орындарда жүзеге асырылады. Алайда, заңнамаға сәйкес, жазаны өтеу міндетті түрде сотталған тұлғаның тұрғылықты жері бойынша атқарылуы талап етіледі»³⁷.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібін баяндаңыз.
2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны басталу мерзімін атаңыз.
3. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаның атқарылу режимі мен шарттарын атаңыз.
4. Сотталған тұлғаның түзеу жұмыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін құқықтық жауаптылығы туралы баяндаңыз.
5. Түзеу жұмыстары жазасын атқару барысындағы пробация қызметінің функциялары мен құзыреті туралы баяндаңыз.
6. Түзеу жұмыстарын өтеу субъектісі әкімшілігінің функционалдық міндеттемелері туралы баяндаңыз.
7. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны атқарудан жалтарудың құқықтық салдары (жауаптылық) туралы баяндаңыз.
8. Түзеу жұмыстары жазасын өтеуден босату негіздері мен тәртібі туралы баяндаңыз.

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.

³⁷ Уголовно-исполнительный кодекс Российской Федерации. Электрондық ресурс. https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_12940/86164e107f07d811bf18e5d9f882f4b04efe2711/

3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі.

5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

6. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

7. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

8. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы IMM № 511 бұйрығы.

9. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы IMM м.а. № 622 бұйрығы.

10. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» N 7 нормативтік қаулысы.

11. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысы.

12. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 2 қазандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысы.

13. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот

төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері)».

14. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.

15. Абеуов Д.А. Историко-эволюционные и социально-правовые аспекты пенитенциарной и постпенитенциарной адаптации лиц, лишенных свободы: Монография. - 2022. -160 с.

16. Артеменко В.К., Карабанов Е.Н., Магомедрасулов М.М. и др. Прокурорский надзор за соблюдением конституционных прав и свобод осужденных к лишению свободы. -Пособие. Москва, 2016. - 92 с.

17. Грушин В.Ф. Влияние системы факторов на развитие уголовно-исполнительной политики и уголовно-исполнительного законодательства Российской Федерации. Монография. 2020. - 130 с.

18. Парламенттің ұжым авторлары «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық - процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жаңғырту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға ақпараттық мәліметтер [Мәтін + CD (электрондық қосымша)]. 2 тілде (қаз., орыс.); Том 1. - Астана, 2016. - 439 б.

19. Позднякова В.М. Пенитенциарная психология: психологическая работа с осужденными, отбывающими наказание в виде лишения свободы. Учебное пособие для вузов. М.-2023.

20. Права лиц, отбывающих наказание в виде лишения свободы, на условно-досрочное освобождение и справедливое судебное разбирательство: Доклад по результатам мониторинга в исправительных учреждениях и судах 6-ти регионов Казахстана: гг. Актау, Алматы, Павлодар, Уральск, Усть-Каменогорск, Шымкент / Авт. - сост. А. Ибраева.- Астана: Казахстанское международное бюро по правам человека и соблюдению законности: Типография ИП «Лигай А.В.» , 2007.- 135 с.

21. Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ, Японии / Отв. ред. Кузнецова Н. Ф. М.: Юрид. лит., 1991. 287 с.

22. Примаченок А.А. Совершенствование уголовно-правовой системы мер борьбы с правонарушениями несовершеннолетних. Минск, 1990. – 271 с.

23. Токубаев З.С. Альбом схем по Уголовно-исполнительному праву Республики Казахстан. Учебно-методическое пособие. -Караганда: Карагандинский юридический институт МВД РК им. Б. Бейсенова, 2008.- 300 с.

24. Филипец О.Б., Алибекова А.М., Шаяхметов Ш.Ш. Уголовно-правовые, пенитенциарные и криминологические меры противодействия терроризму в учреждениях уголовно-исполнительной системы Республики Казахстан. Учебное пособие. - Алматы: Лантар Трейд, 2020. - 131 с.

25. Чукмаитов Д.С. Применение уголовного наказания в целях

предупреждения рецидивных преступлений. Алматы, 1997. - 208 с.

26. Шаргородский М.Д. Наказание, его цели и эффективность. -Л.: ЛГУ, 1973. - 160 с.

27. Шнарбаев Б.К. Организация социальной и иной помощи лицам, отбывающим уголовное наказание, и их ресоциализация. Учебно-практическое пособие. - Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет».

28. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев Пробация в Казахстане: исполнение наказания и осуществление пробационного контроля (теоретические и практические аспекты)/ - Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет», 2016. - 400 с.

3.4 Пробация қызметінің қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталғандарға қатысты жазаны орындауы

Қоғамдық жұмыстарға тарту қылмыстық жазаның салыстырмалы түрі ретінде алғаш рет 1997 жылы қылмыстық заңнамада енгізілген.

Қоғамдық жұмыстар қылмыстық жазаның бір түрі ретінде анықталады. Бұл жаза сотталған тұлғаның негізгі жұмысынан немесе оқуынан бос уақытта орындайтын, арнайы біліктілікті қажет етпейтін, ақысыз, қоғамға пайдалы еңбекті атқарудан тұрады. Мұндай жұмыстарды жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және олар сотталған тұлғаның тұрғылықты жері бойынша атқарылуы тиіс.

Қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаның қолданылу ерекшеліктері келесідей сипатталады:

Жазаның бұл түрінің ізгілік сипатына қарамастан, оны тағайындауға жол берілмейтін тұлғалар санаттары айқындалған. Бұл санаттарға мыналар кіреді: жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған ер адамдар, елу сегіз және одан жоғары жастағы әйелдер, алпыс үш және одан жоғары жастағы ер адамдар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғалар, сондай-ақ әскери қызметшілер.

«Пробация қызметі қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаның атқарылуын қамтамасыз ету барысында келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады: сотталған тұлғаларды есепке алуды жүргізу; оларға жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын түсіндіру және оның орындалуын бақылау; жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстардың атқарылуын қадағалау; сотталған тұлғалармен ай сайын профилактикалық сипаттағы әңгімелесулер жүргізу; аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан қоғамдық жұмыстар объектілеріндегі сотталғандарға қатысты, соның ішінде жазаны өтеуден жалтаратын тұлғалар туралы ақпаратты сұрату; сотталған тұлғалардың мінез-құлқына мониторинг жүргізу.

Қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны тағайындау туралы сот үкімін (қаулысын) алғаннан кейін, пробация қызметі сотталған тұлғаны

әңгімелесуге шақырады. Бұл әңгімелесу барысында оған жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттары, сондай-ақ бақылаудан жалтарғаны үшін туындайтын заңнамалық жауапкершілік туралы толық ақпарат беріледі. Сондай-ақ, сотталған тұлғаның жеке деректері, мінез-құлқына мониторинг жүргізу үшін маңызды басқа да мәліметтер, соның ішінде оның жақын туыстары мен әсер етуі ықтимал адамдар туралы деректер нақтыланады. Әңгімелесу аяқталған соң, сотталған тұлғаға оның тұрғылықты жеріне сәйкес келетін қоғамдық жұмыстарды орындау үшін нақты ұйымға жолдама-анықтама рәсімделіп беріледі. Сот үкімінің (қаулысының) көшірмесі қоғамдық жұмыстар атқарылатын ұйымға жолданады.

Әңгімелесу рәсімінен кейін сотталған тұлғадан тиісті қолхат алынады, бұл құжат тұлғаның жеке ісіне тігіледі. Қоғамдық жұмыстарды орындау орындары бойынша жергілікті атқарушы органдарға сотталғандарға қатысты анықтама-жолдамалар жолданады. Пробация қызметі сонымен қатар сотталған тұлғаның негізгі жұмыс орнына оны қоғамдық жұмыстарды орындау уақыты кезеңіне жұмыстан босату қажеттілігі туралы хабарлама жіберуді қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдарға сот үкімін қабылдағаннан және сотталған тұлғаның келуінен кейін оны белгілі бір лауазымдағы уақытша жұмысқа орналастыру міндеті жүктеледі. Қоғамдық жұмыстарға тартылатын тұлғалар арнайы дайындықты талап етпейтін, қоғамға пайдалы жұмыстарды, оның ішінде аумақты абаттандыру жұмыстарын орындауға бағытталуы мүмкін. Жергілікті атқарушы органдар пробация қызметін сот үкімін қабылдағаны және оны орындауға кіріскені туралы жедел хабардар етуге, атқарылған жұмыс уақытының есебін жүргізуге, орындалған жұмыстар бойынша актілер рәсімдеуге және оларды ағымдағы айдың соңғы күнінен кешіктірмей пробация қызметіне жолдауға, пробация қызметіне сотталған тұлғаның мінез-құлқы туралы ақпарат беруге, сондай-ақ сотталған тұлғаның жазаны өтеуден жалтару фактілері туралы хабарлауға міндетті.

Үкім мен қаулыны орындауға енгізу істі бірінші саты бойынша қараған сотқа жүктеледі. Үкімді орындау туралы өкімді судья үкімнің көшірмесімен бірге қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес үкімді орындауға келтіру міндеті жүктелген органға жібереді. Апелляциялық сатыдағы сотқа күзетпен ұсталатын адамдарға қатысты істі апелляциялық қарау нәтижелерін хабарлау міндеті жүктеледі. Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде үкім өзгертілген жағдайда, үкімнің көшірмесіне апелляциялық сатыдағы қаулының көшірмесі қоса берілуге тиіс.

Үкім мен қаулыны орындауға енгізу істі бірінші саты бойынша қараған сотқа жүктеледі. Үкімді орындау туралы өкімді судья үкімнің көшірмесімен бірге қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес үкімді орындауға келтіру міндеті жүктелген органға жібереді. Апелляциялық сатыдағы сотқа күзетпен ұсталатын адамдарға қатысты істі апелляциялық қарау нәтижелерін хабарлау міндеті жүктеледі. Істі апелляциялық тәртіппен

карау кезінде үкім өзгертілген жағдайда, үкімнің көшірмесіне апелляциялық сатыдағы қаулының көшірмесі қоса берілуге тиіс»³⁸.

Қоғамдық жұмыстарды өтеуші тұлғаның тұрғылықты жері өзгерген жағдайдағы рәсімдер және жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері келесідей реттеледі:

Тиісті растау алынған соң, пробация қызметі жергілікті атқарушы органмен бірлесіп, сотталған тұлғаны жаңа тұрғылықты жері бойынша қоғамдық жұмыстарды орындауға бағыттау процесін ұйымдастырады. Сонымен қатар, тұлғаның жеке ісі мен есепке алу құжаттары сотталған адамның жаңа тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне жолданады. Сотталған тұлғаның жаңа орналасқан жеріндегі пробация қызметі жеке іс пен есептік карточканы қабылдағанын растайды және сотталған адамға жаңа тұрғылықты жері бойынша қоғамдық жұмыстарды атқаруға арналған тиісті анықтама-жолдаманы ресімдеп береді. Егер сотталған тұлғаның тұрғылықты мекенжайы қызмет көрсетілетін аудан (қала) шегінде өзгерсе, ол пробация қызметінің есебінен шығарылмайды.

Қазақстан Республикасының облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауға қатысты мынадай функциялар кіреді:

- қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген тұлғаларға әлеуметтік және өзге де қолдауды ұйымдастыру мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органдарды қалыптастыру;

- пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ қылмыстық-атқару мекемелерінен босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу;

- қылмыстық-атқару мекемелерінен босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Қоғамдық жұмыстар жазасын атқару тәртібі туралы баяндаңыз.
2. Қоғамдық жұмыстар жазасы мерзімінің есептелуі туралы баяндаңыз.

³⁸ Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 17 қыркүйекте № 9738 тіркелді. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

3. Қоғамдық жұмыстар жазасының құқықтық сипаты мен мазмұны туралы баяндаңыз.
4. Қоғамдық жұмыстардың түрлері туралы баяндаңыз.
5. Қоғамдық жұмыстар жазасын атқару аясындағы пробация қызметінің құзыреті туралы баяндаңыз.
6. Қоғамдық жұмыстар жазасын өтеу барысындағы талаптар мен шарттары туралы баяндаңыз.
7. Сотталған тұлғаның қоғамдық жұмыстарды өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылығы туралы баяндаңыз.
8. Қоғамдық жұмыстар жазасын атқаруды ұйымдастырудағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреті туралы баяндаңыз.
9. Қоғамдық жұмыстар жазасын өтеуден жалтару фактісі және оның салдары туралы баяндаңыз.
10. Қоғамдық жұмыстар жазасын атқару процесіндегі қоғамдық бірлестіктердің ролі туралы баяндаңыз.
11. Қоғамдық жұмыстар жазасының атқарылуы мен өтелу заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы баяндаңыз.
12. Қоғамдық жұмыстар жазасын атқаруға қатысты ведомстволық бақылау туралы баяндаңыз.

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі.
5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.
6. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
7. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің акпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
8. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің

ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ИММ № 511 бұйрығы.

9. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ИММ м.а. № 622 бұйрығы.

10. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» N 7 нормативтік қаулысы.

11. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысы.

12. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 2 қазандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысы.

13. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері)».

14. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.

15. Бабушкин А.В., Маяков А.В. Карманная книжка условно-осужденного. - Москва, 2014. - 56 с.

16. Борчашвили И.Ш. Комментарий к уголовному кодексу РК. Общая и особенная часть. - Алматы: Жеті Жарғы. - 2015. -1624 с.

17. Гладких В.И., Дьяконова С.В. Условное осуждение: правовая природа и проблемы применения [Электронный ресурс]: Монография – 1. Издательство Международного юридического института, 2009. - 200 с.

18. Грушин В.Ф. Влияние системы факторов на развитие уголовно-исполнительной политики и уголовно-исполнительного законодательства

Российской Федерации. Монография: 2020. - 208 с.

19. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау (теория және практика мәселелері). Монография. - Астана: Фолиант, 2002. - 446 б.

20. Ж. Балтабаев Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім. Оқулық.- Алматы: Лантар Трейд, 2020. - 394 б.

21. Иванцов С.В. Законодательная регламентация и исполнение наказания в виде ограничения свободы. Монография. -М.: 2018.- 125 с.

22. Парламенттің ұжым авторлары «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық - процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жаңғырту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға ақпараттық мәліметтер [Мәтін + CD (электрондық қосымша)]. 2 тілде (қаз., орыс.); Том 1. - Астана, 2016. - 439 б.

23. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев, А.Б. Молдашев Организация социальной и иной помощи лицам, отбывающим уголовное наказание, и их ресоциализация. Костанай. Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет», 2015. - 272 с.

24. Права лиц, отбывающих наказание в виде лишения свободы, на условно-досрочное освобождение и справедливое судебное разбирательство: Доклад по результатам мониторинга в исправительных учреждениях и судах 6-ти регионов Казахстана: гг. Актау, Алматы, Павлодар, Уральск, Усть-Каменогорск, Шымкент / Авт. - сост. А. Ибраева.- Астана: Казахстанское международное бюро по правам человека и соблюдению законности: Типография ИП «Лигай А.В.», 2007.- 135 с.

25. Филипец О.Б., Алибекова А.М. Қылмыстық-құқықтық цикл пәндері бойынша кейстер жинағы: оқу-практикалық құралы. Қазақ және орыс тілдерінде. - Алматы: Лантар Трейд, 2021. - 188 б.

26. Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев Пробация в Казахстане: исполнение наказания и осуществление пробационного контроля (теоретические и практические аспекты)/. Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет», 2016. - 400 с.

3.5 Пенитенциарлық пробация

«Заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекет жасап қылмыстық жаза тағайындалған сотталған адамдармен жұмыс, оларды қайта әлеуметтік ортаға қосу өзекті сұрақтардың бірі. Жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы, деп қолданыста жүрген Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде атап көрсетілгендей, оның орындалуы міндетті және мәжбүрлі түрде орындалады»³⁹.

Осы жаза мақсатына жетудегі пробация институтының маңызы зор.

«Пенитенциарлық пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп

³⁹ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен».

жүрген адамдарды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы»⁴⁰.

Пенитенциарлық пробация қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуші тұлғаларға қатысты қолданылады. Оның негізгі мақсаты – сотталған тұлғаларды қоғамға әлеуметтік оңалуды қамтамасыз ету.

Сотталған тұлғаның әлеуметтік ортаға қосылу процесі оның мекемеге түскен сәтінен бастап іске асырылады. Дегенмен, қолданыстағы заңнамамен реттелгендей, бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші тұлғаға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету сотталған тұлға мекемеден шыққанға дейін бір жыл бұрын қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі тарапынан басталады. Бұл көмек жеке әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бағдарламасын әзірлеу арқылы іске асырылады.

Аталған бағдарламаның мазмұны келесі компоненттерді қамтиды: егер жүргізілген болса, сотқа дейінгі пробация барысындағы баяндамадан алынған деректер; сотталған тұлғаның мекемеде болған уақыттағы мінез-құлқын сипаттайтын материалдар; қылмыс салдарынан келтірілген шығынның орны толтырылуы немесе толтырылмауы туралы ақпарат; босатылуға дайындалып жатқан сотталған тұлғаның әлеуметтік байланыстары; оның денсаулық жағдайы, білім деңгейі мен еңбек дағдылары; сондай-ақ сотталған тұлға босатылғаннан кейін оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, жұмысқа орналасуы және тұрмыстық жағдайын реттеу бойынша жоспарланған іс-шаралар кешені.

Дегенмен мекемеден жазасын өтеп шыққан адамдардың қайталап қылмыс жасауы, қайтадан заңға қайшы іс-әрекеттерге баруы кездесіп жатады.

С.Қ. Алтайбаев сотталғандардың түзелу дәрежесін бағалау мәселесін зерделей келе: «түзеу мекемелерінің өмір жағдайы сотталғандарды қаншалықты түзеу жолына түсіре алмағандықтан, соның салдарынан қоғамға жат криминогендік қылықтарың туындауына себеп болады. Жазасын өтеп шыққан адамдардың қайталап қылмыс жасауы сол адамдардың түзелу жолына түсе алмағандығының көрсеткіші», деп атап өтті⁴¹.

Осыған байланысты, бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші тұлғаларға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қолданылатын пенитенциарлық пробацияның өз мақсаттарына жету тиімділігі туралы өзекті мәселе туындайды. Атап айтқанда, бұдан бұрын сипатталған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасының нақтылығы мен нәтижелілігін қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалады.

«Осы мәселені талдау мақсатында немесе жалпы пробация тиімділігін бағалау үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері

⁴⁰ Пробация туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесінен.

⁴¹ С.Қ. Алтайбаев. Сотталғандардың түзелу дәрежесін бағалау мәселесі: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2011.- 80 б.

пайдаланылды. Комитет ұсынған 2023 және 2024 жылдардағы пробация есебінде тұрған тұлғалар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы статистикалық ақпарат төмендегі 3 қосымшада келтірілген»⁴².

Талдау көрсеткендей, пробация есебінде тұрған адамдардың басым көпшілігі меншікке қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған. Меншікке қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуының бірден бір себебі қаражат мәселесі. Яғни осы тұрғыда жұмыссыздық мәселесі кез келген қоғамда заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің жасалуының бір ғана себебі болуы мүмкін. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен жазасын өтеп шыққан кейін жұмысқа орналасу сұрағы өте өзекті.

Т.К. Акимжанов, А.Г. Шидемов жаза мақсатын жүзеге асырудағы пенитенциарлық пробацияның рөлі мен мәнін зерделей келе: «сотталған тұлғалардың әлеуметтік бейімделуге деген ынтасының төмендігіне немесе «ескі өмір сүру салтын» сақтауға деген бейімділігіне ықпал ететін факторлар төмен деңгей. Бұл факторлар қатарына: ұстау режимдері мен шарттарының қатаңдығы; қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасынан туындайтын қаржылық немесе өзге де ауыртпалықтар; жоғары ақы төленетін жұмыс мүмкіндіктерінің шектеулігі; кәсіптік оқыту жүйесінің әлсіз дамуы; медициналық көмектің тиісті деңгейде көрсетілмеуі және басқа да жағдайлар кіреді. Бұл жағдайлар сотталған тұлғалардың бостандыққа шыққаннан кейін жаңа өмір бастауына деген ынтасын төмендетуі мүмкін», деп атап өтті⁴³.

Мекемелерде бас бостандығынан айыру жазасын өтеумен атқару барысында туындайтын қоғамдық қатынастардың кейбір мәселелерін шешу үшін:

- пенитенциарлық пробация іс-шараларын қолдану аясын кеңейту;
- сотталған адамдарға тиімді әсер етуге және оларды оңалтуға бағытталған жаңа бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеу;
- мекеме қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру;
- кәсіби міндеттерін тиімдірек орындау үшін пробация мамандарын оқыту және даярлау;
- ақпараттық технологияларды қолдану, сотталғандарды есепке алу және бақылау процестерін автоматтандыру;
- пробация бағдарламаларының тиімділігін талдау үшін заманауи ақпараттық шешімдерді енгізу;
- басқа мекемелермен және ұйымдармен ынтымақтастық орнату;

⁴² Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2023 және 2024 жылдардағы ақпараты. <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>.

⁴³ Қазақстан Республикасындағы пробация институтын жетілдіру бағыттары атты дөңгелек үстелінің материалдары. – Алматы: Қазақстан Республикасы ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академияның ҒЗжРБЖҰБ 2024 – 27 б.

- сотталғандарды оңалтуға кешенді көзқарас үшін әлеуметтік қорғау органдарымен, оқу орындарымен, кәсіпорындармен және басқа құрылымдармен серіктестік орнату өз септігін тигізеді деген тұжырым жасауға болады.

Пенитенциарлық тәрбиелік ықпал етудің негізі бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамдардың түзеліп, заң нормаларын қайтадан бұзуға жол бермеулерінен көрініс табады. Еңбек адамды тәрбиелейтіні бұрыннан белгілі, сондықтан сотталғандарды өндірістік қызмет орындарына тарта отырып, сотталғандарды түзету негізгі қол жеткізудегі міндеттердің бірі. Қазіргі кезде еңбекті ұйымдастыру бөлімінің проблемалардың бірі сотталғандарды еңбекпен қамтамсыз ету.

Қылмыстық атқару жүйесі мекемесі әкімшілігі сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында жұмысқа орналастырады, мекемелердің аумағында не оларды күзетпен алып жүру мен оқшаулауға жағдай жасалған кезде мекеме аумағынан тысқары жердегі ұйымдарға жұмысқа орналасуға көмек береді.

Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің әкімшілігі еңбекке етуге қабілеті бар сотталған адамдарды ақы төленетін жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыс орындарын құрып, шаралар жүзеге асырады.

Бас бостандығынан айырылған тұлғаларды жұмысқа орналастыру кезінде олардың жасын, жынысын, денсаулық жағдайын, еңбекке қабілеттілік деңгейін, сондай-ақ, тиісті біліктілігі, жеке қасиеттерін ескереді.

Бас бостандығынан айырылған тұлғалардың еңбек қызметі қылмыстық-атқару жүйесіне кірмейтін ұйымдарда шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде дербес еңбекпен де айналысуға құқылы.

Бас бостандығынан айырылған тұлғалардың кезекшілік жүзеге асырумен байланысты емес бос уақытында ұзақтығы аптасына екі сағаттан аспайтын төмендегідей ақы төленбейтін жұмыстарды атқаруы көзделеді:

- камераларды, бөлмелерді және жалпы пайдаланымдағы үй-жайларды жайластыру бойынша іс-шаралар;

- бақылау және күзету құралдары орнатылмаған объектілерді қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағын және, егер болса, оған жанасып жатқан жерлерді абаттандыру жұмыстары;

- мәдени-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық жағдайларды жақсартуға бағытталған жұмыстар.

Заңнамалық актілерде белгіленген аталған жұмыстарды орындаудан дәлелсіз бас тарту жағдайында тәртіптік жаза қолдануға құқықтық негіз болып табылады.

Осы күні сотталғандардың еңбек тәрбиесі, сотталғанды әлеуметтік бейімдеудің бір буыны болып табылады, ол босатуға дайындалу процесінде маңызды рөл атқарады.

Жұмыспен қамту қызметтерінің мамандары мен сотталғандармен жүргізілетін жоспарлы кездесулері. Сондықтан, сотталғандарды жазасын өтеуден босатуға дайындау аясында босатылған адамдарды жұмысқа орналастыра алатын кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылады. Аталған кездесулердің ең басты мақсаты, сотталған адамға тәрбиелік сипаты бар оң серпін беру.

Бүгінгі күні кәсіптік білім беруді және мамандығы жоқ сотталғандарды кәсіптік даярлауды жүзеге асыру өзекті проблемалардың бірі.

Еңбекке жарамдылықты қамтамасыз етуге қатысатын Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің кәсіпорындары мен меншіктің әртүрлі нысандарындағы ұйымдардың инвесторлары үшін салық жеңілдіктерін қарастыру маңызды. Сонымен қатар, пенитенциарлық жүйенің барлық мекемелерінде кәсіптік мектептердің ашылуы сұрақтары да өзекті.

Еңбекке деген адал қарым-қатынас пен құқықтық мойынсұнушылық мінез-құлықты дамытуға бағытталған еңбек қызметін ынталандыру жүйесін дамыту қажет.

Пробацияны институтын жүзеге асыру барысында оның қазіргі жағдайы мен Қазақстан Республикасындағы проблемалары туралы сұрақтар туындайтыны сөзсіз. Ресей Федерациясында пробация тек алғашқы қадамдарды жасады деп атауға болады. Осыған байланысты еліміздің пробация институтының ілгері дамуы бар деп атауға болады. Әрине, бұл ұлттық пробация жүйесін құру, оны бекіту, дұрыс даму бағытына қою.

Екіншіден, «түрме тұрғындары» санының азаюы және пробация органдарына, бұрын бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталған сотталғандардың едәуір бөлігінің ауысып келуі.

Үшінші, пробацияны құқықтық тұрғыдан жетілдірудің көптеген қайнар көздерінің, атап айтқанда, қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының, сондай-ақ «Пробация туралы» Заңның қолданыста болуын көрсетуге болады.

Бұған қоса, заңнамада пробация органдарының азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесуінің қарастырылуы, сөзсіз, оң құбылыс болып табылады.

Пробациялық бақылауда есепте тұрған адамдардың қылмыстың қайталануы бойынша көрсеткіштері оқу құралының 4-қосымшасында келтірілген.

«Осы кестенің мазмұнынан 2023 жылдың бірінші тоқсанында пробация органдарында есепте 37 мың сотталушы болғанын көруге болады. Олардың ішінде жоғары деңгейде бас бостандығын шектеуге сотталғандардың үлесіне тиді - 72%. Бұл түсінікті жағдай, өйткені Қазақстанда пробация бас бостандығын шектеу түріндегі жазамен тікелей байланысты және осы қылмыстық-құқықтық институттың бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, пробация қызметі бақылайтын шартты түрде сотталғандардың үлес салмағы небәрі 12% - құрады, яғни 6 есе аз. Осылайша, бас бостандықты шектеу қоғамнан оқшауланудың баламасы емес,

шартты айыптаудың маңызды бәсекелесі болды. Заң әдебиеттерінде бұл бәсекелестікке қатысты үлкен алаңдаушылық айтылды. Белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салуға сотталғандардың үлесі 4290 адамды немесе сотталғандардың жалпы санының 11% - құрады. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза 3% көрсеткішті көрсетті»⁴⁴.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің бағыттарының бірі сотталғандарды босатуға дайындау болып табылады. Сотталғандарды бостандыққа шығаруға дайындау ғылыми құбылыс ретінде оларды қайта әлеуметтендіру теориясы мен тәжірибесінің дамуымен, сотталғандардың бостандықтағы болашақ өмірін азаматтық қоғамның нақты құрамдас бөлігі ретінде қабылдауымен өзара байланысты. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу түзеу мекемелерінен босатылған адамдардың әлеуметтік бейімделуін және қайта оналуын қиындататын бірқатар жағымсыз факторлармен байланысты. Ең алдымен, отбасылық және туыстық байланыстардың әлсіреуіне, материалдық және моральдық ресурстарды ұтымды, дұрыс пайдалану дағдыларының жоғалуына, бостандықтағы әртүрлі өмірлік жағдайларда барабар шешімдер қабылдауға қатысты. Сотталғандарды бостандыққа дайындау қылмыстық-атқару жүйесіндегі сотталғандарды түзеу жөніндегі жалпы бағдарламадағы түзеу мекемелері қызметінің маңызды және соңғы кезеңдерінің бірі болып табылады.

Теориялық пікір-таласта, сотталғандарды бостандыққа шығуына даярлаудың бірыңғай тұжырымдамалық анықтамасы қалыптаспаған. Жекелеген зерттеушілер сотталғандарды босатуға даярлауды жазаны өтеу процесінде жүзеге асырылатын және олардың еркін өмір жағдайындағы әлеуметтік бейімделуін оңтайландыруға бағытталған кешенді шаралар жүйесі ретінде қарастырады, бұл қылмыстың қайталануының алдын алуға және олардың заңды әрі еңбекке негізделген өмір салтына бейімделуіне ықпал етеді. Ал басқа ғалымдар бұл құбылысты жазаның соңғы кезеңінде мақсатты түрде ұйымдастырылған арнайы жұмыс ретінде түсіндіреді.

И.В. Шмаровтың айтуынша, «бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарға қатысты сотталғанды босатуға дайындау маңызды. Сөздің кең мағынасында босатуға дайындық жазаны өтеудің барлық уақытына созылады. Сотталған адам жаңа мамандық алып, еңбек дағдыларын меңгеріп, білім деңгейін көтереді»⁴⁵.

Қылмыстық-атқару тәжірибесінде сотталғандардың жекелеген топтарымен жұмыс істеудің нақты нәтижесі болмауынан, оқыту ұғымы кеңірек және нақты мағынаға ие болады және оны оқыту жүйесі ретінде қарастыруға болады. Жүйенің мазмұны мен түсінігі әрекеттердің орналасуы мен байланысындағы белгілі бір тәртіпті білдіреді, сонымен қатар жүйе табиғи түрде орналасқан және өзара байланысқан бөліктердің бірлігін

⁴⁴ Рахимбердин К.Х. Правовое регулирование пробации в законодательстве в Республики Казахстан: современное состояние, проблемы и перспективы. ИП Кабдулова З.Т.- 52б.

⁴⁵ Шмаров И.В. Уголовно-исполнительное право. М., 1996. С. 418.

білдіретін тұтас нәрсе ретінде қарастырылады. Сотталғандарды босатуға даярлау жүйесін даярлықтың ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері, мінез-құлқын тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар, әлеуметтік жұмыс, психологиялық-педагогикалық жұмыс құрауы мүмкін.

Сотталғандарды еркін өмірге дайындау жүйесін пайдалану әкімшілік, әлеуметтік, құқық қорғау, қоғамдық және басқа да ұйымдардың өз проблемаларын шешу жолдарын бағалау және анықтау кезінде тығыз өзара іс-қимылын білдіреді. Сондықтан қылмыстық-атқару тәжірибесінде сотталғандарды босатуға дайындау жүйесі бас бостандығынан айыру орындарындағы пәнаралық және ведомствоаралық қызметті білдіреді. Жүйе мен процесс біртұтас және оның құрамдас бөлігі ретінде байланысты екені анық, жүйенің жетекші құрамдас бөлігі біз төменгі ретті жүйе ретінде қарастыратын процесс.

Түзету мекемесінің әкімшілігі, қылмыстық жазасын өтеуші сотталғандар, қайта оңалудың процессуалдық аспектілері және жүйенің функционалдық жағдайлары қарастырылып отырған жүйенің құрамдас бөліктері болып табылады. Жүйелік және процессуалдық элементтер өзара тығыз байланыста және бір-біріне тәуелділікте өмір сүреді. Жүйені процестен оқшаулау оның бұзылуына әкелуі мүмкін.

Сотталғандарды жазасын одан әрі өтеуден босатуға дайындық жүйесінің тұжырымдамалық бағытын ескере отырып, ұғымдарды бір мәнді қабылдау үшін бұл бөлімде сотталғандарды босатуға дайындаудың негізгі санаттарының терминологиялық аппараты осы қызметті сипаттау үшін берілген.

Сотталғандарды түзеу - түзеу мекемесінің ұжымы мен сотталғандардың адамға, еңбекке, ұжымға, жалпы қоғамға, адам қоғамының нормаларына, ережелеріне, дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыруға бағытталған өзара іс-қимыл процесі, құқыққа бағынушылық мінез-құлықты ынталандыру.

Сотталғандарды босатуға дайындау сотталған адаммен оның түзеу мекемесінде болған алғашқы күндерінен бастап жүргізілетін және оны түзеуге бағытталған жан-жақты сипаттағы шаралар кешені болып табылады.

Сотталғандарды босатуға дайындау жүйесі - оқытудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері, адамгершілік тәрбиесіне баса назар аудара отырып тәрбие жұмысы, әлеуметтік жұмыс (әлеуметтік жұмыстың негізгі құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік көмек), психологиялық-педагогикалық жұмыс.

Әлеуметтену - педагогикалық ұйымдасқан қоғамдық практика барысында сотталғандардың жаңа әлеуметтік маңызы бар жеке қасиеттер мен қасиеттерге ие болуы.

Қайта әлеуметтену-сотталғандардың қоғамға жат мінез-құлық процесінде жоғалтқан жағымды қасиеттері мен тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу.

Әлеуметтік көмек - мұқтаж сотталғандарға өз бетінше шешуге дайын емес өмірлік маңызды мәселелерді шешуге әлеуметтік көмек.

Психологиялық-педагогикалық жұмыс-бұл психологиялық және педагогикалық көмектен тұратын қызмет, еркін өмірге бейімделуге ықпал ететін ойлау мен мінез-құлқын анықтауды таңдауға көмектесу.

Сотталғандарды босатуға дайындау сотталғандарды әлеуметтендірудің қажетті шарты болып табылады, өйткені ол ең алдымен олардың әрқайсысының моральдық сауығуының, әлеуметтенуінің және әлеуметтік белсенділігінің терең процестерімен өзара байланысты. Мекемеде сотталғандарды босатуға дайындық олардың өмір сүруін ұйымдастыруда оң әлеуметтік тәжірибе жинақтауға және қалыптастыруға бағытталуы тиіс, еркін қоғамдағы әлеуметтік-жеке мәртебені қалпына келтіру және қайталануды болдырмау үшін өмірдің қиын жағдайларында девиантты мінез-құлыққа төзімділікті сақтау.

Әлеуметтену ұғымы адамның, жеке тұлғаның қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қызмет етуіне мүмкіндік беретін белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру процесі ретінде түсіндіріледі; тұлғаға (тәрбиеге) мақсатты әсер ету ретінде қамтиды, оның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік процестер де солай.

Әлеуметтену ең жалпы түрде белгілі бір қоғам талап ететін әлеуметтік мәртебемен белгіленген қасиеттердің қалыптасуы, оны келесі кезеңде сипаттайтын жеке және әлеуметтік қасиеттердің ассимиляциясы ретінде түсініледі. Нәтижелі іс-шара арқылы адам қоғамға бейімделеді және оның жағымсыз әсерлеріне қарсы тұра алады.

Қайта әлеуметтену - бұл қылмыстық әрекет нәтижесінде де, қоғамнан мәжбүрлі оқшаулану кезеңінде де жоғалған әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруге және алуға бағытталған шаралар кешені. Қайта әлеуметтену процесіндегі объект сотталған адамның субъектілік ұстанымындағы жеке басы болып табылады. Сотталғандарды әлеуметтендірудің маңызды шарты оларды босатуға дайындау болып табылады.

Сотталғандарды босатуға дайындау кезеңіндегі барлық күш-жігер сотталған адам бас бостандығынан айыру орындарында болған кезде және босатылғаннан кейін қылмыстардың қайталануын болдырмауға бағытталуы тиіс.

Н.С. Фомин, «қайта әлеуметтендіру жеке адамның өзгелердің құқықтарын шектемей әлеуметтік игіліктерге қол жеткізуіне ықпал ететін жаңа әлеуметтік нормаларды, қағидаларды және мінез-құлық үлгілерін игеру процесі ретінде қаланады. Пенитенциарлық мекеме жағдайындағы қайта әлеуметтендіру көбінесе жеке адамның еркіне қарамастан күштеу арқылы жүзеге асырылады. Мәжбүрлі қайта әлеуметтендірудің мақсаты – ол адамды қоғамда үстемдік ететін әлеуметтік стандарттар мен шектеулерге сәйкес

трансформациялау болып табылады, бұл қайта әлеуметтендіру бағдарламасының негізгі идеясын құрайды», деп атап өтті⁴⁶.

Қайта әлеуметтену сотталған адамды босатуға дайындау кезінде туындайтын немесе туындауы мүмкін проблемалық мәселелерді көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты жазаны орындау және өтеу кезеңі сотталған адамды оны босатуға белсенді дайындаумен, жазаны өтеуден босатылғаннан кейін еңбек, тұрмыстық және әлеуметтік орналасуы үшін қолайлы жағдайлар жасаумен байланысты болуға тиіс.

Қайта әлеуметтену сотталған адамды босатуға дайындау кезінде туындайтын немесе туындауы мүмкін проблемалық мәселелерді барабар көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты жазаны орындау және өтеу кезеңі сотталған адамды оны босатуға белсенді дайындаумен, жазаны өтеуден босатылғаннан кейін еңбек, тұрмыстық және әлеуметтік орналасуы үшін қолайлы жағдайлар жасаумен байланысты болуға тиіс.

Сауалнама нәтижелері жалпы және қатаң режимдегі түзеу колонияларында сотталғандар үшін басым құндылықтар: өз отбасын құру - 60%-дан астам; денсаулығының жақсы болуы - 32%; еркіндік - 30%. Сотталған адамның әлеуметтік пайдалы байланыстарын ұзу, сотталған адамды бостандыққа шыққаннан кейін қоғамның толыққанды тұлға ретінде қабылдауы көбінесе қайталанатын қылмыстардың жасалуына әкелуі мүмкін.

Сотталғандарды түзеудің күрделілігі, олардың қайта әлеуметтенуі жеке адамның ішкі жүйесімен, оның мотивациясымен, көзқарастарымен, мүдделерімен, қажеттіліктерімен, осы жеке адамның қоғамдық қауіптілік дәрежесіне белгілі бір түрде әсер ететін құндылық бағдарлар жүйесімен өзара байланысты.

Жазаны орындау кезеңінде және босатылғаннан кейін сотталғандарға көптеген оң және теріс факторлар әсер етеді. Оң факторлар тәрбиенің қол жеткізілген нәтижелерін нығайтады және сотталғандардың жеке басының жағымды қасиеттерін одан әрі қалыптастыруға ықпал етеді. Теріс факторлар белгілі бір дәрежеде жазаның оң рөлін бейтараптандырады, босатылғандардың мінез-құлқына теріс әсер етеді және ақыр соңында олардың жаңа қылмыстар жасауына себеп болуы мүмкін. Сотталғандардың қайта әлеуметтенуі, жалпы алғанда, олардың қоғамнан, еңбек ұжымынан, отбасынан физикалық оқшаулануының нақты жағдайларында және сотталғандардың педагогикалық жағынан қолайсыз ортасында, түзеу мен қайта тәрбиелеудің негізгі құралдарының тәрбиелік әлеуетінің белгілі бір шектеулілігімен жүреді. Бұл жағдайлар сотталғандарды түзеу процесінің азаматтық қоғамның өмір сүру жағдайына бейімделу қабілетін төмендетеді. Сотталғанды оңалтуды әлеуметтік бағытта арнайы ұйымдастырылған бейімделу шаралары жүйесімен бекіткен жөн, олар өз бірлігінде сапалы жаңа құбылысты - қайта әлеуметтенуді құрайды.

⁴⁶ Фомин Н.С. Теория и методика социально-педагогической поддержки осужденных в ходе их ресоциализации. Дисс. ...докт. юрид. наук. М., 2005. С.21

Қ.Х Рахимбердин, пробация қызметін жетілдіру бойынша: «Сотталған адамның жеке басын әлеуметтік-құқықтық зерттеуге, оның мінез-құлқындағы қылмыстық және басқа да тәуекелдерді бағалауға қатысты, әлеуметтік оңалту бағдарламаларын жүзеге асыруға, пробация қызметінің азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-атқару реттеуін, сондай-ақ «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңы арқылы реттеуді Біріккен Ұлттар Ұйымының Токио ережелерінің, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бангкок ережелері, Нельсон Мандела ережелері және қылмыстық сот төрелігі саласындағы басқа да халықаралық құқықтық актілер ережелеріне барынша толық сәйкес келтіру; Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасы арасындағы пробациялық бақылауға қатысты олқылықтарды, қайшылықтарды және келіспеушілікті жойып, пробациялық бақылауға арналған қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару нормаларына түзету енгізуді жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде пробациялық бақылаудың кешенді дербес институтын құруға, оның мазмұнын айқындауға және шартты түрде соттаумен және бас бостандығын шектеумен ғана емес, сонымен бірге жазаны өтеуді кейінге қалдырумен, белгілі бір лауазымды атқару және белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды атқаруда да; Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында пробациялық бақылауды жүзеге асыру нысандарын нақтылауға және пробациялық бақылауды іске асыру жөніндегі қылмыстық-атқару қызметінің мазмұнын нақтылауға; пробациялық бақылау шеңберінде сотталған адамға жүктелетін заңды міндеттердің тізбесін: заңда көзделген жалпы міндеттерден арнаулы міндеттерге дейінгі қағидатты негізге ала отырып толықтыруға және кеңейтуге, ал олардан - соттың қалауы бойынша жүктелетін қосымша арнайы міндеттерге; сотқа дейінгі баяндаманы дайындауға байланысты процессуалдық нормаларды регламенттейтін жеке тарауды енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеудің қажеттілігі дәлелденеді. Бұл шара пробацияның сотқа дейінгі моделінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған және осы саладағы пробация органдары мен қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың құзыреттерін нақты айқындауды талап етеді; пробация туралы заңға пенитенциарлық мекемелер әкімшілігі мен персоналының өзара іс-қимыл қағидаларын, бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарды, сондай-ақ ішкі істер органдары мен пробация қызметінің өзара әрекеттесуі негізінде пенитенциарлық мекемелерден босатылған сотталғандарды әлеуметтік оңалту бойынша қызметтерді енгізу ұсынылады. Бұл түзету Қазақстандағы пробацияның пенитенциарлық және постпенитенциарлық модельдерінің толыққанды жұмыс істеуі үшін маңызды болып табылады; әкімшілік қадағалаудағы тұлғаларды әлеуметтік оңалту жөніндегі іс-шараларды жүзеге

асыруда полиция және пробация органдарының өзара іс-қимыл тәртібін регламенттейтін ережелермен толықтыру ұсынады»⁴⁷.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Пенитенциарлық пробацияның мазмұны туралы баяндаңыз.
2. Жазаны өтеу режимі туралы баяндаңыз.
3. Жазаны орындайтын органдар туралы баяндаңыз.
4. Жазаны өтеу режимінің түрлерін атаңыз.
5. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органды атаңыз.
6. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі мазмұнын ашыңыз.
7. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мазмұны туралы баяндаңыз.
8. Пробация қызметінің мазмұны туралы баяндаңыз.
9. Сотталған адамды түзеудің мазмұны туралы баяндаңыз.
10. Тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелері қалай түсінесіз?
11. Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарының мазмұны туралы баяндаңыз.
12. Тәрбиелік ықпал ету шаралары мазмұны туралы баяндаңыз.
13. Жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру қалай түсінесіз?
14. Қоғамға пайдалы еңбек мазмұны туралы баяндаңыз.
15. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы бағыттары туралы баяндаңыз.
16. Сотталғандарды түзеуге жұртшылықтың қатысуының мазмұны туралы баяндаңыз.
17. Сотталғандардың құқықтық жағдайының негіздері мазмұны туралы баяндаңыз.
18. Қауіпсіздігі жоғары мекеме туралы баяндаңыз.
19. Сотталғандарды жазасын өтеу үшін жіберу қалай жүзеге асырылады?
20. Мекеме түрлерін атаңыз.
21. Сотталғандарды қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдыру және төтенше немесе толық қауіпсіз мекемеге жіберу қалай жүзеге асырылады?
22. Сотталғандарды мекемелерге қабылдау жүзеге асырылады?
23. Сотталғандарды мекемелерде бөлек ұстау жүзеге асырылады?
24. Сотталған адамның жазасын даралау мақсатында оның мінез-құлқын бағалаудың мазмұны туралы баяндаңыз.
25. Жазаны өтеу режимінің негізгі талаптарын атаңыз.
26. Қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік-техникалық құралдарының мазмұны туралы баяндаңыз.
27. Ерекше жағдайлар режимі туралы баяндаңыз.

⁴⁷ Рахимбердин К.Х. Правовое регулирование пробации в законодательстве в Республики Казахстан: современное состояние, проблемы и перспективы. ИП Кабдулова З.Т. - 69-72 б.

28. Қауіпсіздік шаралары және оларды қолдану негіздерінің мазмұны
29. Жазаны өтеу жағдайлары туралы баяндаңыз.
30. Сотталғандарды еңбекке тартудың мазмұны туралы баяндаңыз.
31. Мекемені абаттандыру және онда тұру жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстарға тартудың мазмұны туралы баяндаңыз.

3.6 Пенитенциарлықтан кейінгі пробация

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мәселесі бірқатар маңызды аспектілерді қамтиды. Бұл процесс сотталғанның қоғамға қауіпсіз және заңға бағынатын адам ретінде қайта оралуын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Пробациялық бақылауды белгілеудің құқықтық негіздері:

Қазақстан Республикасының заңнамасында пенитенциарлық мекемелерден босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылауды белгілеудің нақты құқықтық тетіктері қарастырылған. «Пробация туралы» Заң және Қылмыстық-атқару кодексі бұл процестің тәртібін, мерзімдерін, пробация қызметі органдарының және сотталғанның құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Пробациялық бақылауды белгілеудің мақсаттары мен міндеттері:

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: Босатылған адамның қайтадан қылмыс жасауының алдын алу.

Сотталғанды әлеуметтік бейімдеу және қайта оңалту: Оның қоғамға қайта оралуына және заңды өмір салтын ұстануына көмектесу.

Тәртіптік бақылауды жүзеге асыру: Пробациялық есепте тұрған сотталған адамның заң талаптарын және пробация қызметінің нұсқауларын орындауын бақылау.

Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету: Сотталғанға жұмысқа орналасуына, тұрғын үй табуына, құжаттарды қалпына келтіруге және басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдемдесу.

Пробация есебіне алу: Босатылған адам пробация қызметі органына келіп тіркеледі және оған пробациялық бақылаудың шарттары мен тәртібі түсіндіріледі.

Жеке жоспарды әзірлеу: Пробация қызметі сотталғанмен бірлесіп оны әлеуметтік бейімдеу және қайта оңалту бойынша жеке жоспар әзірлейді.

Бақылау шараларын жүзеге асыру: Пробация қызметкері сотталғанмен тұрақты түрде кездесулер өткізеді, оның мінез-құлқын, жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік байланыстарын және басқа да маңызды аспектілерін бақылайды.

Пробация шарттары бұзылған жағдайда пробация қызметі сотқа ұсыныс енгізіп, бұрынғы жазаның қалған мерзімін өтеуге қайтару мәселесін қозғай алады.

Пробациялық бақылаудың тиімділігін арттыру жолдары:

Тәуекелді бағалаудың тиімді жүйесін енгізу: Әрбір сотталғанның қайта қылмыс жасау ықтималдығын нақты бағалау және пробациялық бақылаудың қарқындылығын осыған сәйкес анықтау.

Кадрлық қамтамасыз етуді күшейту: Пробация қызметкерлерінің санын арттыру, олардың біліктілігін арттыру және қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсарту: Ішкі істер органдары, әлеуметтік қамсыздандыру органдары, жұмыспен қамту орталықтары және басқа да мүдделі ұйымдармен тиімді ынтымақтастықты орнату.

Қоғамдық ұйымдардың және еріктілердің әлеуетін пайдалану: Сотталғандарға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетуде олардың рөлін арттыру.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылған тұлғалардың әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға қайта оралуында маңызды рөл атқаратын пенитенциарлықтан кейінгі пробация институтының тиімділігін арттыру – қазіргі заманғы криминология мен пенитенциарлық құқықтың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде пенитенциарлықтан кейінгі пробацияның негізгі проблемалары келесі бағыттар бойынша топтастырылды:

1. Заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаның жетілдіруді қажет етуі:

Қазіргі уақытта «Пробация туралы» Заң мен Қылмыстық-атқару кодексінің нормалары арасындағы кейбір коллизиялар мен нақтылықтың жетіспеушілігі пробациялық бақылауды жүзеге асыруда практикалық қиындықтар тудыруда.

Пенитенциарлық мекемелерден босатылған тұлғаларға қатысты пробациялық бақылаудың мерзімдерін, шарттарын және оны жүзеге асыру тетіктерін нақтылайтын қосымша нормативтік актілердің қажеттілігі сезіледі.

Әкімшілік қадағалаудағы тұлғаларға пробациялық ықпал етудің құқықтық негіздерінің толыққанды болмауы осы санаттағы тұлғалармен жұмыс істеудің тиімділігін төмендетеді.

2. Ұйымдық және әдістемелік қамтамасыз етудің проблемалары:

Пробация қызметі органдарының мамандандырылған қызметкерлермен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі және олардың жұмыс жүктемесінің жоғары болуы әрбір пробациядағы тұлғаға сапалы көмек көрсетуге кедергі келтіреді.

Пробация қызметкерлерінің әлеуметтік жұмыс, психологиялық қолдау және құқықтық мәселелер бойынша тереңдетілген білімінің және практикалық дағдыларының жеткіліксіздігі байқалады.

Сотталғандардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеретін, ғылыми негізделген қайта оңалту бағдарламалардың әзірленбеуі және қолданысқа енгізілмеуі пробацияның тәрбиелік әлеуетін төмендетеді.

Пробациялық процеске ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің баяулығы бақылау мен есептіліктің тиімділігін шектейді.

3. Ведомствоаралық және қоғамдық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі:

Пробация қызметінің ішкі істер органдары, жергілікті атқарушы органдар, жұмыспен қамту орталықтары, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарымен жүйелі және тиімді өзара іс-қимылының болмауы сотталғандардың әлеуметтік мәселелерін шешуді қиындатады.

Азаматтық қоғам институттарының, үкіметтік емес ұйымдардың және еріктілердің пенитенциарлықтан кейінгі пробация процесіне қатысу деңгейінің төмендігі сотталғандарға көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың ауқымын тарылтады.

Қоғамда пенитенциарлықтан кейінгі пробацияның маңыздылығы мен қажеттілігі туралы жеткілікті түсініктің болмауы босатылған тұлғаларға деген «теріс пікірдің» сақталуына және олардың қоғамға толыққанды оралуына кедергі келтіреді.

4. Ресурстық қамтамасыз етудің шектеулігі:

Пробация қызметі органдарының материалдық-техникалық базаларының әлсіздігі, мамандарды оқытуға және тиімді қайта оңалту бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Жоғарыда аталған проблемаларды ескере отырып, пенитенциарлықтан кейінгі пробацияның тиімділігін арттыру мақсатында келесі шешу жолдарын ұсынуға болады:

Қылмыстық-атқару заңнамасын және «Пробация туралы» Заңды халықаралық стандарттар мен отандық тәжірибені ескере отырып, одан әрі жетілдіру.

Пробация қызметі органдарының штаттық құрылымын қайта қарау және мамандандырылған қызметкерлердің санын арттыру, сондай-ақ олардың біліктілігін жүйелі түрде арттыруды қамтамасыз ету.

Сотталғандардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеретін кешенді қайта оңалту бағдарламаларды әзірлеу және енгізу.

Пробация процесіне заманауи ақпараттық технологияларды белсенді түрде енгізу, электрондық бақылау құралдарын және деректер базасын тиімді пайдалану.

Пробация қызметінің барлық мүдделі ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылының нақты тетіктерін құру және олардың ынтымақтастығын нығайту.

Пенитенциарлықтан кейінгі пробацияның маңыздылығы туралы қоғамдық сананы арттыруға бағытталған ақпараттық жобаларды жүзеге асыру.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Мекемеден босатылған сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау жүргізу маңызы туралы баяндаңыз.

2. Мекемеден босатылған сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау жүзеге асыру туралы баяндаңыз.

3. Мекемеден босатылған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызметтің мазмұны туралы баяндаңыз.

4. Мекемеден босатылған сотталған адамдарға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық шаралар жиынтығының мазмұны туралы баяндаңыз.

5. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға пробациялық бақылау жүргізу туралы баяндаңыз.

6. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау туралы баяндаңыз.

7. ҚР ҚК 73 б. бойынша бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамға пробациялық бақылау туралы баяндаңыз.

8. ҚР ҚК 73 б. сәйкес бас бостандығынан айыру айыппұлға ауыстырылған адам туралы баяндаңыз.

9. Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеген адам туралы баяндаңыз.

10. Әкімшілік қадағалаудың мәні туралы баяндаңыз.

11. Әкімшілік қадағалау және пробациялық бақылау туралы баяндаңыз.

12. Пенитенциарлық пробациядан қасақана жалтарғандығы үшін жауаптылық туралы баяндаңыз.

13. Электронды бақылау құрылғылары туралы баяндаңыз.

14. Пенитенциарлық пробацияның қазіргі кездегі проблемалары туралы баяндаңыз.

15. Пенитенциарлық пробацияны жетілдіру жолдары туралы баяндаңыз.

16. Пенитенциарлық пробация қызметіне жұртшылықтың қатысуы туралы баяндаңыз.

17. Пенитенциарлық пробацияны жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуі туралы баяндаңыз.

18. Пробацияны құқықтық жетілдіру ұсыныстары туралы баяндаңыз.

19. Пенитенциарлық пробацияның шетелдік тәжірибелері туралы баяндаңыз.

20. Пенитенциарлық пробацияның кемшіліктері туралы баяндаңыз.

Тақырып бойынша ұсынылатын қайнар көздердің тізімі:

1. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.

3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

4. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі.

5. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

6. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

7. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

8. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы IMM № 511 бұйрығы.

9. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған «Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы IMM м.а. № 622 бұйрығы.

10. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы» N 7 нормативтік қаулысы.

11. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысы.

12. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған 2015 жылғы 2 қазандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысы.

13. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблея Бұрыштамасымен 1985 жылы 10 желтоқсанда қабылданған «Біріккен Ұлттар Ұйымының Кәмелетке толмағандарға сот төрелігін орындауға қатысты минималды стандартты ережелер (Пекин ережелері)».

14. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінен алынған Қазақстан Республикасы

Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы.

15. Баймолдина З.Х., Смагулов А.А., Серикбаев Т.А., Рахметов С.М. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасы: проблемалары, тенденциялары және жетілдіру жолдары: Астана: ҚР Заңнама институты. - 2013. - 318 б.

16. Байсеитова А.Т. Проблемы систематизации мер уголовно-правового воздействия по законодательству Республики Казахстан. Монография - Алматы. «Нур-Принт», 2013. - 220 с.

17. Белослудцев В.И. Исправления осужденных к длительным срокам лишения свободы. Учебное пособие.-Челябинск, 2011. -105 с.

18. Бриллиантов А.В., Курганов С.И. Уголовно-исполнительное право в вопросах, ответах и схемах: Учебное пособие. Москва: Проспект, 2016. 126 с.

19. Волошин Н.И. Освобождение осужденных из мест лишения свободы. М., 2008.

20. Гета М. Р. Альтернативы наказанию: Учебное пособие. -Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2004. -176 с.

21. Гладких В.И., Дьяконова С.В. Условное осуждение: правовая природа и проблемы применения [Электронный ресурс]: Монография. Издательство Международного юридического института, 2009. - 200 с.

22. Глушков А.И. Прекращение уголовного преследования в отношении несовершеннолетнего с применением принудительной меры воспитательного воздействия. Монография. - Москва: МПГУ, 2014.- 136 с.

23. Голобородько И.М. Особенности исправления и перевоспитания женщин осужденных к лишению свободы. М., 2010.

24. Джансараева Р.Е. Проблемы борьбы с преступностью в исправительных учреждениях: Монография. – Алматы: Экономика, 2006 г.

25. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жаза тағайындау: теория және практика мәселелері. Монография.- Астана: Фолиант, 2002.- 446 б.

26. Зильберштейн, А.А. Уголовно-исполнительное право. Конспект лекции: Учебное пособие / А.А. Зильберштейн.- Москва: Проспект, 2015.

27. Карабанова Е.Н. Прокурорский надзор за исполнением законов о профилактике правонарушений лиц, содержащихся в учреждениях уголовно-исполнительной системы. Ун-т прокуратуры Рос. Фед., 2022.- 88 с.

28. Королева Ю.А., Соколова О.В., Степанова И.Б. Помещение несовершеннолетнего в специальное учебно-воспитательное учреждение закрытого типа как принудительная мера воспитательного воздействия: Учебное пособие. Ивановский государственный университет, 2015.- 108 с.

29. Кумарбекқызы Ж. Сыбайлас жемқорлық және экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін тағайындалатын айыппұл мен мүлкті тәркілеу түріндегі жазаларды қолдануды жетілдіру. Монография, 2018. -183 б.

30. Молдабаев С.С. Проблемы дифференциации и индивидуализации

наказаний за воинские преступления. «Развитие общественных работ как вида уголовного наказания в Республике Казахстан»: материалы «круглого стола». – Алматы: «Издательство «НОРМА-К», 2003.

31. Наказание в уголовном праве. Монография. Под общей редакцией Г.К. Шушиковой. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2022.

32. Отсрочка отбывания наказания по уголовному праву Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Учебное пособие / О.Б. Филипец; Под общ. ред. д.ю.н., проф. С.С. Молдабаева.- 1, 36 МБ.- Астана: АФП, 2013.

33. Помещение несовершеннолетнего в специальное учебно-воспитательное учреждение закрытого типа как принудительная мера воспитательного воздействия [Текст]: Учебное пособие /- Иваново: Ивановский государственный университет, 2015.- 108 с.

34. Понятовская Т.Г., Рарог А.И., Чучаев А.И. Есаков Г.А. Уголовно - правовое воздействие [Текст]: Монография / Под ред. А.И. Рарога.- Москва: Проспект, 2017.- 288 с.

35. Рахметов С.М. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник. – Алматы: ТОО Лантар Трейд. 2020. – 404 с.

36. Рахметов С.М., Алибекова А.М. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: оқулық. – Аматы: ЖШС Лантар Трейд, 2022 – 439 б.

37. Сарпекоев Р.К., Рахметов С.М. Современные проблемы уголовного и уголовно-процессуального законодательства в свете Концепции правовой политики до 2030 г. Учебное пособие.- Алматы: ADAL KIPAP. 2023.-251 с.

38. Селиверстов В.И., Филимонов О.В. Правовое положение осужденных: Лекция. М., Московской институт МВД России, 2010.

39. Скаков А.Б. Прогрессивная система исполнения лишения свободы и ее отражение в новом законодательстве Республики Казахстан: моногр. - Алматы: Норма-К, 2004.

40. Уголовно-исполнительное право [Электронный ресурс]: Электронное учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности "Юриспруденция" / Под ред. - 5-е изд., перераб. и доп.- 2, 05 МБ.- М: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2011.

41. Условное осуждение: правовая природа и проблемы применения [Электронный ресурс]: Монография / В.И.Дьяконова С.В. Гладких.- 1, 13 МБ.- М: Издательство Международного юридического института, 2009.

42. Фефелов В.А. Социально-правовые основы цивилизации исправительных учреждений Российской Федерации. Рязань, 2010.

43. Филипец О.Б. Отсрочка отбывания наказания по уголовному праву Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Учебное. -Астана: АФП, 2013.- 164 с.

44. Филипец О.Б., Алибекова А.М. Қылмыстық-құқықтық цикл пәндері бойынша кейстер жинағы: оқу-практикалық құралы. Қазақ және орыс тілдерінде. Алматы: Лантар Трейд, 2021.- 188 б.

Сотқа дейінгі пробация тақырыбы бойынша кейстік тапсырмалар

1 кейс.

Кәмелетке толмаған А. Иванов. және С. Петров Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 106 б. 2б. 5) тармағы бойынша қылмыс жасады деп күдікті ретінде танылып, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы қаулы негізінде, аталған тұлғалар мекемеге орналастырылды.

Олардың заңды өкілдері ата-аналары сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыру туралы өтінішпен пробация қызметіне жүгінген.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайда сотқа дейінгі пробацияны жүргізу заңды ма?
2. Күдіктінің, айыпталушының атынан заңды өкілі пробациялық қызметке жүгінуге құқығы бар ма?
3. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.

2 кейс.

Жиырма аптаға жүкті азаматша А. Алексеева, өзіне қатысты сотқа дейінгі пробация жүргізу туралы пробация қызметіне жүгінген.

А. Алексеева пробация қызметіне келіп құқықтарымен танысқаннан кейін, ол көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмектен бас тартты. Сол кезде пробация қызметкері жүзеге бас тарту мүмкін еместігін айтып, пробацияны жалғастыратынын жариялады, өйткені бұл пробация азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған деп түсіндірді.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекетіне құқықтық баға беріңіз.
2. Күдіктінің, айыпталушының әлеуметтік-құқықтық көмектен бас тартуы жағдайында сотқа дейінгі пробацияны жүргізу сұрағы қалай шешіледі?
3. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.

3 кейс.

Айыпталушы О. Алиев оған қатысты сотқа дейінгі пробация баяндамалары нәтижелерімен келіспейді. Аталған баяндаманың сипаттама бөлігіне түзетулер енгізуді талап етеді.

Сұрақтары:

1. Күдіктінің немесе айыпталушының сотқа дейінгі пробацияны орындау барысында оның мазмұнымен танысуға немесе өзгерістер енгізуге құқығы бар ма?
2. Сотқа дейінгі баяндама қалай дайындалады.
3. Айыпталушы ондай құқыққа ие бола алады ма?
4. Жағдайға құқықтық баға беріңіз.

4 кейс.

Айыпталушы Д. Петровқа қатысты қылмыстық іс қаралып, ақтаушы негіздер бойынша тоқтатылды. Дегенмен, жүргізіліп жатқан сотқа дейінгі пробация шеңберінде, жұмыспен қамту бөлімінің қызметкерлерімен шаралар жалғасты.

Сұрақтары:

1. Жұмыспен қамту бөлімінің әрекетіне құқықтық баға беріңіз.
2. Д. Петровқа қатысты сотқа дейінгі пробация қай кезде аяқталады?
3. Сотқа дейінгі тергеп тексеру аяқталған кезде күдіктіге, айыпталушыға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге немесе жалғастыруға бола ма?

5 кейс.

Астана қаласының полиция басқармасымен бірлескен кеңесте Астана қаласы пробация қызметінің басшысы өз сөзінде тергеу және анықтау органдарының қызметкерлері оларға сотқа дейінгі пробацияға жататын күдіктілер мен айыпталушылар тізімдерді ұсынбайтындықтарын айтты. Сондықтан осы пробация түрінің есебінде тұратындардың саны тым аз. Бұл мәселені шешу үшін сотқа дейінгі тергеу барысындағы барлық айыпталушылар мен күдіктілерді жергілікті пробация қызметіне жіберу туралы шешім қабылданды.

Сұрақтары:

1. Осы жағдайға құқықтық баға беріңіз.
2. Тергеу және анықтау органдары күдіктілерді пробация қызметіне жіберуге міндетті ме ?
3. Сіздің ойыңызша, қабылданған шара мәселені шеше ме?

6 кейс.

Күдіктінің жеке басына қатысты психологиялық тестілеу Ж. Ормановаға түстен кейін өткізіліп, сексен минутқа жуық уақытты алды. Бұл зерттеуді пробация қызметінің қызметкері жүргізді, оның заңгерлік білімі бар. Зерттеу нәтижелері бойынша сотқа дейінгі баяндама дайындалды.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттерінде бұзушылықтар бар-жоғын көрсетіңіз?

2. Айыпталушының немесе күдіктінің жеке басына аталған тестілеуді кім жүргізеді?

7 кейс.

Күдікті жалғыз басты әке И. Антонян оған қатысты сотқа дейінгі пробация жүргізу туралы пробация қызметіне жүгінді. Алайда пробация қызметі, ол өз кезегінде оған құқығы бар адамдар санатына жатпайды деген желеумен оның ауызша мәлімдемесінен бас тартты.

Күдікті И. Антонян прокуратура органдарына осы факті бойынша шағыммен жүгінуге ниетті екенін айтты.

Сұрақтары:

1. Күдікті И. Антонян сотқа дейінгі пробацияға құқылы ма?

2. Пробация қызметінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.

3. Сотқа дейінгі пробацияны жүзеге асырудың тәртібін баяндаңыз.

8 кейс.

Келесі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз:

1. Қалпына келтіретін сот төрелігінің мәні неде, сотқа дейінгі пробациямен байланысы бар ма?

2. Сот төрелігі органдары үшін сотқа дейінгі баяндама қажет пе, егер айыпталушының заңды өкілімен ақпарат ұсынылса?

3. Сіздің ойыңызша, Қазақстанда сотқа дейінгі пробацияны жетілдірудың қандай проблемалық аспектілері бар?

4. Әділ және заңды шешім шығару да сотқа дейінгі пробация ролі қандай?

5. Шет елдерде пробация қызметін жүзеге асырудың қандай озық тәжірибелерін білесіз?

9 кейс.

А. Закиевке жеке басын психологиялық-әлеуметтік тестіден өткізудің келесі сатылары:

- психологиялық-әлеуметтік тестілеуді дайындау, ұйымдастыру сатысы;
- адамның биографиясына қатысты ақпараттарды жинастыру сатысы;
- адамның жеке басының жеке-психологиялық психологиялық зерттеу сатысы түсіндірілді.

Алайда А. Закиев психологиялық-әлеуметтік тестіден өтуден бас тартты.

Сұрақтары:

Пробация қызметінің жұмысына баға беріңіз?

А. Закиев психологиялық-әлеуметтік тестіден өтуден бас тарта алады ма?

10 кейс.

Б. Кукушкин өзіне қатысты қолданылған психологиялық диагностикалау тестілеу әдістемелер мен сауалнамаларды қолданудан ақпараттар жалған екенін айтып, пробация қызметі басшысына ауызша шағымданды.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.
2. Б. Кукушкиннің әрекеті заңды ма?

Үкімдік пробация тақырыбы бойынша кейстік тапсырмалар

1 кейс.

2017 жылғы 15 ақпанында азамат А. Алшимов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188 бабының 3 бөлігімен 3 жыл бас бостандығынан айырумен сотталып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 63 бабын қолданумен тағайындалған жаза шартты деп танылды.

Сұрақтары:

1. Шартты соттауды қолдану негіздерін көрсетіңіз.
2. Пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын көрсетіңіз.
3. Шартты түрде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібін атаңыз.

2 кейс.

Шартты түрде сотталған пробациялық бақылау мерзіміндегі сотталған С. Қалиевқа қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы пробация қызметінің бастығы бұйрық шығарды.

Сотталушы С. Қалиев электронды құрылғыны қасақана зақымдаған.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметті инспекторының әрекетін көрсетіңіз.
2. Электрондық құрылғының зақымдалуын пробациялық бақылаудан жалтару ретінде қарастыруға бола ма?
3. Электрондық құрылғы зақымдалғанда қандай құжат жасалады?
4. Электрондық құрылғыны қолданудың тиімділігі туралы баяндаңыз.

3 кейс.

1996 жылы туған азамат С. Аташев 2021 жылғы 9 наурызда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190 б. 2-бөлігі бойынша 5 жылға бас бостандығын шектеуге сотталып, пробациялық бақылау тағайындалған.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметіне тіркелу тәртібін көрсетіңіз.
2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату тәртібін көрсетіңіз.

4 кейс

Кәмелетке толмаған 2009 ж.т. И. Бекер 26.05.2022 жылы ҚР ҚК 104-бабы 2-бөлігі 2 жылға бас бостандығын шектеу сотталған.

Есепке қою кезінде бұл сотталған адам ата-анасыз келді, бұл ретте пробация қызметінің қызметкері онымен таныстыру әңгімесін жүргізіп, жабаша қолхат алды.

Сұрақтары:

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау шарттары мен тәртібін атаңыз.
2. Кәмелетке толмаған сотталған адамның құқықтары шектелген ба?
3. Көрсетілген пробация қызметкерінің әрекеттеріне баға беріңіз.

5 кейс.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде сотталған Л. Ян омыртқасынан ауыр жарақат алды, кейіннен медициналық комиссия оны 2 топтағы мүгедек деп таныды.

Пробация қызметінің қызметкері жазаның өтелмеген бөлігінде жазаны өтеуден жалтарғаны үшін бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ескерту жасады.

Сұрақтары:

1. Сотталған адамның пробация қызметіне тіркеуге келмеуі түріндегі жауапкершілігі.
2. Пробация қызметкерінің әрекеті заңды ма?
3. Қандай жағдайда сотталған адам жауапкершілікке тартылады?
4. Бұл жағдайда Л. Ян сырқатымен пробация қызметіне келмеуіне құқықтық баға беріңіз.

6 кейс.

Бас бостандығын шектеу түрінде жазасын өтеп жүрген сотталған А. Киров пробация қызметіне кезекті тіркеуге келмеді.

Пробация қызметінің қызметкері 2 ай ішінде бастапқыда-ізвестіру шараларын жүргізді. Сотталған А. Киров туралы білгеннен кейін, оған қатысты оны іздеуге жариялау туралы материалдар жиналды.

Пробация қызметкері бас бостандығын шектеу түріндегі жаза уақытын есептемейтін айтты.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттері заңды ма?

2. Қызметкер жазаны орындау барысында қандай бұзушылықтар жасады?
3. Сотталғанға қатысты қандай шаралар қабылдау керек еді.
4. Пробациялық бақылау мерзімі бастапқыдағы-ізвестіру шараларына қатысты тоқтатыла тұрады ма ?

7 кейс.

Пробация қызметінің есебінде тұрған шартты түрде сотталған Д. Авров Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 195-бабы 1-бөлігі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасады, оның кінәсі сотта анықталды және дәлелденді. Пробация қызметінің қызметкері соттың шығарылған үкімінің негізінде осы үкімге қатысты шартты соттаудың күшін жою туралы ұсыным білдірді.

Сұрақтары:

- 1.Пробация қызметкерінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.
2. Қандай бұзушылықтар үшін шартты соттау сот шешімімен жойылады?
3. Сотталған Д. Авров жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын анықтаңыз ?
4. Белгіленген заңнамаға сәйкес пробация қызметкерінің әрекет алгоритмін көрсетіңіз?

8 кейс.

Бас бостандығын шектеуге сотталған А. Пен пробация қызметіне кезекті тіркеуге келмеді .

Келесі күні Пробация қызметінің қызметкері сотталушыны онымен бірге тәрбиелік әңгіме және оның келмеу себептерін анықтау туралы пробация қызметіне шақырды.

Әңгімелесу барысында дене температурасының жоғарылауы, қалтырау, жөтеліп сотталған өзін нашар сезінгені анықталды. Бірақ медициналық мекеме жүгінбеді. Оның ауызша түсіндірмесі негізінде пробация қызметінің қызметкері тек ескертумен шектелді.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.
2. Белгіленген заңнамаға сәйкес пробация қызметкерінің әрекет алгоритмін көрсетіңіз ?
3. Сіздің ойыңызша, пробацияның кемшілік жақтары бар ма?

9 кейс.

А. Ли Денисов аудандық сотымен айыпталып, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 188-б. 1-б. 3 жылға бас бостандығын шектеуге сотталды. Оған пробациялық бақылау және міндеттеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 44-бабында көзделген. шектеулер қою көзделген. Пробация қызметін есепке қою кезінде сотталушының тұрақты жұмыс орны жоқ екендігі анықталды .

Пробация қызметтері күндізгі уақытта жергілікті тексеруді жүзеге асыру кезінде сотталған А. Лидің тұрғылықты жерін тексеру болмаған.

Анасы Ж. Цойдың айтуынша, оның Қостанай қаласында қызы болған, сонда жол жүріп кеткен.

Сотталған анасымен телефон арқылы сөйлесу кезінде пробация қызметінен келіп кеткенін айтты.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.
2. Қызметкер тарапынан заңсыз әрекеттер фактісі бар ма.
3. Сотталған А. Лиге қатысты қандай шаралар қолданылады?
4. Сотталғандардың жоғары тұрған органға жүгінуге құқығы бар ма?

10 кейс.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 191 бабының 1 бөлігімен шартты түрде сотталған А. Арманов пробация бақылауында жүріп, пробация қызметкерін ескерпестен тұрғылықты жерін ауыстырып, басқа қалаға қоныс аударды.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайға баға беріңіз?
2. Пробация қызметі қызметкерінің әрекеті қандай ?
3. А. Армановтың әрекеті заңды ма?

Пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі пробация тақырыптары бойынша кейстік тапсырмалар

1 кейс.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталған О. Лари қауіпсіздігі жоғары қылмыстық-атқару жүйесі мекесінде жазасын өтеу барысында пенитенциарлық пробация кезеңінде әлеуметтік-құқықтық көмектен бас тартты.

Сұрақтары:

1. Пенитенциарлық пробацияны жүзеге асрудың тәртібін баяндаңыз.
2. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның әлеуметтік-құқықтық көмектен бас тартуға құқығы бар ма?

2 кейс.

Сотталған И. Жарасов бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғанға дейін алты ай бұрын пенитенциарлық мекеме әкімшілігі бостылатыны туралы хабарлады.

Пробация қызметінің қызметкерлері мекеме әкімшілігімен бірлесіп әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасады.

Сұрақтары:

1. Қылмыстық-атқару жүйесі мекеме әкімшілігінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз?
2. Пенитенциарлық мекеменің әкімшілігі қалай әрекет етуі қажет еді?
3. Сотталған адамның босатылғаны туралы хабар алған жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті полиция қызметінің әрекеті қандай?

3 кейс.

Сот үкімімен сотталушылар А және Б Қазақстан Республикасының ҚК-нің 194-бабының 2-бөлігінің 2-тармағы бойынша, ҚК-нің 121-бабының 4-бөлігі бойынша және қылмыстар жиынтығы бойынша ҚК-нің 58-бабының 4-бөлігін ескере отырып, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтей отырып, өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалды, кәмелетке толмаған балалармен жұмыс істеуге байланысты өмір бойына педагогикалық қызметті атқару құқығынан айырылды.

Сұрақтары:

1. Пенитенциарлық пробация қалай жүргізіледі.
2. А. және Б. жеке әлеуметтік бағдарлама жасалады ма?

4 кейс.

Сот 2023 жылдың маусымында сотталушы жеке құрамды басқара отырып, оның қадір - қасиетін төмендету және өзінің артықшылығын көрсету мақсатында мерзімді әскери қызметшінің кеудесіне әдейі соққы бергені анықталды. Жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірілді.

Жеңілдететін жағдайлар ретінде сот сотталушының жасын және оның бұрын сотталмағанын ескерді. Оның әскери антты бұзуы ауырлататын жағдай деп танылып, 3 жылға бас бостандығынан айырылды.

Сұрақтары:

1. Пенитенциарлық пробацияның алгоритмін көрсетіңіз?
2. Жеке оңалту бағдарламасын дайындаңыз.

5 кейс.

Мекемеден босатылған А. Макар пробация қызметіне тіркелуге келмеді. ҚР ҚК 120 бабымен сотталған А. Макар жұмысқа орналасуға да ниеті болмады. Бұрынғы досы А. Таласпен бірге мектеп айналасында жүріп, оқушылардан ақша, заттай бұйымдар тартып алумен айналысып жүрді. Яғни, «мектептегі қорқытып алушылық».

Сұрақтары:

1. Жағдайға нақты құқықтық баға беріңіз?
2. Пробация қызметкерінің әрекеттері қандай болуы қажет?
3. Жазаның өтеудің шарттарын бұзуды қалай түсінесіз?
4. Жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтаруды қалай түснесіз?
5. Пробация институтын жетілдіру бойынша ұсыныстарыңыз?

6 кейс.

01.07.2020 жылы Абай аудандық сотының үкімімен сотталушы «А» есімді азамат ҚР ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігі 1-тармағы бойынша кінәлі деп танылып, ол 5 жылға шартты түрде сотталған. Аталған сот үкімі 16.07.2020 жылы заңды күшіне енген.

Өз кезегінде, «А» жергілікті пробация қызметіне 30.07.2020 жылы барып есепке тұрған. Есепке алынған соң, пробация қызметі «А»-ға аптаның әр сәрсенбі күні сағат 15:00-де профилактикалық әңгімелесу жүргізу үшін келіп тұруы туралы ескерткен. Сол себепті, «А» әр апта сайын пробация қызметіне белгіленген уақытта келіп жүрген.

Екі айдан соң, «А» Абай ауданынан Өуезов ауданына қоныс аударған. Ол тұрғылықты жерін өзгерткені жөнінде пробация қызметін ауызша хабардар еткен.

01.09.2022 жылы пробация қызметі «А»-ға қатысты сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алу туралы ұсыну жолдаған.

Сұрақтары:

Жоғарыда көрсетілген жағдайда пробация қызметінің жіберген ұсынысы заңды ма, әлде заңға қайшы ма?

Жоғарыдағы көрсетілген жағдайда «А» пробациялық бақылау шарттарын толық сақтаған ба?

7 кейс.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу кезінде сотталған А.О. белінен ауыр жарақат алды, кейіннен медициналық комиссия оны 1 топтағы мүгедек деп таныды.

Пробация қызметінің қызметкері жазаның өтелмеген бөлігінде жазаны өтеуден жалтарғаны үшін түзеу жұмыстарын бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ескерту жасады.

Сұрақтары:

1. Сотталған адамның пробация қызметіне тіркеуге келмеуі түріндегі жауапкершілігі.

2. Пробация қызметкерінің әрекеті заңды ма?

3. Қандай жағдайда сотталған адам жауапкершілікке тартылады?

4. Бұл жағдайда А.О. сырқатымен пробация қызметіне келмеуіне құқықтық баға беріңіз.

8 кейс.

Бас бостандығын шектеу түрінде жазасын өтеп жүрген сотталған Б. Алибасов пробация қызметіне кезекті тіркеуге келмеді.

Пробация қызметінің қызметкері 2 ай ішінде бастапқыда-іздігіру шараларын жүргізді. Сотталған Б. Алибасов туралы білгеннен кейін, оған қатысты оны іздеуге жариялау туралы материалдар жиналды.

Пробация қызметкері бас бостандығын шектеу түріндегі жаза уақытын есептемейтін айтты.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттері заңды ма?

2. Қызметкер жазаны атқару барысында қандай бұзушылықтар жасады?

3. Сотталғанға қатысты қандай шаралар қабылдау керек еді.

4. Пробациялық бақылау мерзімі бастапқыдағы-іздігіру шараларына қатысты тоқтатыла тұрады ма ?

9 кейс.

Пробация қызметінің есебінде тұрған шартты түрде сотталған Е.А. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 200 бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасады, оның кінәсі сотта анықталды және дәлелденді. Пробация қызметінің қызметкері соттың шығарылған үкімінің негізінде осы үкімге қатысты шартты соттаудың күшін жою туралы ұсыным білдірді.

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.
2. Қандай бұзушылықтар үшін шартты соттау сот шешімімен жойылады?
3. Сотталған Е.А. жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын анықтаңыз ?
4. Белгіленген заңнамаға сәйкес пробация қызметкерінің әрекет алгоритмін көрсетіңіз?

10 кейс.

Бас бостандығын шектеуге сотталған Ю.И. пробация қызметіне кезекті тіркеуге келмеді .

Келесі күні пробация қызметінің қызметкері сотталушыны онымен бірге тәрбиелік әңгіме және оның келмеу себептерін анықтау туралы пробация қызметіне шақырды.

Әңгімелесу барысында дене температурасының жоғарылауы, қалтырау, жөтеліп сотталған өзін нашар сезінгені анықталды. Бірақ медициналық мекемеге жүгінбеді. Оның ауызша түсіндірмесі негізінде пробация қызметінің қызметкері тек ескертумен шектелді

Сұрақтары:

1. Пробация қызметкерінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.
2. Белгіленген заңнамаға сәйкес пробация қызметкерінің әрекет алгоритмін көрсетіңіз ?
3. Үкімдік пробацияны жетілдіру бағыттарын атаңыз?

11 кейс.

Ж.А. аудандық сотымен айыпталып, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 190 б 1б. 2 жылға бас бостандығын шектеуге сотталды. Оған пробациялық бақылау және міндеттеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 44-бабында көзделген. шектеулер

кою көзделген. Пробация қызметін есепке қою кезінде сотталушының тұрақты жұмыс орны жоқ екендігі анықталды .

Облыстық профилактикалық іс-шаралар кезінде қызметкер

Пробация қызметтері күндізгі уақытта жергілікті тексеруді жүзеге асыру кезінде сотталған Ж.А. тұрғылықты жерін тексеру болмаған.

Анасы Лидің айтуынша, оның Қостанай қаласында қызы болған, сонда жол жүріп кеткен.

Сотталған анасымен телефон арқылы сөйлесу кезінде пробация қызметінен келіп кеткенін айтты.

Сұрақтары

1. Пробация қызметкерінің әрекеттеріне құқықтық баға беріңіз.
2. Қызметкер тарапынан заңсыз әрекеттер фактісі бар ма?
3. Сотталған Ж.А. қатысты қандай шаралар қолданылады?
4. Сотталғандардың жоғары тұрған органға жүгінуге құқығы бар ма?

12 кейс.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 188 бабының 1 бөлігімен шартты түрде сотталған Б.Б. пробация бақылауында жүріп, пробация қызметкерін ескерпестен тұрғылықты жерін ауыстырып, басқа қалаға қоныс аударды.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайға баға беріңіз?
2. Пробация қызметі қызметкерінің әрекеті қандай ?
3. Б.Б. әрекеті заңды ма?

13 кейс.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтейтін мекемеден жазасын өтеуден мерзімінен шартты түрде бұрын босатылып шыққан К. Лир тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне келді.

Дегенмен, пробация қызметкері еңбек демалысында екенін телефомен айтып хабарласып, жиырма күннен кейін келуін талап етті.

Сұрақтар:

1. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.
2. Жазаны өтеуден мерзімінен шартты түрде бұрын босатылған адамдарға пробациялық бақылаудың тәртібін түсіндіріңіз.
3. Сотталған К.Лирға жеке әлеуметтік даму бағдарламасын дайындаңыз.

14 кейс

Азамат Н. Айдарбеков ҚР ҚК 188 бабының 2 бөлігі 1 тармағымен бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шықты. Жазасын өтеу барысында жихаз құрайтын мамандықты игеріп, мекемеде жұмыс жасап жүрген.

Бостандыққа шығып, кәсібін дөңгелетіп жұмыс жасағысы келді.

Пробация қызметі қызметкері оған несие алу туралы ұсыныс жасады.

Алайда банк оның бұрын сотты болғанын ескеріп және зейнетқақы қорында қаражаттың жоқ екендігін алға тартып несие беруден бас бартты.

Н. Айдарбеков банк шешімімен келіспей, сотқа беретінін айтып жеткізді.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.
2. Н. Айдарбековтың іс-әрекеті заңды ма?
3. Н. Айдарбековпен жеке оңалту бағдарламасын дайындаңыз.

15 кейс.

Азамат В. Жолайдар мен К. Асарбек ҚР ҚК 192 бабының 2 бөлігі 1 тармағы бойынша бас бостандығынан айыру жазаларын өтеп шығып, пробация қызметіне келіп, тіркелді.

В. Жолайдар пробация қызметіне өзінің түзелгендігін айтып, жұмысқа орналасып, отбасын құрып, бақытты болғысы келетінін айтты.

К. Асарбек өз ойы В. Жолайдармен бір бағытта екендігін айтты.

В. Жолайдар жұмысқа орналасып, пробациялық бақылау тәртібін бұзбады. Жұмысын жасап, түзелгендігін дәлелдеуге тырысты. Отбасын құрды.

К. Асарбек жұмысқа орналасу ниеті болмай, бұрынғы әдетіне басты.

Кей күндері В. Жолайдарға да ұсыныс тастайтынды шығарды.

Бірақ, В. Жолайдар оның бұл іс-әрекеті дұрыс емес екендігін айтып, мазасын алмауды өтінді.

Сол кезде екеуінің арасында жанжал туындап, кезекті жанжал кезінде В. Жолайдар К. Асарбекке ауырлығы орташа дене жарақатын келтірді.

Бірақ, ол тергеп-тексеру барысында өзін қорғағандығын айтты.

Пробация қызметі қызметкері қылмыстық қудалау органдарының сұратуы бойынша оған теріс мінездеме берді.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.
2. В. Жолайдар іс-әрекетінде заң бұзушылық барма?
3. К. Асарбектің іс-әрекетінде заң бұзушылық орын алды ма?

4. В. Жолайдармен К. Асарбекке қатысты жеке дара оңалту бағдарламаларын дайындаңыз.

5. Пробацияны жетілдіру бойынша өз ұсыныстарыңызды білдіріңіз.

16 кейс.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу кезінде сотталған А. Манар көгалдандыру жұмыстары бойынша өзінің біліктілігі жоқ екендігін, дипломы жоқ екендігін алға тартып жұмыс жасаудан бас тартты. Бірақ, жұмысқа шықты.

Пробация қызметінің қызметкері оған ескерту жасады.

Сұрақтары:

1. Нақты жағдайға құқықтық баға беріңіз.
2. Қоғамдық жұмыстардың түрлерін кім анықтайды.

Қорытынды

Қылмыстық-атқару саясатының ізгіленуі және құқық бұзушы адамдардың әлеуметтік оңалтуына бағытталған ізгілікті қадам ретінде пайда болған пробация институты, қазіргі таңда әлемде кеңінен таралған және қылмыстық-атқару жүйесінің ажырамас бөлігіне айналған. Пробацияның тарихи бастаулары сот үкімін орындаудың тек қана қатаң жазалаумен шектелмейтін, баламалы әдістерін іздеуден көрініс табады.

Уақыт өте келе, аталған институт құқық бұзушылармен олардың түзелуіне бағытталып, жүргізілетін жұмыстың көп қырлы және кешенді жүйесіне айналды, олардың қайта әлеуметтенуіне және қайталап қылмыстық құқық бұзушылық жасауларының алдын алуға бағытталған.

Пробация институтының негіздері мен жұмыс істеу қағидалары халықаралық құқықтық актілерде, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының стандартты ережелерінде және басқа да халықаралық құжаттарда бекітілген. Бұл құжаттар пробацияның қылмыстық жазалаудың маңызды баламасы ретіндегі рөлін айқындап, оны қолданудың жалпы қағидаларын, атап айтқанда заңдылық, әділдік, ізгілік және жеке даралылық қағидаларын белгілейді.

Әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасы, құқықтық жүйесінің ерекшеліктері, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен мәдени құндылықтарына байланысты халықаралық тәжірибеде пробацияның алуан түрлі нысандары қалыптасқан. Олардың ішінде шартты түрде соттау, мерзімінен бұрын шартты түрде босату, қоғамдық пайдалы еңбекке тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу және электрондық құрылғылар арқылы бақылау сияқты жазалар мен шаралары бар.

Кейбір шет елдердің пробация саласындағы тәжірибесі пробация қызметтерінің тиімділігін арттырудың замануи әдістерін көрсетеді. Бұл тәжірибеге әлеуметтік жұмыскерлердің, психологтардың, педагогтардың және еріктілердің пробация процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, сотталғандардың жеке қажеттіліктеріне негізделген кешенді оңалту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, оларды жұмыспен қамтуға, білім алуға және әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіруге көмектесу кіреді. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибеде ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану, пробация қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз арттыру және қоғамдық ұйымдармен тығыз өзара іс-қимыл жасаудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасында пробация қызметі қылмыстық жазаларды орындаудың баламалы түрлерін кеңінен қолдану, сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу, олардың құқыққа қайшы мінез-құлықтан бас тартуына ықпал ету және қайта қылмыс жасаудың алдын алу бойынша маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының пробация қызметінің негізгі бағыттары үкімдік пробацияны жүзеге асыру, түзеу жұмыстары мен қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалардың орындалуын қамтамасыз ету, пенитенциарлық мекемелерде жазасын өтеп жатқан сотталғандармен пенитенциарлық

пробацияны жүргізу және бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босатылғаннан кейін оларға пенитенциарлықтан кейінгі пробациялық қолдау көрсету болып табылады. Әрбір бағыт сотталғандардың жеке әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен тәуекел деңгейін ескере отырып, оларға қажетті әлеуметтік, құқықтық, психологиялық және басқа да көмек түрлерін ұсынуға бағытталған.

Сотқа дейінгі пробация, үкімдік пробация, сондай-ақ пенитенциарлық және пенитенциарлықтан кейінгі пробация тақырыптары бойынша әзірленген кейстік тапсырмалар жоғары оқу орындарының оқытушыларына, білім алушыларына, ізденушілеріне, тәжірибелік қызметкерлерге және Қазақстан Республикасындағы пробация институтының сұрақтары бойынша қызығушылық танытқан барлық оқырмандарға өздерінің біліктілігін арттырудың, шешімдер қабылдау және дұрыс әрекет ету дағдыларын дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бұл тапсырмалар теориялық білімді нақты жұмыс жағдайларында қолдануға, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді меңгеруге және кәсіби шеберлікті шыңдауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы пробация институты қазіргі қылмыстық-атқару жүйесінің аса маңызды және қарқынды дамыған бір бағыты болып табылады. Ол тек қана қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адаамдардың түзелуіне, олардың әлеуметтік бейімделуіне және қоғамға толыққанды мүше ретінде қайта оралуына белсенді ықпал етеді. Халықаралық озық тәжірибені терең зерделеу және оны Қазақстанның өзіндік әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайларына сәйкес тиімді қолдану отандық пробация қызметінің жұмысын одан әрі жетілдіруге, оның тиімділігі мен сапасын арттыруға зор мүмкіндіктер береді. Бұл, өз кезегінде, еліміздегі қылмыстық жағдайды жақсартуға және құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

1 Қосымша

p/c	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
ҚАЖ-ды басқарудың ұйымдастырылуын жетілдіру және ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын адамдардың жағдайын жақсарту						
27	Қылмыстық-атқару инспекцияларының штат санын 1183 бірлікке ұлғайта отырып, олардың функцияларын кеңейту және олардың базасында пробация қызметін құру жөнінде ұсыныстар енгізу	ВАК-қа ұсыныстар енгізу	Әділет-мині	2007 жылғы 2-тоқсан	-	-
28	Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалармен басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау тәртібін реттейтін жаңа әдістемелік құжат дайындау	Әділет-минінің бұйрығы	Әділет-мині	2009 жылғы 4 тоқсан	-	-

Елдер	Заңды құрылым ы	Бақылаушы орган	бағыныстылық	Сотталғандар санаты	Бақыл ау мерзімі
Ұлыбритания	пробация	Пробация қызметі	ПМ	Шартты сотталғандар	1-3 жыл
АҚШ	Пробация , интенсивті бақылау пробациясы (ПИН)	Пробация қызметі	Сот жүйесі	Шартты сотталғандар	1-5 жыл (ИБП қосалғанда)
Германия	Жазаны атқарудың шартты кейінге қалдыру	Шартты сотталғандар бойынша судья көмекшісі қызметі	Сот жүйесі	Шартты сотталғандар, мерзімінен шартты түрде бұрын босатылғандар	2-5 жыл
Япония	Жазаны өтеуді кейінге қалдыру	Қорғау бақылау пункті	Әділет министрлігі (ақтау қорғау комиссиясы)	Шартты сотталғандар, мерзімінен шартты түрде бұрын босатылғандар, кәмелетекеуе толмағандар , Түзеу мектептерін ен босатылғандар	1-5 жыл
Нидерланды	Шартты соттау	Шартты сотталғандарды бақылау қызметі	прокуратура	Шартты сотталғандар, жазасын өтегендер	1-3 жыл

3 Қосымша

Пробация есебінде тұрған адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар			
2023 жыл		2024 жыл	
99-бап. Адам өлтіру	1	99-бап. Адам өлтіруге оқталу	1
107- бап. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру	3	107- бап. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру	1
139-бап. Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару	1	108-1-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру	1
187-бап. Ұсақ-түйек жымқыру	7	109-1-бап. Ұрып-соғу	4
187-бап. Ұрлық.	53	128-бап. Адам саудасы	1
190-бап. Алаяқтық.	13	187-бап. Ұсақ-түйек жымқыру	3
191-бап. Тонау	5	187-бап. Ұрлық.	7
200-бап. Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу	5	194-бап. Қорқытып алу	3
293-бап. Бұзақылық	1	202-бап. Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру	2
296-бап. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу	1	256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру	2
346-бап. Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру	1	293-бап. Бұзақылық	2
367-бап. Пара беру	2	296-бап. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу	1
378-бап. Билік өкілін қорлау	2	367-бап. Пара беру	1
426-бап. Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашу	1	378-бап. Билік өкілін қорлау	1
427-бап. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару	3	389-бап. Өзінше билік ету	1
428-бап. Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды	3	427-бап. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару	4

талаптарына бағынбау			
429-бап. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу	1	428-бап. Қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау	2
430-бап. Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау	1	429-бап. Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу	2

4 Қосымша

Пробация қызметімен байланысты қылмытық-құқықтық ықпал етудің түрлері Көрсеткіштер жоғары шамада және пайыздық көрсеткішпен					
Бас бостандығын шектеу	Шарты түрде соттау	Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру	Қоғамдық жұмыстарға тарту	Жазасын өтеуін кейінгі қалдыру	Түзеу жұмыстары
26135 (72%)	4495 (12%)	4290 (11%)	1252 (3%)	667 (2%)	6 (0,02%)

Қазақстан Республикасының жекелеген нормативтік құқықтық актілерінен үзінділер

1. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробация туралы» Заңы.

1-бап. Пробация ұғымы, мақсаты және міндеттері

1. Пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі.

2. Пробацияның мақсаты:

- 1) күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу;
- 2) сотталған адамды әлеуметке қосу;
- 3) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінен босатылған адамды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

3. Көрсетілген мақсатқа сәйкес мыналар пробацияның міндеттері болып табылады:

- 1) өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;
- 2) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың заңмен айқындалған түрлерін орындау;
- 3) өздеріне қатысты сот пробациялық бақылау белгілеген сотталғандарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру;
- 4) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталған адамды босатуға дайындау.

3-бап. Пробацияның негізгі қағидаттары

Пробация:

- 1) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау;
- 2) заңдылық;
- 3) ізгілік;
- 4) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жариялылық;
- 5) өздеріне пробация қолданылатын адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көлемін айқындау және пробациялық бақылауды жүзеге асыру кезінде сараланған және жеке-дара әдіс;
- 6) өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдардың құқыққа бағынушылық және қоғамға пайдалы белсенді мінез-құлқын ынталандыру;

7) пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің өзара іс-қимылы қағидаттарына негізделеді.

5-бап. Пробацияны жүзеге асыру нысандары

1. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға пробациялық бақылау және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысандарында пробация жүзеге асырылады.

2. Пробациялық бақылау пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың өздеріне заң мен сот жүктеген міндеттерді орындауына бақылауды жүзеге асыру бойынша пробация қызметінің және полицияның жұмысын білдіреді.

3. Әлеуметтік-құқықтық көмек – пробацияны жүзеге асыратын субъектілер іске асыратын, өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосуға, әлеуметтік бейімдеуге және оңалтуға бағытталған шаралар кешені.

6-бап. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосу, әлеуметтік бейімдеу және оңалту шаралары

1. Өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарды әлеуметке қосу, әлеуметтік бейімдеу және оңалту:

1) мына мәселелер бойынша әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету:
медициналық көмек алу;
орта білім алу;
кәсіпті меңгеру (кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру);

жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
психологиялық демеуді қамтамасыз ету;
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерді алу;

2) мыналарды:
әлеуметтік-психологиялық және психологиялық консультация беруді;
әлеуметтік патронажды;
тараптардың өзара келісуі жағдайында отбасылық және өзге де әлеуметтік-жағымды байланыстарды қалпына келтіруге көмектесуді қамтитын әлеуметтік байланыстарды қолдау жүйесін қалпына келтіру және қалыптастыру;

3) мыналарды:
келу орнымен қамтамасыз етуді;
оңалту іс-шараларын ұйымдастыруды;
мәдени іс-шараларға қатысуға тартуды;
4) әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша консультациялар ұсынуды қамтитын әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шараларды пробацияны жүзеге асыратын субъектілер іске асырады.

12-бап. Пробация түрлері

Пробация түрлеріне мыналар жатады:

- 1) сотқа дейінгі пробация – сотқа дейінгі баяндаманы дайындау жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;
- 2) үкімдік пробация – бас бостандығын шектеуге сотталған, сондай-ақ шартты түрде сотталған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;
- 3) пенитенциарлық пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген адамдарды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы;
- 4) пенитенциарлықтан кейінгі пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы.

13-бап. Сотқа дейінгі пробация

1. Сотқа дейінгі пробация мынадай күдіктілерге, айыпталушыларға:

- 1) кәмелетке толмағандарға;
- 2) мүгедектігі бар адамдарға;
- 3) әйелдерге:

елу сегіз жастағы және одан асқан әйелдерге;

жүкті әйелдерге;

үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге;

- 4) ерлерге:

алпыс үш жастағы және одан асқан ерлерге;

үш жасқа дейінгі жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге қатысты ерікті негізде қолданылады.

Сотқа дейінгі пробация өздеріне ұйқамақ немесе күзетпен қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған адамдарға қатысты қолданылмайды.

2. Сотқа дейінгі пробация осы баптың 1-тармағында аталған адамның жазбаша өтініші бойынша ол өтініш жасаған кезден бастап жүзеге асырылады.

3. Сотқа дейінгі пробация кезіндегі әлеуметтік-құқықтық көмек осы Заңның 6-бабында санамаланған шаралардан тұрады.

4. Пробация қызметі Заңның 9-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген тәртіппен алынған мәліметтер негізінде сот талқылауы басталғанға дейін сотқа дейінгі пробация қолданылатын адамға ұсынылатын сотқа дейінгі баяндаманы жасайды.

Көрсетілген бағдарламаны іске асыру нәтижелері бойынша, сондай-ақ Заңның 9-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген тәртіппен алынған мәліметтер негізінде пробация қызметі сот талқылауы басталғанға

дейін сотқа дейінгі пробация қолданылатын адамға ұсынылатын сотқа дейінгі баяндаманы жасайды.

Аталған адам сотқа дейінгі баяндаманы дайындауға қатыса алады және оның мазмұны бойынша сотқа дейінгі баяндамада көрсетілуге тиіс өз пікірін айта алады.

5. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, пробация қызметі сотқа дейінгі пробацияны тоқтатады.

14-бап. Сотқа дейінгі баяндама

1. Сотқа дейінгі баяндама – күдіктінің, айыпталушының жеке басының ерекшеліктері туралы ақпарат.

2. Сотқа дейінгі баяндаманың мазмұны кіріспе, сипаттамалық және ұсынымдық бөліктерді қамтиды.

Кіріспе бөлігінде:

- 1) сотқа дейінгі баяндаманың жасалу уақыты, күні және орны;
- 2) сотқа дейінгі баяндаманы жасаған адамның лауазымы, тегі және инициалдары;
- 3) күдіктінің, айыпталушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні, айы, жылы және туған жері көрсетіледі.

Сипаттамалық бөлікте күдікті, айыпталушы туралы мынадай мәліметтер:

- 1) азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сотталғандығының бар-жоғы, оларды сипаттайтын өзге де деректер;
- 3) әлеуметтік мінездемесі;
- 4) жеке басының психологиялық-әлеуметтік тест нәтижелері;
- 5) олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының тәуекелдерін бағалау;
- 6) пробация қызметінің ұсынымдарын ұстануы жазылады.

Ұсынымдық бөлікте адамға жазаны тағайындау және оны орындау кезінде пайдалануға ұсынылатын міндеттер мен шектеулердің үлгі тізбесі көрсетіледі.

Сотқа дейінгі баяндамада жазылған ақпарат пробацияның барлық түрлерін жүзеге асыру кезінде, оның жаңартылғаны ескеріле отырып, пайдаланылады.

15-бап. Үкімдік пробация

1. Үкімдік пробация:

- 1) бас бостандығын шектеуге сотталған адамға;
- 2) шартты түрде сотталған адамға қатысты қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдарға қатысты үкімдік пробация Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 44-бабының қағидалары бойынша пробациялық бақылау нысанында жүзеге асырылады, оның ұзақтығы сот үкімімен немесе қаулысымен айқындалады.

3. Өзіне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адам:

1) сот үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап он тәулік ішінде есепке қою үшін пробация қызметіне келуге;

2) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу шарттары мен тәртібін сақтауға;

3) тіркелу және өзімен профилактикалық әңгімелесу жүргізу үшін белгіленген күндері пробация қызметіне келіп тұруға;

4) тұрғылықты жерінің, жұмыс немесе оқу орнының өзгергені туралы пробация қызметін жазбаша хабардар етуге;

5) өзіне заң мен сот жүктеген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4. Адам пробациялық бақылау шарттарын сақтамаған жағдайда пробация қызметі:

1) бас бостандығын шектеуге сотталған адамға қатысты жазбаша ескерту түрінде жазалау қолданады, ал жазасын өтеуден қасақана жалтарған жағдайда сотқа бас бостандығын шектеудің өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін материалдар ұсынады;

2) шартты түрде сотталған адамға қатысты пробациялық бақылау мерзімін ұзарту туралы не шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы ұсыну енгізеді.

5. Егер пробациялық бақылау белгіленген мерзімнің кемінде жартысы өткеннен кейін шартты түрде сотталған адам өзінің мінез-құлқымен түзелгенін дәлелдесе, онда пробация қызметі сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алу туралы ұсыну жолдайды.

16-бап. Пенитенциарлық пробация

1. Пенитенциарлық пробация қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталған адамға қатысты қолданылады.

2. Сотталған адамды әлеуметке қосу Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес оның қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесіне келген кезінен бастап жүзеге асырылады.

3. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген, жаза мерзімін өтеуге дейін бір жыл қалған сотталған адамға қатысты әлеуметке қосуды қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында жүзеге асырады.

4. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігі жасайды және іске асырады.

5. Әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасы:

1) сотқа дейінгі пробация кезеңінде пробация қызметі әзірлеген сотқа дейінгі баяндаманың (бар болған жағдайда) деректерін;

2) сотталған адамның қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінде болған кезеңіндегі мінез-құлқын сипаттайтын материалдарды;

3) босатылуға дайындалатын адамның талап қою талаптарын өтегені және (немесе) өтемегені туралы мәліметтерді;

4) босатылуға дайындалатын сотталған адамның әлеуметтік байланыстары, оның денсаулық жағдайы, білім деңгейі, еңбек дағдылары, құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың құқықтық тетіктері туралы хабардарлығы жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ сотталған адамның әлеуметтік мінез-құлқын түзеу және табысты әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті өзге де мәліметтерді;

5) босатылуға дайындалатын сотталған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған нақты іс-шараларды;

6) сотталған адам босатылғаннан кейін оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, оның жұмысқа орналасуы және тұрмыстық жағдайы бойынша жоспарланатын іс-шараларды қамтиды.

6. Пенитенциарлық пробация қолданылатын сотталғандардың өтініші бойынша қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігі босатылғаннан кейін өздері таңдаған тұрғылықты жердегі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, олардың:

1) сотталған адамды тіркеу үшін және оған бос орындар туралы ақпарат ұсыну үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарымен;

2) тұрғын үйді жалға алу бойынша мамандандырылған ұйымдармен (агенттіктермен);

3) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер алу үшін қарт адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға жәрдемдесу үшін әлеуметтік қызметтермен өзара іс-қимыл орнатады.

7. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемесінің әкімшілігі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын іске асыру кезінде:

1) пробацияны жүзеге асыратын өзге де субъектілермен босатылуға дайындалатын адамдардың жұмысқа орналасуы және тұрмыстық жағдайы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

2) өзіне қатысты пробация қолданылатын адамдарға Қазақстан Республикасының жұмысқа орналасу және тұрмыстық жағдай тәртібін регламенттейтін заңнамасын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізеді, құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғаудың қолданыстағы құқықтық тетіктері туралы хабардар етеді;

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде әлеуметтік-құқықтық көмек алу көлемі мен тәртібін түсіндіреді;

4) әкімшілік қадағалаудың және пробациялық бақылаудың жүзеге асырылу тәртібі, сондай-ақ оларды бұзудың салдарлары туралы алдын ала хабардар етеді.

17-бап. Пенитенциарлықтан кейінгі пробация

1. Пенитенциарлықтан кейінгі пробация:

- 1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын, өзіне сот әкімшілік қадағалау белгілеген;
- 3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру бас бостандығын шектеуге ауыстырылған;
- 4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру айыппұлға ауыстырылған;
- 5) сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі жаза мерзімін өтеген адамға қатысты қолданылады.

2. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты пенитенциарлықтан кейінгі пробация оның тұрғылықты жері бойынша полиция жүзеге асыратын пробациялық бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуі нысанында қолданылады.

3. Сот әкімшілік қадағалау белгілеген адамға қатысты пенитенциарлықтан кейінгі пробация әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында жүзеге асырылады.

4. Бас бостандығынан айыру жазасы бас бостандығын шектеуге ауыстырылған адамға қатысты пенитенциарлықтан кейінгі пробация осы Заңның 15-бабында көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

5. Осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген адамдарға қатысты пенитенциарлықтан кейінгі пробация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жүгіну арқылы олардың бастамасы бойынша оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету нысанында жүзеге асырылады.

18-бап. Кәмелетке толмаған адамға қатысты пробацияны жүзеге асыру ерекшеліктері

Кәмелетке толмаған адамға қатысты пробация:

- 1) оның дара және жас ерекшеліктері ескеріле отырып;
- 2) отбасын тарта отырып;
- 3) қорғаншылық немесе қамқоршылық функцияларын жүзеге асыратын органдармен және бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып;
- 4) азаматтармен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.

19-бап. Кәмелетке толмаған адамға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру

1. Пробация қызметі:

1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған;
2) шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асырады.

2. Полиция:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 84-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағында белгіленген, өзіне сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасын тағайындаған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асырады.

2. «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығы.

1-параграф. Пробация қызметінің сотталғандардың есебін жүргізуі

4. Пробация қызметі үкімді орындауға алған кезінде:

1) сотталған адамның деректерін бір жұмыс күні ішінде Орталықтандырылған автоматтандырылған деректер базасына (бұдан әрі – ОАДБ) енгізеді;

4) сотталған адамдардың оларға заңмен және сотпен жүктелген міндеттерді орындауын, соның ішінде ішкі істер органдарының (бұдан әрі - ПО) қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелері, сондай-ақ интернет желісіне қосылған қолда бар телекоммуникация құралдары (байланыс құралдары) бойынша ай сайын тексеру жолымен жүзеге асырады.

5. Есепке алу карточкасының және бақылау-мерзімдік карточканың реттік нөмірлері ОАДБ-да тіркелген сот шешімдерінің нөміріне сәйкес беріледі.

6. Номенклатуралық істер сейфтерде немесе мөрленетін жанбайтын металл шкафтарда сақталады.

7. Номенклатуралық істерге сотқа дейінгі баяндаманы дайындаумен, сотталғандарды іздеумен, сотқа жолдаумен, сондай-ақ қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны орындаумен байланысты ОАДБ-да электронды түрде техникалық жүргізу қарастырылмаған материалдар тігіледі.

5-параграф. Бас бостандығын шектеуге сотталғандардың пробациялық бақылауын жүзеге асыру тәртібі

62. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу мерзімі Пробация қызметі заңды күшіне енген сот үкімін орындауға қабылдаған күннен бастап есептеледі.

63. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеп жатқандарға пробациялық бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

Сотталғанға сот жүктеген оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеу талаптарын орындауын бақылау үшін Пробация қызметі сотталғанмен бірге оның тұрғылықты жерінде болу кестесін құрады.

64. Пробация қызметі пробациялық бақылаудағы бас бостандығын шектеуге сотталған адамды есепке қою кезінде:

1) сотталғанның тұрғылықты жерін, денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылғандығын анықтайды;

2) сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ оның тіркелу үшін Пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сотталғанға сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін және мәжбүрлі еңбекті орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібін түсіндіреді.

65. Сотталғандарға пробациялық бақылау:

1) қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылықты және жаңа қылмыс жасағанын немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғандығын анықтауға ПО-ның қолда бар есептері, сондай-ақ ҚСЖАЕК аумақтық басқармаларының есептері бойынша сотталғандарды ай сайын тексеруді;

1-1) айына кемінде бір рет тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша мінез-құлықты бақылауды жүзеге асыруды;

2) сотталғандардың тіркелу, өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру және профилактикалық әңгімеге қатысу үшін Пробация қызметі белгілеген күндері пробация қызметіне келу;

3) сотталғандардың мінез-құлқына және олардың сот жүктеген міндеттерін сақтауына, бірлескен профилактикалық іс-шараларды жүргізуге қатысты құқық қорғау және басқа да органдармен және мекемелермен тұрақты негізде ақпарат алмасу арқылы қамтамасыз етіледі.

66. Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды сот шешімі бойынша жазаны өтеудің барлық мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартуды ҚР ҚАК-нің 57, 58 және 59-баптарына сәйкес жергілікті

атқарушы органдар ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтіледі.

67. Бас бостандығынан айыру жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталғандарға қатысты сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі ОАДБ арқылы сотталған тандап алынған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне бір жұмыс күні ішінде есепке қою туралы мәліметтерді жолдайды.

68. Сотталған жазасын өтеу орнына белгіленген мерзімде бармаған жағдайда Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және сотталғанның орналасқан жері анықталмаса, электронды немесе жазбаша түрде сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыным енгізеді.

69. Жазаны өтеу кезеңінде Пробация қызметі сотқа бостандығын шектеуге сотталған үшін бұрын белгіленген міндеттерінің күшін толық немесе ішінара жою туралы электронды немесе жазбаша түрде ұсыным енгізеді.

70. Сотталғанды басқа жұмысқа, оның ішінде басқа жерге ауыстыру Пробация қызметінің келісімімен жүзеге асырылады.

71. Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде сотталғанның ҚР ҚАК 67-бабының 1-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғанын анықтағаннан кейін оны Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды. Сотталған келген кезде Пробация қызметі онымен бұдан былай құқық бұзушылықтарға, сондай-ақ жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу жүргізеді және бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы жазбаша ескерту түрінде жаза шығарады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

72. Қазақстан Республикасы ҚАК 68-бабының 2-тармағында көзделген жазаны өтеу тәртібін қасақана бұзған сотталғанға қатысты Пробация қызметі бұзушылықты анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жолдайды.

Бас бостандығын шектеуді ауыстыру туралы ұсынымда сотталғанның сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қоғамдық тәртіпті бұзуы, сол уақыт ішінде Пробация қызметіне келмеген уақыты, оған қандай ықпал ету шаралары қабылданғаны, оның оған тигізген әсері, сондай-ақ әкелу мен ұстаудың бар-жоғы жөніндегі нақты фактілер көрсетіледі. Ұсынымда жұмыс, оқу және тұратын орнынан мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің сотталғанның мінез-құлқы туралы баянаты, оның өмір салты, сотталғанның түсініктемесі ұсынылады.

6-параграф. Шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі

73. Пробациялық бақылау мерзімі ішінде шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылауды, олардың тұрғылықты жері, жұмыс және оқу орны бойынша Пробация қызметі жүзеге асырады.

74. Пробация қызметі пробациялық бақылауда тұрған шартты түрде сотталған адамды есепке қойған кезде:

1) денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, сотталған адамның жеке басын зерделеуді жүргізеді;

2) сотталғанға әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін, оларды орындамағаны үшін жауапқа тарту тәртібін түсіндіреді.

75. Пробация қызметінің қызметкері сот жүктеген міндеттерді шартты түрде сотталған адамның қалай орындайтынын бақылайды.

76. Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда Пробация қызметі оның орналасқан жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

77. Шартты түрде сотталған адамға қосымша жаза ретінде қоғамдық жұмыстарға тарту және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған кезде Пробация қызметі осы жаза түрінің талаптарына сәйкес іс-шараларды толық көлемде жүзеге асырады.

78. Пробациялық бақылау мерзімі кезінде шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) тіркеуге келген күндері немесе пробация қызметіне шақыртылғанда олардың мінез-құлқы туралы есепті айына екі рет (ауылды жерлерде бір рет) тындайды;

1-1) айына кемінде бір рет тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша мінез-құлықты бақылауды жүзеге асырады;

2) сотталғандар тарапынан қоғамдық тәртіпке, адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық және қайта қылмыс жасауына жол бермеуге шаралар қабылдайды;

3) ай сайын сотталғанды ПО-ның есептері, сондай-ақ аумақтық ҚСЖАЕК органының есептері бойынша өзіне сол үшін әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға қол сұғатын, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық

бұзушылық жасағанына, жаңа қылмыстар жасағанына немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына тексеріс жүргізеді;

4) шартты түрде сотталған адамдардың мінез-құлқына және оларға сот жүктеген міндеттердің сақталуына қатысты құқық қорғау және өзге де органдармен, мекемелермен ақпаратпен алмасуды, бірлескен профилактикалық іс-шаралар жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады.

79. Белгіленген мерзімінің кемінде жартысы өткен кезде Пробация қызметі сотқа электронды немесе жазбаша түрде ұсыным енгізеді.

Ұсынымда шартты түрде сотталған адамның жеке басын, оның мінез-құлқын сипаттайтын деректер баяндалады және шартты түрде соттаудың күшін жою мен сотталған адамнан соттылықты алып тастау туралы мәселе қойылады.

80. Шартты түрде сотталған адам ҚР ҚАК 176-бабының 1-тармағында көзделген бұзушылықтарды жасаған кезде Пробация қызметі сотқа пробациялық бақылауды бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту, ал кәмелетке толмағандарға қатысты алты айдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы электронды немесе жазбаша түрде ұсыным енгізеді.

Бұдан басқа, Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде оны Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды. Сотталған келген кезде Пробация қызметі онымен бұдан былай құқық бұзушылықтарға, сондай-ақ жазаны өтеу шарттарын бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу жүргізеді және осы тармақта көрсетілген бұзушылықтарға қайта жол берген жағдайда шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша ескерту шығарады, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

81. Шартты түрде сотталған адам оған сот жүктеген міндеттерді орындамаған немесе Қазақстан Республикасы ҚАК 176-бабының 1-бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайта жасаған жағдайда, сондай-ақ ол пробациялық бақылаудан жасырынса, Пробация қызметі жазбаша ескерту түрінде жазалау шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау, ал кәмелетке толмаған сотталғанға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа жолдайды.

Ұсынымға шартты түрде сотталған адамның жұмыс орнынан, оқу орнынан және тұрғылықты жерінен берілген мінездеме, Пробация қызметі қызметкерінің шартты түрде сотталған адамның мінез-құлқы, оның өмір салты туралы баянаты, шартты түрде сотталған адамның түсініктемелері қоса тіркеледі.

82. Егер шартты түрде сотталған адам бақылаудан жасырынған жағдайда, Пробация қызметі сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы тиісті ұсынымды электронды не жазбаша түрде жолдайды.

83. Пробациялық бақылау сот үкімінде белгіленген барлық мерзім ішінде жүзеге асырылады. Пробациялық бақылау мерзімі өткеннен кейін Пробация қызметі шартты түрде сотталған адамды өз есебінен шығарады.

84. Пробациялық бақылау мерзімінің өтуі шартты түрде сотталған адамға іздестіру жариялау туралы сот қаулысының негізінде бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізуді бастаған кезден бастап тоқтатылады және сот қаулысы бойынша қайта басталады.

85. Пробациялық бақылау мерзімі шартты түрде сотталған адамды пробация қызметінің есебіне қойған күннен бастап есептеледі.

8-параграф. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылған сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ер адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

88. Сотталған босатылған күні қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметіне босатылған күнін көрсете отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы сот қаулысының көшірмесін электронды немесе жазбаша түрде жолдайды.

Пробация қызметі сотталған келгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны есепке алады және одан әрі оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады.

89. Есепке қою кезінде Пробация қызметі сотталғанмен әңгімелесу жүргізеді, әңгімелесу барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары, оны орындамаған кездегі салдары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны, жаңа қылмыс жасағаны, сондай-ақ баласын тәрбиелеу мен оны күтуден жалтарғаны үшін жауапкершілігі түсіндіріледі, ол туралы қолхат алынады, ол сотталғанның бақылау ісіне тігіледі.

Бұған қоса, сауалнамалық деректері, жақын туыстары туралы мәліметтер және оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да мәселелер нақтыланады және тексеріледі. Әңгімелесу нәтижелері туралы анықтама жасалады, ол қолхатпен қоса номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

Сотталғанды есепке қоюмен қатар баланың тәрбиеленуін және оның күтуілуін бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары хабардар етіледі. Пробация қызметі қызметкерлері қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен бірлесіп, тоқсан сайын тұрғылықты мекенінің жай-күйіне тексеру жүргізеді, бұл туралы үш данада акт жасалады, бір данасы номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

90. Сотталғанды жұмысқа орналастырған жағдайда Пробация қызметі оның жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне электронды немесе жазбаша түрде хабарлама жолдайды.

91. Сотталған босатылған күнінен бастап екі апталық мерзімде келмеген жағдайда, Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын өткізеді және егер сотталғанның болу орны анықталмаған жағдайда, сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын қолдану туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде енгізеді.

92. Сотталғандардың жазаны өтеуін кейінге қалдыру шарттарының сақталуын бақылау мақсатында Пробация қызметі:

1) сотталғандармен, олардың туыстарымен профилактикалық әңгімелер жүргізеді, ҚР ҚАК-нің 11-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес сотталғаннан түсініктеме алады. Олардың тарапынан баланы тәрбиелеу мен оны күту міндеттерінен жалтаруының, қоғамдық тәртіп бұзушылықтар мен қайталап қылмыс жасауының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

2) сотталғандардың баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару, тұрғылықты жері бойынша теріс мінезделу фактілері анықталған жағдайда, қажетті ақпараттар жинақталады және ПО-ның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліністеріне электронды немесе жазбаша түрде жолданады.

93. Сотталғандардың жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттарын сақтамауы мыналар:

1) әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзу;

2) баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтару болып табылады.

94. Осы Қағидалардың 93-тармағында көрсетілген кез-келген бұзушылықтар анықталғаннан кейін Пробация қызметі үш жұмыс күні ішінде сотталғанды Пробация қызметіне шақырту бойынша шара қабылдайды, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан жол берген бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алады, профилактикалық әңгімелесу жүргізеді және жазбаша ескерту жариялайды, ол номенклатуралық іске тігіледі және ОАДБ-ға енгізіледі.

95. Егер сотталған баласынан бас тартса, не баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса, не бақылаудан жалтарса, немесе екі рет жазбаша ескертуден кейін қоғамдық тәртіпті бұзуды жалғастырса, Пробация қызметі бес жұмыс күні ішінде сотталғанның тұрғылықты жері бойынша жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою және сотталғанды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсынымды электронды немесе жазбаша түрде сотқа енгізеді. Ұсынымға жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы сот шешімінің көшірмесі және сотталғанның баланы тәрбиелеуден және оны күтуден жалтаруын растайтын материалдар, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінен мінездемелер, басқа да құжаттар қоса беріледі.

ҚР ҚК 74-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген, жазаны орындаудың кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген не жүктілігі үзілген жағдайларда оны өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы мәселелерді Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 476-бабының 10) тармақшасына сәйкес шешіледі.

96. Егер сотталған бақылаудан жасырынған болса, Пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады.

97. Сот үкімінде көрсетілген кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала өлген жағдайда не жүктілік үзілген жағдайда, сотталғанның тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметі оның мінез-құлқын, баланы тәрбиелеуге қатынасын ескере отырып, сотталғанды жазасының қалған бөлігін өтеуден босату туралы не жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы, не оны қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне жіберу туралы бес жұмыс күні ішінде сотқа электронды немесе жазбаша түрде ұсыным жолдайды.

Ұсынымда сотталғанның жеке басын, мінез-құлқын және жазаны өтеуді кейінге қалдырған кезінде оның баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректері келтіріледі, сот актісімен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімдері көрсетіледі. Ұсынымға жұмыс орнынан мінездеме және басқа да құжаттар қоса беріледі.

13-параграф. Сотталғандарды Пробация қызметінің есебінен шығару тәртібі

114. Сотталғанды Пробация қызметі есебінен шығаруды растайтын негізгі құжаттар:

1) түзеу жұмыстарының, қоғамдық жұмыстарының, бас бостандығын шектеу жазаларының өтелмеген мерзімін өзге жазамен ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

2) шартты түрде соттаудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

3) жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

4) сотталған адамды босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

5) үкімнің күшін жою туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

6) психиканың бұзылуы, ауыр дерт немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу салдарынан босату туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

7) бас бостандығын шектеу жазасынан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы соттың ұйғарымы, қаулысы;

8) рақымшылық немесе кешірім жасау актілеріне сәйкес олардың орындалуы жүктелген құзыретті органдардың құжаттары;

9) жаңа қылмыс жасаған сотталғанға қатысты заңды күшіне енгені туралы өкімімен бірге сот үкімінің көшірмесі;

10) сотталғанның қайтыс болғаны туралы куәлік;

11) сотталғанды жаңа тұрғылықты жері бойынша Пробация қызметінің есебіне қойылғаны туралы ОАДБ-да растау.

115. Қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту түріндегі жазаларды өтеген немесе одан басқа негіздер бойынша босатылған адамдарға анықтама беріледі.

116. Шартты түрде сотталған адамдарды жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату Пробация қызметіне сот шешімдері келіп түскен күні жүргізіледі.

117. Жазасын өтеуді кейінге қалдыру арқылы сотталған адамды есептен шығару сот ұйғарымы, қаулысы келіп түскен күні жүргізіледі.

118. Қоғамдық және түзеу жұмыстарына тарту, бас бостандығын шектеуді жазалаудың басқа түріне ауыстыруға, шартты соттаудың және жазаны атқару мерзімін кейінге қалдырудың күшін жоюға, сондай-ақ жаңа қылмысы үшін соттауға байланысты сотталғанды есептен шығару заңды күшіне енген сот шешімдері негізінде оларды алған күні жүргізіледі.

С.А. Августхан

Қазақстан Республикасындағы пробация институты
Оқу құралы

Басып шығаруға 03 шілде 2025 жылы жіберілді

Пішімі 60х80/16.

Шартты баспа парақтары 6,94

Таралым 500 дана.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы

Құқық қорғау органдарының академиясы»

мемлекеттік мекемесінің баспаханасында басылды.

010078, Ақмола облысы, Қосшы қаласы,

Республика к., құрылыс 94